## Тәрбие-білім беру үдерісінің циклограммасы

**Білім беру ұйымының атауы:** «Қызылжар ЖОББМ»
**Мектепалды** «А» сыныбы
**Балалардың жастары:**5 жастағы
**Жоспарлау күні**<u>08.01-12.01.2023-2024 оқу жылы</u>

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі 08.01** | **Сейсенбі 09.01** | **Сәрсенбі 10.01** | **Бейсенбі 11.01** | **Жұма 12.01** |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу | Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар) | **Эстетикалық құндылықты дәріптеу мақсатында Балалармен «Мектепке барар жолда» әңгімелесу**. Мақсаты: жол ережелері туралы білімді дамыту: жолды тек бағдаршамның жасыл сигналына өтіп, айналаңызға қарап, скутермен | **Эстетикалық құндылықты дәріптеу мақсатында Зияткерлік ойын: «Қайда?», Кеңістіктегі бағдар.** Мақсаты: балалардың есептеу дағдыларын жетілдіру. Санды объектілер санымен байланыстыруды | **Эстетикалық құндылықты дәріптеу мақсатында "Түрлі-түсті доптар" жапсыру.** Мақсаты: дөңгелек және сопақша пішінді кесу, тіктөртбұрыштың бұрыштарын кесу арқылы қайшыны қолдану қабілетін бекіту. Түрлі өлшемдегі түрлі-түсті маталарды, түрлі-түсті қағазды желімдеу қабілетін бекітіңіз. | **Эстетикалық құндылықты дәріптеу мақсатында М.Әлімбаевтың "сыпайылық сабақтары" өлеңін оқу.** Мақсаты: балалардың "өлең" әдеби жанры туралы білімдерін бекіту. Ақындардың шығармашылығы туралы білімдерін | **Эстетикалық құндылықты дәріптеу мақсатында Тақырыптық сурет: "Сыныпты шарлармен безендіреміз"** Мақсаты: дөңгелек пішінді заттарды салу қабілетін және пішінді ескере отырып, қарындашпен бояу дағдыларын бекіту, |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | немесе жол арқылы велосипедпен жүрмеңіз. Қоғамдық көлікте сыпайы мінез- құлық дағдыларын тәрбиелеу (қоршаған әлеммен танысу)<br><br>Балалардың қалауы бойынша жол белгілерін бояуды ұсыну. Мақсаты: қарындаштарды дұрыс ұстау, қарындаштармен сурет салу кезінде саусақтарды қыспау, қарындашты көлбеу ұстау қабілетін дамыту (сурет салу) | үйрену. Геометриялық фигураларды, назарды, қиялды, кеңістіктік көріністерді тануда ойлау әрекеттерін дамыту, қатынастарды нақтылау: солға, оңға, түзу, жоғарыда, астында, арасында, алдында, артында (математика негіздері).<br><br>Балалардың өтініші бойынша 1-ден 5-ке дейінгі сандарды бояуды ұсыныңыз (сурет салу). Шотты қазақ тілінде 5-ке дейін Бекіту (бір, екі, үш, төрт, бес) (қазақ тілі). | **Саусақ гимнастикасы: "Достық"** Біздің топта ұлдар мен қыздар бір-бірімен дос (саусақтар бір-бірімен байланысады) Кішкентай саусақтар біз сенімен бір-бірімізбен доспыз (екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу)бір, екі, үш, төрт, бес (кішкентай саусақтан бастап, бір-бірінің саусақтарына кезекпен тигізу (сөйлеуді дамыту). | бекіту. Қазақ ақыны М.Әлімбаевтың шығармашылығымен таныстыру. Балаларға әдептілік пен мінез-құлық мәдениетінің қарапайым дағдыларын үйрету. Қазақ тіліндегітаныс сөздерді бекіту (рахмет, сәлеметсіз бе, қайырлы таң, сау болыңыз).Балалардың сөйлеу, ойлау, есте сақтау, қиялын дамыту. Тұрақты қызығушылықты тәрбиелеу (көркем әдебиет). | композицияда сурет салу қабілетін дамыту, заттардың өлшемдерін азайту (сурет салу).<br><br>**Ойын-қауымдастық: "Балабақша".** Мақсаты: логикалық ойлауды дамыту, ассоциативті байланыс құра білу (математика негіздері) |
| Ертеңгілік жаттығу | **№ Таңғы жаттығу кешені (қаңтар айы)**<br>Балалар музыка ырғағымен бірінің артынан бірі шеңбер жасап адымдап жүреді. | | | | |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қолды жоғары көтеріп аяқтың өкшесімен жүреді,<br>қолды белге қойып аяқтың ұшымен , аяқтың ішкі жағымен, аяқтың сыртқы жағымен жүреді. Қолды белге қойып тізені жоғары көтеріп жүру, ирелеңдеп жүгіру.<br>1 Б.қ.-негізгі тұрыс,кішкене екі доп ұстап,қолдарын төмен түсіріп тұрады.1-қолды алға созып,доптарды 3 рет бір-біріне ұру.2-б.қ.3-қолдарын жоғары көтеріп,қолдарына қарап,доптарды 1-2-3 деп,бір-біріне ұру.4-б.қ.<br>Б.қ, аяқ арасы сәл ашық,қолды жоғары көтеріп тұру.1-оңға иіліп,доптарды 1-2-3 деп,бір-біріне ұру.2-б.қ.3-солға иіліп,доптарды 1-2-3 деп,бір-біріне ұру.4.б.қ.<br>Бастапқы қалып, аяқ арасы ашық,қолда доп.<br>1дегенде отыру,қолды алға созу.<br>2дегенде тұру б.қ келу.<br>3дегенде отыру.<br>4дегенде б.қ келу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс- әрекетке дайындық | **Комплимент" сәлемдесу**<br>Мақсаты: өзіне деген сенімділікті арттыруға ықпал ету.<br>Балалар допты шеңберге өткізіп, бір – біріне мақтау айтады-бұл адамға айтқысы келетін жағымды, жылы сөздер. (қоршаған ортамен танысу)<br>**Дидактикалық ойын: "Біз қайда болдық".** Мақсаты: жеке тәжірибеден шығармашылық әңгіме құрастыруда жаттығу (сөйлеуді дамыту).<br>Балалардың қалауы<br>бойынша үстел ойындары. | | | | |
| Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекет | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеттері:** Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, «асар», «сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру, балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп | **1.Сауат ашу**<br>Міндеттері: Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің және т.б. дайын суреттерінің сыртын контурдан шығармай бастыру, бояу.<br>**Әдіс-тәсілдер:** | **1.Матем негіздері**<br>Міндеттері: Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.терминдерді қолдану. | **1.Математика негіздері**<br>Міндеттері Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды | **1.Математика негіздері**<br>Міндеттері Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу. Іс-әрект барысында Асар деген не? деген сұрақ қойылып.Асар сөзін талқылаймыз.Түсіндіру жұмысы жүргізіледі. **Асар** — қазақы ортада ауқымды да күрделі жұмыстарды ауылдас-руластарының - жетіаталық экзогамиялық ру-қауымның негізгі құрамдас бөлігі біраталардың бірлесе атқару харекетінің атауы. Мысалы, егіншілік дамыған өлкелерде арық, кәріз қазу, тазалау секілді суландыру жүйесіндегі жұмыстарды, сондай-ақ, үй тұрғызу, қора-қопсы салу сияқты құрылыс | түсіндіру, ашық сұрақ, миға шабуыл әдісі, суретпен жұмыс. **«Ғажайып қалта»** дидактикалық ойынын ұсыну.<br>**Ойын шарты:** Балалар көкөністерді ұстап ажыратулары керек.<br>– Мына қалтада көкөністер бар. Сіздер қолдарыңмен ұстау арқылы қалтадағы көкөністерді ажыратуларың керек. Балалардан қалтада жатқан көкөністерді қандай белгілері бойын-ша ажыратқандықтарын сұрау. А4 қаздарға әртүрлі көкеністердің суреттері беріледі.<br>Геометриялық фигуралардың, көгөністердің дайын суреттерінің сыртын контурдан шығармай бастыру, бояу | **Әдіс-тәсілдері:** Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс.<br>Дәл осындай пішінді тап Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру. Ойынның құрал - жабдықтары: бала саны бойынша құлыптың суреттері, геометриялық пішіндер. Ойынның мазмұны: алдарындағы сиқырлы құлыпты ашуды ұсыну. Құлыптың кілттері де сиқырлы, геометриялық пішіндерден құралған екенін айту. Әр бала құлыпқа сай келетін кілтті алып, құлыпты ашады.<br>**2.Сөйлеуді дамыту Міндеттері: Міндеттері:** Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен | ажырата білуге жаттықтыру..<br>**Әдіс-тәсілдері:** Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс.<br>***Дидактикалық ойыны*** Вагондарға дөңгелек таңдау Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту. Ойынның құрал - жабдықтары: қағазға салынған вагондар, әртүрлі геометриялық пішіндер. Ойынның мазмұны: Балалар вагондарға лайық дөңгелектерді әртүрлі пішіндердің ішінен табады.<br>**2.Қазақ тілі**<br>Міндеттері: Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, | ажырата білуге жаттықтыру.<br>**Әдіс-тәсілдері:** Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс.<br>***Дидактикалық ойын*** Үй құрылысының ретін көрсет Мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту. Құрал - жабдықтары: баланың саны бойынша әртүрлі түсті жолақтар, пішіндер, үй суретінің үлгісі. Мазмұны: Балаларға үйдің суретінің үлгісін көрсету. Балаларға әртүрлі жолақшаларды, пішіндерді таратып беру. Үлгіге қарап осы пішіндерден үйді құрастыруды ұсыну. |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жұмыстарын асар жасау арқылы атқарған. Қазақ ауылында бір отбасының қолынан келмейтін күрделі, көлемді жұмыстарды атқару үшін бірнеше ауылдың адамдары асарға шақырылады. Асарға шақырылғандар еңбегі үшін төлемақы талап етпейді, асарға шақырушы адам оларға жақсы ас әзірлеп, дастарқан жаяды. Ұжымдасып жұмыс істеудің үлкен бір көрінісі деп қарауға болатын тағы бір үрдіс батыс қазақтары тілінде «үме» деп аталады. Шөп шабу науқаны кезінде қыз-бозбаланың және әнші-жыршының жиналатынына байланысты «Үмеге келген үндемей | **2.Көркем әдебиет**<br>Міндеттері: Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Шешендік сөз деген не? **Шешендік сөздер** – қоғам өміріне, табиғат құбылыстарына байланысты терең ой, бейнелі шебер тілмен айтылған халық шығармасы, тапқырлық сөздер мен Тұжырымдар; қазақ ауыз әдебиетіндегі шағын көлемдегі дидактикалық жанр. Жанр мазмұнына қарай шешендік арнау, шешендік толғау, шешендік дау болып үш салаға бөлінеді. Даудың әрқайсысы бірнешеге (жер, жесір, құн, мал, ар даулары) жіктеледі. Шешендік | таныстыруды жалғастыру, «асар», «сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру, балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу. Сүйінші деген не?Сүйіншінің не екенін ұғындыру.<br>**Сүйінші** – *қуанышты хабар әкелушіге берілетін сыйлық*. Дүниеге жас нәресте келуін, келін түскенді, алыстағы сағынған адамның келгендігін, жоғары атақ, үлкен сыйлық берілуін, т.б. қуанышты сәттерді алғаш хабарлаушы сүйінші сұрайды. Сүйіншіге бағалы зат немесе ақша береді.<br>Қуанышты хабар жеткізуші адам | интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.<br>**Әдіс-тәсілдері:** Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс.<br>***"Топтай біл" ойыны.***<br>Мақсаты: Оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, заттарды белгілі бір тақырып бойынша топтай білуге, олардың не үшін қажеттілігін ажыратуға, қатесіз айтуға дағдыландырады. Мәселен: сәбіз, қияр, алма, түйе, жылқы, | **2.Қазақ тілі**<br>Міндеттері Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.<br>**Әдіс-тәсілдері:** Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс.<br>***"Суреттерді есіңе сақтап ал".***<br>Бұл ойын үшін алдын ала 10-12 сурет дайындау қажет. Әр суретте бір заттың суреті болу керек. Ойынды бірнеше балалардың арасындағы жарыс түрінде өткізуге |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалмайды» деген мақал туған. **Әдіс-тәсілдері:** Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс. Ал балалар асардың не екенін түсінсек ұжымдасып бірлесіп киіз үй құрлысын бірге құрап үйренейік. **«Қазақ халқының ұлттық киіз үйінің құрылысын ата және орналастыр»** **Мақсаты:** Балаларға ұлттық киіз үйдің құрылысын білуге үйрету. Өлең жолдарымен қимыл-қозғалыс түрлерін жасап киіз үй құру. Сөздік қорларын молайту. **Көрнекілік:** киіз үй құрылысы жасалған карточкалар топтамасы, киіз үй үлгісі **Ойын шарты:** | арнау бата, тілек, әзіл-сын, көңіл айту, естірту, т.б. нұсқалардан тұрады. Шешендік толғауға қоғам, заманға байланысты тағылым-тәрбиелік мәні бар тақпақ, термелер жатады. **Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, ашық сұрақ, миға шабуыл әдісі, суретпен жұмыс. «Балық аулайық» Мақсаты: берілген суреттерді атап, сөйлем құрауға үйрету. Шарты: балықты аулап, ондығы берілген суреттерді байланыстырып сөйлем құрау. Бата беріп отырған атаның суреті. **Бата**[1][2], бата беру — адал ниет, жақсы тілек білдірудің ұлттық дәстүрі. Дастар қан басында, түрлі жиын-тойларда, | «сүйінші-сүйінші» деп келеді. Мұндайда қуанышты үй иесі «қалағаныңды ал» дейді. Немесе оған риза болатындай сыйлық ұсынады. Бұл қуанудың, ризалықтың белгісі. Сүйінші сұраудың да, оның сүйіншісін алудың да ешқандай сөкеттігі жоқ. Халқымызда біреу екінші адамға жақсы хабар жеткізіп қуантса, сүйінші кәдесін алатын салт бар. Бұрынғы әдет-ғұрып заңы бойынша жоғалған қымбат затты тауып, не оның қайда екенін көрсеткен, не ұрыны ұстаған адамдар иесінен сүйінші дәметкен, егер иесі бұны беруден қашқақтаса, биге жүгінуге хақылы болған. **Әдіс-тәсілдері:** Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, | жүзім, картоп т.б. сөздер беріледі. Оқушылар бұл сөздерді топтап айтасы: Сәбіз, кияр, картоп-көкөністер. **3.Көркем әдебиет** **Міндеттері:** Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. **Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, ашық сұрақ, миға шабуыл әдісі, суретпен жұмыс Балалар біз санамақ туралы білеміз бе? **Санамақ** — қазақтың жас балаларға (4 — 7 жас) арналған ұлттық ойыны. Зеректікті, ептілікті пен икемділікті қажет ететін ойындардың қатарына жатады. Сандарды қайталап айтқызу арқылы балаға алғашқы | немесе баламен өзіңіз жарыссаңыз болады-кім көбірек суретті есіне сақтап қалар екен. Ойыншылар суреттерді 2-3 минут ішінде мұқият қарап шыққан соң, суреттер алып тасталынады. Содан кейін барлығы естеріне сақтап суреттерді атай бастайды. Кезекпен бір суреттен атауға болады. Соңына басқалары әлі атамаған суретті кім атаса, сол жеңіп шыққан болып саналады. **3.Қоршаған ортаны тану** Міндеттері: Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласы, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балаларға киіз үй құрылысын ретімен атауға, киіз үй шаттық шеңберін орындауға үйрету, тоқпақ жолдарын іс-қимыл келтіріп орындау. Киіз үйді құрастыру, карточкаларды топтастыру.<br>**Шаттық шеңбері**<br>Үлкен шеңбер құрамыз,дөңгелене тұрамыз,<br>Керегені кереміз,уықтарды іленіз<br>Айналамыз-ойнаймыз, киіз үйді құрамыз!<br>**2.Сауат ашу**<br>Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің және т.б. дайын суреттерінің сыртын контурдан шығармай бастыру, бояу.<br>**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, ашық сұрақ, миға шабуыл әдісі, | т.б. адам өмірінде кездесер ірілі-ұсақты қуаныштар кезінде той, қуаныш иесіне арнап қол жайып, бата береді. Сондай-ақ, қиын сапар, алыс жолға аттанған азаматына ақ жол тілейтін халқымыздың ежелден келе жатқан, кең таралған дәстүрлерінің бірі.<br>**Төле би бабамыздың Қойгелді батырға берген батасын балалармен бірге жаттау.**<br>Жүрген жерің жаз болсын,<br>Айдыныңа қаз қонсын.<br>Ұйқың-күлкің аз болсын,<br>Мерейің мақтанып,<br>Елің-жұртың мәз болсын.<br>Жая берген жапырақ,<br>Атсын таңың жарқырап.<br>Әумин! | топтық жұмыс.<br>Балалар сүйінші сөзінің мағынасын түсінсек ұлттық дәстүрімізде киіз үйің үлесі зор сондықтан алдыңғы іс-әрекетімде өтілген дидактикалық ойынды жалғастырайық.<br>**«Киіз үйдің жиһаздары мен жабдықтарын ата»**<br>**Мақсаты:** Балаларға киіз үйдің ішін жабдықтарын атай білуге, олардың қолдануға қандай пайдасы бар екенін білуге үйрету. Суретті карточкаларды әр балаға беріп, жұмбақтап жасырып, атын шешуін айту арқылы көрсету тапқырлыққа үйрету. Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Сөздік қорларын молайту.<br>**Көрнекіліктер:** жиһаз суреттері көрсетілген топтамалар, хатқалта<br>**Ойын шарты:** әр бала жиһаздарды қолына тиген карточкалардағы бейнеге қарап, жұмбақтап | матем. дәріс — санауды үйретеді. Санамақ айтылғанда әр санның атына бір ұқсас сөз қосылып айтылады.<br>«Қол соғу»<br><br>Мақсаты: Тез, дәл қимыл жасау, есту қабілетін жетілдіру, ретімен санауды, жатқа айтуды қалыптастыру .<br><br>**Санамақ**<br><br>- Адамда қанша бауыр бар?<br>- Біреу.<br>- Қанша өкпе бар?<br>- Екеу.<br>- Бір тоқсанда неше ай бар?<br>- Үшеу.<br>- Есеп шығаратын амал қанша?<br>- Төртеу.<br>- Күнде оқылатын намаз қанша?<br>- Бесеу. | жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын байыту.<br>**Әдіс-тәсілдері:** Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс.<br><br>***"Бір-бірінің айтқанын қайталау"***<br>Бұл ойынды бір немесе бірнеше баламен ойнауға болады. Бірінші ойыншы кез-келген сөзді айтады, екіншісі соны қайталайды да, оған өзінің ойындағы бір сөзді қосып айтады. Сөйтіп, әр ойыншы естіген сөздерді қайталап, оған өз сөзін қоса береді. Қателескен ойыншы ойыннан шығады.<br>**4.Музыка**<br>**Міндеттері:**<br>Әртүрлі сипаттағы |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | суретпен жұмыс.<br>Дидактикалық ойын: «Төлін тауып бер»<br>Мақсаты: Үй жануарлары мен олардың төлдерінің ажыратуға үйрету.<br>Құралдар: Үй жануарлары мен төлдерінің кесінкі лото карточкалары.<br>Шарты: Әр баланың алдында үй жануарлардың суреті жатады. Үстелдің ортасында үй жануарларының төлдері.<br>Тапсырма: Жануарлар (балалармен бірге атап шығады) күнде жайлауға, өріске шағады, төлдері үйде (қорада) қалады. Төлдері ойнап жүргенде шатасып кетті. Төлдерді енелеріне тауып қою керек. Жауабын түсіндіреді.<br>А4 қаздарға төлдердер | **3.Қоршаған ортаны тану**<br>**Міндеттері:** Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласы, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын байыту<br>**Әдіс-тәсілдері:** Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс.<br>**Дидактикалық ойын: «Бәйтерек» құрастыру .**<br>**Мақсаты:**Елордамыз Астана қаласы және Бәйтерек туралы мағұлмат беру.<br>**Қорытынды:**Бүгінгі оқу қызметімізде | жасырады, жауабын басқа балалар шешіп табу қажет, осылайша жиһаздар жинағын топтастырады .<br>Сандық-сундук: онда әжемнің түрлі-түсті матасыда бар, әшекейлерде сақталған<br>Бесік- колыбель: менің кіп кішкентай інім күні бойы сонда таңулы, анам оған ән айтып тербетеді, уатады, ұйықтатады<br>Төсек- кровать: кеш батқан соң барлық бала тәтті ұйқыға жатады, дем алады<br>Төсеніш- ковровая дорожка: бөлмеде жерге төселген түрлі- түске бөлінген<br>Сөре- полка: кітаптарым ретімен орналасқан оның бойына<br>Шифоньер: киімдерім ілулі, ілгіште тұрады, есігі оның жабық болады<br>**3. Сауат ашу**<br>Міндеттері:<br>Геометриялық | - Әлемде қанша құрлық бар?<br>- Алтау.<br>- Бір аптада неше күн бар?<br>- Жетеу.<br>- Малда қанша жілік бар?<br>- Сегіз.<br>- Домбыраның пернесі қанша?<br>- Тоғыз.<br>- Цифрлар қанша болды?<br>- Он.<br>Міне өстіп жаңалап<br><br>Айтып шықтық санамақ.<br><br>**4.Музыка**<br>Міндеттері: Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>«Музыкалық сағат» | әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>**Әдіс-тәсілдері:** Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс.<br><br>«Тыңда да таны», ойыны<br>Ойынның мақсаты: Балалардың еске түсіру және есте сақтау қабілетін дамыта отырып, өздерін еркін сезіне білуін қалыптастырады.<br>Суретте бейнеленген аспаптардың атауын, түрін, түсін айыра білуге дағдыланды.<br>Ойынның шарты: Балалар зал ішінде кең, еркін,белгілі бір |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мен көкеністердің суреттері беріледі.Төлдер қандай көкеніс жейтінін балалардан сұрау ақылы сурттерді таркатып беру. Геометриялық фигуралардың, көгөністердің дайын суреттерінің сыртын контурдан шығармай бастыру, бояу<br>**3.Жапсыру**<br>Міндеттері:<br>**Әдіс-тәсілдері:** Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс.<br>«ҰҚСАС ЗАТТЫ ТАП» ОЙЫНЫ.<br><u>Ойынның тәрбиелік мәні.</u><br>Үшбұрыш, төртбұрыш, дөңгелекке ұқсас заттарды тауып, атын атай білуге үйрету. Баланың түстерді, пішінді ажыратудағы | еліміздің еркіндігі туралы айтылды.Қазақстан Республикасы рәміздері жайлы олардың қандай болатынын білдік. Қазіргі заманда, тәуелсіз елде,бейбітшілік заманда сіздер бүлдіршіндер бақыттысыңдар.<br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Міндеттері:** Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу.<br>**« Паравоз » №1.**<br>**Мақсаты:** Балалардың бірінің артына бірі тіркеліп тұрып паравоз сияқты жүруге, өлең жолдарын қайталап айтуға үйрету. | фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің және т.б. дайын суреттерінің сыртын контурдан шығармай бастыру, бояу.<br>**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, ашық сұрақ, миға шабуыл әдісі, суретпен жұмыс.<br>Дидактикалық ойын: «Дауысынан таны»<br>Мақсаты: Тыңдау, есті қабілеттерің одан ары қарай жетілдіру.<br>Құралдар: Таспаға жазылған құстардың дауыстары (торғай, сауысқан, тоқылдақ, көгершін,)<br>Шарты: таспа қосылып құстардың дауыстары кезек - кезек қойылады. Балалар таныс құстарды естеріне түсіріп, атауын айтып беру керек. Тәрбиеші дұрыс табылған құстың суретін тақтаға қояды. А4 қаздарға құстар мен жемістердіңсуреттері беріледі. Геометриялық фигуралардың, | Ойын материалы: Қатты картоннан істелінген сағат.<br>Ойын барысы: Музыкалық жетекші балаларға таныс әннің әуенін ойнайды және әуенді тыңдап болғаннан кейін балаларға қай әннің орындалғанын сағат тілімен көрсетуді ұсынады. «Жасыл шырша», «Биші болам өскенде», «Біз бақытты баламыз», «Домбыра сазы», «Аяз ата», «Жаңбыр» «Сылдырмақ». Әннің басын тыңдағаннан кейін бір бала шығады да тыңдалған әуенге сәйкес келетін картинаны сағаттың тілімен көрсетеді. Ойын сағаттағы суреттерді айналып келгенше жалғасады. | қалып жасап, аспаптардың суреттері арқылы жұп болып тұрады. Музыка ойнаған кезде жүгіріп ортаға келіп, би қимылдарын орындап,музыка аяқталған сәтте өз орындарына, яғни жұптарын тауып, бастапқы қалыпқа тұра қалу керек. |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ой-қиялын дамыту. <u>Ойынға басшылық.</u> Тәрбиеші үш түрлі - ▲●■ пішіндерді көрсетіп, аттарын сұрайды. Оларды атаған соң, түстерін сұрайды. Бұдан кейін балаларға тапсырма береді. Тәрбиеші: - таратып берілген суреттерге қарандар, мен үшбұрышты көрсетем, соған ұқсас сурет тауып көрсетіндер (төртбұрышты көрсетеді, дөңгелекті көрсетеді). Балалар өздеріндегі ұқсас затты көрсеткенде, олардан не екенін, түр-түсін сипаттап айтуды талап етеді (ұшбырышты сызғыш, үйдің төбесі). – топ бөлмесінде үшбұрышқа ұқсас зат бар ма? Тік төртбұрыш: кітап, портфель, | **Мазмұны:** Қатар-қатар тұрайық,<br>Кәне, кәне, сұрайық.<br><br>Кімнің болса бойы ұзын<br><br>Паравозы пойыздың<br><br>Кімнің, апай, бойы ұзын<br><br>Паравозы ол пойыздың?!<br><br>Тәрбиеші бойы ұзын баланы көрсетеді. Сол бала<br><br>паравоз болып алда тұрады. Ал қалғандары соның<br><br>артынан ұстап тұра бастайды.<br><br>Ал, паравоз баста алға,<br><br>Бәрімізді басқар да!<br><br>Пш-пш, пш-пш!-біз | жемістердің дайын суреттерінің сыртын контурдан шығармай бастыру, бояу<br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Міндеттері:** Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу.<br>**« Ақ қоян »№3**<br>**Мақсаты:** Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу.<br>**Ойын мазмұны:** Балалар шеңбер жасап тұрады да, ал бір бала ортада қоян болып отырады. Шеңбердегі балалар қол ұстасып қоянды айнала жүріп тақпақ айтады.<br><br>Ақ қоян-ау, ақ<br><br>Орныңнан тұрсаңшы<br><br>Шашыңды тарасаңшы | | |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | терезе, есік, т.б.<br>Дөңгелек: доп, алма, апельсин, шар, т.б.<br>Үй пішінін жапсыру.<br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Міндеттері:** Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу.<br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Кім зейінді?»<br>Ойынның шартын түсіндіреді.<br>Капитанның артынан төрт тізбекке тұру.<br>Спорт түрлеріне байланысты төрт командаға бөлінеді (балалардың қалауы бойынша).<br>Капитандардың қолдарында доп болады (төрт капитан – төрт түсті доп).<br>Балалар зал бойынша жүгіріп жүріп, белгі | кеттік<br><br>Жүрісті біз гулетіп<br><br>Жүрісті біз гулетіп<br><br>Гу-гу, гу-гу, гуілдеп<br><br>Қалып қойма бірінде<br><br>Пш-пш, пш-пш!-біз кеттік жүрісті біз үдеттік. | Бетіңді жусаңшы<br><br>Әй-әй көйлек кисеңші.<br><br>Біреудің қолын үзсеңші-<br><br>Дегенде қоян болған бала тақпақтағы айтылған қимылды түгел істеп өлең, бітісімен жүгіріп барып шеңберді бұзуға тырысады. Егер бала шеңберді үзсе өзі шеңберге қосылып тұрады да үзілген жердегі оң жақтағы бала қоян болады. | | |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | берілгенде тізбекке келіп тұрады. Сонан соң көздерін жұмады, осы кезде капитандар орындарын стырады. Белгі бойынша өз капитандарын жылдам табулары және капитанның артына бір тізбекке тұрулары тиіс немесе малдас құрып отырады, өкшемен отырады | | | | |
| Серуенге дайындық | Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру. Киіну: жүйелілік, серуендеуге шығу, ережелерді сақтау, балалармен жеке әңгімелер жүргізу | | | | |
| Серуендеу | **Бақылау:** Торғайды бақылау. **Мақсаты**: Қыста құстардың көпшілігі жылы жаққа ұшып кетеді,торғай қыстап қалатын құс,оның қысқы тіршілігі туралы түсінік қалыптастыру, құстарға қамқор болуға баулу. **Еңбек:** Құстарға жем шашу. | **Бақылау:** Күнді бақылау. **Мақсаты:** Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру. **Еңбек:** «Қыс қызығы». **Мақсаты:** Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын | **Бақылау:** Бұлтты бақылау. **Мақсаты**: Қыста аспанды сұрғылт бұлт басады, бұлттың салдарынан қар жауады т.б. түсіндіру. Зәулімде тұрағы<br><br>Тіреусіз тұрады.(Бұлт). **Еңбек:** Көшедегі қар жинаушы машиналардың жұмысын | **Бақылау:** Өсімдіктердің қысқы тіршілігін бақылау. **Мақсаты:** Қыста өсімдіктердің өсуінің тоқталатынын, ағаш қабығы оларды суықтан сақтайтыны жөнінде түсінік беру. **Еңбек:** Ағаштардың түбіне қар үю. | **Мақсаты:** Қыс мезгілінің ерекшеліктерін айту. Қар-түсі ақ, ұстасаң қолың тоңады, жылыға ериді.Ойлау қабілетін дамыту.<br><br>**Тақпақ:**Аппақ көше, бар дала,<br><br>Аппақ ой мен қыраттар. |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Мақсаты:**Қыста құстарға аяз қорқынышты емес, аштық қорқынышты болатынын түсіндіру. Оларға қамқор болу, аяушылықпен қарауға баулу.<br>**Жеке жұмыс:** «Торғай» тақпағын жаттату.<br>Торғай,торғай тоқылдақ<br>Жерден дәнді шоқып-ап,<br>Бөтекесі бұлтыйып,<br>Шиқ-шиқ етіп отырмақ..<br>**Мақсаты:** Балаларға тақпақ жаттата отырып, сөздік қорларын молайту, есте сақтау қабілеттерін арттыру.<br>**Қимылды** | алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс:** Ақ сандығым ашылды,<br>Ішінен жібек шашылды.(Күн)<br>**Мақсаты:** Балаларға жұмбақтарды жаттата отырып, тіл байлықтарын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Қимылды ойын:** «Айгөлек».<br>**Мақсаты:** Денені шынықтыру, шапшандыққа ,<br>ептілікке баулу. | бақылау.<br>**Мақсаты:** Қар тазалаушы машиналардың адам үшін пайдасының зор екендігін айту.Еңбекті дәріптей білуге үйрету.<br>**Жеке жұмыс:** Бір халық аспанда ұшқан, аяғы жоқ,<br>Ұстаған қолдарында таяғы жоқ.<br>Күніне талай жерге кетер кезіп,<br>Нәрсенің бұл секілді саяғы жоқ. (Бұлт)<br>**Мақсаты:** Балаларға бұлт туралы түсінік қалыптастыра отырып, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>**Қимылдық ойын:** «Мені қуып жет».<br>**Мақсаты:** Шапшаңдыққа үйрету. Денені ширату арқылы денсаулықты | **Мақсаты:**Үйілген қардың пайдасын түсіндіру.Көктемде қар еріп суға айналатындығын, су өсімдіктерге қорек болатындығын айту.<br>**Жеке жұмыс:** Т.Елеусізұлы. «Қысқы қарағай».<br>Қысқы аязға қарамай,<br>Көгеріп тұр қарағай.<br>Сол секілді төзімді<br>Болсам деймін өзімді.<br>**Мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту. Есте сақтау қабілетін дамыту.<br>**Қимылдық ойын:** «Тасымалдау ойыны».<br>**Мақсаты:** Топтасып, тату ойнауға шақыру. | Ақ шатырлы қар қала,<br>Ақ жамылып тұр бақтар.<br>**Ойын:** «Қардан түрлі бейнелер жасау».<br>**Мақсаты:** Ойынға қызығушылығын арттыру.<br>**Еңбек:** Ағаштар түбіне қар үю.<br>**Мақсаты:** Еңбексүйгіштікке тәрбиелей отырып, үйілген қардың маңызы туралы түсінік беру.<br>**Жеке жұмыс:** «Қыс қызығы»тақырыбында әңгіме құрату.<br>**Мақсаты:** Сөздік қорын дамыту, ойын<br>жүйелеп жеткізе |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ойын:** «Аттамақ». **Мақсаты:** Денені шынықтыру, шапшандыққа , ептілікке баулу. | | нығайту. | Ептілікке баулу. | білуге үйрету. |
| Балалардың дербес әрекеті | **«Көңілді грамматика» үйірмесі « Дыбыстар әлемінде.** Мақсаты: дыбыстар (дауысты және дауыссыз дыбыстар) туралы түсініктерін қалыптастыру; «сөйлеу дыбысы» ұғымын беру; балаларды ұзақтығы бойынша әр түрлі дыбыстарды тануға үйрету (сауат ашу негіздері). Пластилинді ұсыныңыз әртүрлі заттарды мүсіндеуге арналған. (мүсіндеу) техникалық дағдыларын бекіту. | | | | |
| Балалармен жеке жұмыс | **Сөйлеудің дамуы.** С», «З» дыбысын бекіту ойынша жеке жұмыс (Кәусар,Айсұлтан) | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | ***Ата –аналарға кеңес*** - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз мектепке тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. | | | | |

Сканировано с CamScanner

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**

Мектепалды сыныбы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспар қай кезеңге жасалды: 15.01–19.01 2024 оқу жылы

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 13.01 | Сейсенбі 14.01 | Сәрсенбі 15.01 | Бейсенбі 16.01 | Жұма 17.01 |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | **Біртұтас тәрбие бағдарлама аясында қаңтар «Заң және тәртіп» айы**<br>**ҚР Әнұранын айту.**<br>**Күй күмбірін тыңдау.**<br>**Жеке қауіпсіздік**<br>«МЕН АДАСЫП КЕТКЕНДЕГІ БЕС ҚАРАПАЙЫМ КЕҢЕС»<br>https://www.youtube.com/watch?v=ho7aj-l1u3E&list=PLA5eCSY2FeoQFtmGao7lWQuIA-hK_6ODD&index= 4 | «Мен өзім және басқалар туралы не ойлаймын» әңгімелесу<br>Мақсаты: балалардың өз іс-әрекеттері мен іс-әрекеттерін, сондай-ақ келісілген сөйлеуді талдау қабілетін дамыту; әр түрлі грамматикалық дизайндағы сөйлемдерді ерікті түрде құруға үйрету.<br>(Сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу) | «Күш-дұрыс емес» этикалық әңгімелесу<br>Мақсаты: балаларды топтың өмірінен, балалардың сүйікті мультфильмдері мен ертегілерінен әртүрлі жағдайларды қарастыруға шақыру.<br>(Сөйлеуді дамыту + сыртқы әлеммен танысу) | «Біз бәрін білеміз, бәрін істей аламыз» әңгімелесу<br>Мақсаты: белгілі бір жағдайларда мінез-құлық ережелерін бекіту; қабылданған ережелерге сәйкестігі тұрғысынан өз іс-әрекеттерін талдау; өз ойлары мен тұжырымдарын түсіндіру.<br>(Сөйлеудідамыту + сыртқы әлеммен танысу) | «Кітапқа қалай қарау керек» этикалық әңгімелесу<br>Мақсаты: балаларға кітаптарды жөндеу шеберханасында жұмыс тәжірибесіне сүйене отырып, кітапқа немқұрайлы қарау кезінде не болуы мүмкін екенін айтуды ұсыну; «Сүйікті ертегілерге иллюстрация» тақырыбында сурет конкурсын ұйымдастыру.<br>(Сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу) |
| Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру | Өнегелі 15 мин.Ересектердің баланың мінезін қалыптас тыруға әсері туралы ата-аналармен әңгімелер.<br>Ата-аналардың сұрауы бойынша кеңес (жеке) | Өнегелі 15 мин. «Жаман мінез-құлық артында не жатыр» тақырыбында әңгімелесу.<br>Мақсаты: ата-анадан баланың үйдегі мінез-құлқы туралы білу. | Өнегелі 15 мин. «Бұзақылық пен еркелік» тақырыбындағы жеке әңгімелесулер. Мақсаты: ата-аналардың бұзақылық пен еркелік арасындағы айырмашылық туралы түсінігін қалыптастыру | Өнегелі 15 мин. Баланың агрессивтілігі және онымен қалай күресу керектігі туралы ата-аналармен әңгімелер.<br>Сауал бойынша жеке кеңес беру | Өнегелі 15 мин. Ересектердің баланың мінезін қалыптас тыруға әсері туралы ата-аналармен әңгімелер.<br>Ата-аналардың сұрауы бойынша кеңес (жеке) |
| Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық,сю жетті рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды | «Қораптар» дидактикалық ойыны<br>Мақсаты: заттарды түсіне қарай көзбен салыстыру қабілетін жетілдіру.<br>(Математика +шығармашылық)<br>Құрылыс материалдары бар ойындар «Қандай ғимарат кірады?»<br>Мақсаты: зейінді, логикалық ойлауды дамыту; геометриялық фигураларды тану және атау.<br>(Құрастыру + математика)<br>«Пошташы» аз қимылды | Дидактикалық ойын «Сол қолымда не, оң қолымда не бар»<br>Мақсаты: бағдарды бағыттар бойынша, қағазға, көрнекі зейінге, көз жадына бекіту.<br>(Математика +сөйлеудідамыту)<br>«Зоологиялық лото» үстел-баспа ойындары<br>Мақсаты: аңдардың аттарын, зейіні мен есте сақтау қабілетін бекіту. (Қоршаған ортамен танысу + сөйлеуді дамыту)<br>«Табу және айналып өту» аз | Дидактикалық ойын «Сүңгуірлер» жаттығуы<br>Мақсаты: ауызбен дем алу және мұрынмен дем шығару қабілетін бекіту; дифферен циалды тыныс алуды дамыту.<br>(Сөйлеуді дамыту + дене шынықтыру)<br>«Сәулетші» құрылыс материалымен ойындар<br>Мақсаты: қатар құру және құрылыс жоспарын құру қабілетін жетілдіру.<br>(Математика + құрылыс) | Дидактикалық ойын «Мен істей аламын-істей алмаймын»<br>Мақсаты: балалардың өз денесінің физикалық мүмкіндіктеріне қатысты дағдыларын дамыту; өзін-өзі бағалауға тәрбиелеу.<br>(Қоршаған ортамен танысу + дене шынықтыру)<br>«Іздесең табасың» үстел ойындары<br>Мақсаты: жылдың жекелеген уақыттарына тән белгілерді | «Баспасөз конференциясы» дидактикалық ойыны<br>Мақсаты: тиімді қарым-қатынас дағдыларын дамыту; қарым-қатынас жасауға, басқа балалармен байланысқа түсуге деген ұмтылысты тәрбиелеу; берілген тақырыпқа түрлі сұрақтар қою, әңгімені қолдау.<br>(Қоршаған ортамен танысу + сөйлеуді дамыту)<br>«Пазл» үстел-баспа ойындары<br>Мақсаты: зейінді, табандылықты дамыту. |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| қарау және басқалар) | ойыны<br>Мақсаты: бір-бірімен байланысу қабілетін жетілдіру; ұжымда достық қарым-қатынасты тәрбиелеу.<br>(Қоршаған ортамен танысу + сөйлеуді дамыту) | қимылды ойыны<br>Мақсаты: көлемді немесе жазықтық түріндегі затты есту арқылы анықтау және есте қалпына келтіру. (Қоршаған ортамен танысу + сөйлеуді дамыту) | «Салат» аз қимылды ойыны<br>Мақсаты: жемістер мен көкөністердің атауларын бекіту; есте сақтау қабілетін, зейінін дамыту. (Қоршаған ортамен танысу + сөйлеуді дамыту) | ажырата білудағдысын бекіту.<br>(Қоршаған ортамен танысу + сөйлеуді дамыту) | (Қоршаған ортамен танысу + математика) |
| Ертеңгілік жаттығу | Жаттығулар кешені | Жаттығулар кешені | Жаттығулар кешені | Жаттығулар кешені | Жаттығулар кешені |
| ҰІӘ дайындық | «Не жоқ екенін тап» дидактикалық ойыны<br>Мақсаты: зейінді, есте сақтауды дамыту.<br>Презентация көрсету «Ыстық Африка жануарлары»<br>Мақсаты: әртүрлі елдердің жануарлар әлемінің әртүрлілігін көрсету.<br>(Қоршаған ортамен танысу + сөйлеуді дамыту) | «Қазақстанның жануарлары мен құстары» дидактикалық ойыны<br>Мақсаты: жануарлар мен құстардың аттарын бекіту, оларды суреттегі кескінмен байланыстыру. (Қоршаған ортамен танысу + сөйлеуді дамыту)<br>«Қазақстан-менің туған елім» әнін тыңдау<br>Мақсаты: Қазақстанның музыкалық шығармашылығымен таныстыру.<br>(Музыка) | «Тап та, көрсет» дидактикалық ойыны.<br>Мақсаты: балаларды жануардың атын айтпай, ол туралы жұмбақ жасыруға үйрету. (Қоршаған ортамен танысу + сөйлеуді дамыту)<br>«Айналамыздағы жануарлар» әңгімелесу<br>Мақсаты: әр жануардың белгілі бір өмір сүру жағдайлары мен тағамға бейімделгендігі туралы түсінік беру; табиғатқа қамқор, ұқыпты қарауға, ол үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу.<br>(Сөйлеудідамыту + қоршаған ортамен танысу) | «Анасы мен баласы» дидактикалық ойыны<br>Мақсаты: балалардың сөздік қорын Африка жануарлары мен олардың балаларының атауларымен толықтыру.<br>(Қоршаған ортамен танысу + сөйлеуді дамыту)<br>«Төртінші артық» дидактикалық ойыны<br>Мақсаты: логикалық ойлауды, дәлелді сөйлеуді дамыту | «Суреттерді ретімен орналастыр» дидактикалық ойыны<br>Мақсаты: балалардың жабайы жануарлар туралы білімдерін бекіту (кім болған, енді кім болды).<br>(Қоршаған ортамен танысу + сөйлеуді дамыту)<br>«Хайуанаттар бағы» дидактикалық ойыны (бояу)<br>Мақсаты: қолдың ұсақ моторикасын дамыту; жабайы табиғат туралы білімді бекіту.<br>(Қоршаған ортамен танысу + сурет салу) |
| Ұйымдастырылған іс-әрекет | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Міндеттері:Сөздегі дыбыстардың ретін,дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау<br>Тақырыбы:Дыбыстық талдау<br>«Қарама-карсы сөздер»ойыны.<br>Артында – ... *(алдында)*<br>Жақында – ... *(алыста)*<br>Аласа – ... *(биік)*<br>Ашық – ... *(жабық)*<br>Үлкен – ... *(кіші)*<br>– Балалар, сөйлем туралы не | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>Міндеттері:Фонемакалық естуді дамыту,сөздегі дыбыстардың орнын анықтау<br>Тақырыбы:Кеме<br>Жұмбақ жасыру.<br>Кеудесінде жаны жоқ,<br>Тамырында қаны жоқ,<br>Май жейді,Су ішеді.<br>Бұл не екен балалар? *(Мәшине)*<br>Аспанда жүзеді, Қанатын | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Міндеттері:Сөздерді дыбыстық талдау;сөздегі дыбыстардың ретін,дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау<br>Тақырыбы: Дыбыстық талдау<br>Жалпы атауын айт» дидактикалық ойыны.<br>Уық, кереге, шаңырақ, текемет – ... *(киіз үй құралдары)*. | **1. Сөйлеуді дамыту**<br>Міндеттері:Сөйлеуде интонациялық мәнерлілік құралдарын қолдану:дауыс қарқынын,логикалық үзіліс пен екпінді реттеу.<br>Тақырыбы:Кім ақылды?<br>Балалар, сендердің достарың бар ма?Достық дегенді қалай түсінесіңдер?Достық – адамдардың бір-бірімен жақсы ниетпен араласуы, | **1.Сауат ашу негіздері**<br>Міндеттері: Сөздегі дыбыстардың ретін,дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау<br>Тақырыбы: Дыбыстық талдау<br>«Сипатынан тап» ойыны.<br>Бұл – жейтін зат. Ақ, тәтті, қатты. *(қант)*<br>Бұл – жеміс. Сары, сопақ, қышқыл. *(лимон)*<br>Бұл – аң. Ақ, мамық, құлағы ұзын. *(қоян)*4.Бұл – ойыншық. |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | білесіңдер?<br>*Дыбыстармен жаттығулар.*<br>Дидактикалық ойын-жаттығу: «Жалауша» Тәрбиеші қандай да бір дыбысты айтады, егер дыбыс дауысты болса, балалар қызыл жалаушаны, егер дыбыс дауыссыз болса, көкжалаушаны желбіретеді.<br>*Дидактикалық жаттығу: «Берілген дыбысқа сөз ойла»*<br>1-тапсырма.Тәрбиеші балаларға «л»дыбысынан басталатын сөздер айтуға тапсырма береді.<br>Мысалы: *лақ, лақтыр, лағыл, лимон, лайк.*<br>2-тапсырма.Тәрбиеші балаларға «м»дыбысынан басталатын сөздер айтуға тапсырма береді.<br>Мысалы: *маймыл, манты,мақ та, махаббат, мал, ми,* мысық, *мылтық, мықты, маржан, Меруерт, минут, мейіз.*<br>3-тапсырма.Тәрбиеші балаларға «к»дыбысынан басталатын сөздер айтуға тапсырма береді.<br>Мысалы: *күрек, күшік, күлкі, кесе, кеше, кеме, көлеңке, көтер, көңіл, көл, көмір, көмбе, көбелек, көлшік, кір, кілем, кілт, күміс.* Ойын соңында кім көп жұлдызша жинаса, сол жеңіске жетеді.<br>Дидактикалық жаттығу: «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз қос»<br>– Мен сендерге сөздер айтамын сендер сол сөзге мағынасымен байланысты дауыссыз дыбыс тардан басталатын сөздер | қақпайды.Жерде де жүреді,<br>Бауырлап жатпайды. *(Ұшақ)*<br>Үтікке міндім,<br>Мұхитта жүздім. *(Кеме)*<br>Бір біріне қара үйлер тіркесіп,<br>Қара тұлпар жүр әрі-бері көшіп.<br>*(Пойыз)*<br>Арқасында ауыл жүр,<br>Ала тайым шауып жүр. *(Автобус)*<br>Көліктер суреті. Бұл заттарды бір сөзбен «көлік» деп атаймыз.<br>Адамдар мәшинемен, автобуспен, пойызбен жерде жүреді. Тікұшақпен, ұшақпен аспанда ұшады, кемемен, қайықпен суда жүзеді.<br>Мынау қандай мәшине? *(Жүк мәшинесі)*Жүк мәшинесі не тасиды?*(Әртүрлі жүктерді тасиды)*Мәшиненің қорабы, кабинасы, дөңгелегі, моторы бар.Мәшинені кім жүргізеді? *(Жүргізуші)*Суда жүзетін қандай көлік түрлерін білесіңдер?*(Кеме, қайық)*<br>Кемеде матростар жұмыс істейді, кемені капитан басқарады. Ыдысқа су құйып, қағаз кемені суға жібереді.<br>Кеме жүзуі үшін не керек?<br>Кеме тез жүзуі үшін үрлеп, толқын жасайық. Енді кемеге ат қояйық. Бүгін ақын Ермек Өтетілеуұлының «Кеме» өлеңімен танысамыз.<br>Сөздік жұмысы:*сағымданған, бұлдыраған түзде шалғай* – өте алыста, көз ұшында. Өлең не туралы?Кемеге жолсерік деп | Сырға, білезік, сақина – ... *(зергерлік бұйымдар).*<br>Асық ату, Ханталапай, Алтыбақан, Ақсүйек, Көкпар, Бәйге – ... *(ұлттық ойындар).*<br>Ірімшік, май, құрт, айран – ... *(сүттен жасалатын тағамдар).*<br>Тұсаукесер, бесікке салу, шілдехана – ... ( *ұлттық салт- дәстүрлер).*<br>1)Дыбыстарды сызбада немен белгілейміз?<br>Дидактикалық жаттығуы: «Белгі бер» Тәрбиеші балаларға (д) дыбысын басқа дыбыстармен араластырып айтады, балалар (д) дыбысын естігенде, қол шапалақтап, дыбыс берулері керек. [А, Б, Д, Т, Р, Б, Л, Д, Ш, Г, Д, Б, К, Д У, Д, С, Д, Ч, Б, Д, Я, Ы, Ф, Д, Б, З, Д, Й, Д, Ц, Д, Б.]<br>Дидактикалық жаттығу: «Кім зейінді?»<br>–Балалар, естіген дыбыстарыңа байланысты буын немесе сөз құрастыр.<br>Мысалы: « а-, -,-ц-,-у-,-к-,-е-,-н-,-г-,-ш-,-щ-,-з-,-х-,-ф-,-ы-,-в-,-а-,-п-,-р-,-о-,-л-,-д-,-ж т.б.»<br>Жұмыс дәптеріменжұмыс<br>Салт дәстүрлердің қандай түрі бейнеленген? Дауыссыз дыбыстан басталатын сөздер ді ата. Алақанды шапалақтап, буынға бөл.Дыбыстық талдау жаса.<br>– Балалар, біз «шашу»сөзіне дыбыстық талдау жасайық. | бірге ойнауы. Достар – бір-біріне жақын, тату адамдар.<br>Балалар, бүгін біз Мәдіхат Төрежановтың «Кім ақылды?» әңгімесімен танысамыз.Сөздік жұмысы: *ерегесіп* – қырсығып, тіл алмай.<br>Балалар, әңгіме ұнады ма?<br>Әңгіме кімдер туралы?<br>Екі бала не істеп жүр еді?<br>Олар неге таласты?<br>Екі баланың қайсысы ақылды екен?<br>Қай іс-әрекетіне қарап ақылды екенін білдіңдер?<br>Әңгімедегі «ойнап», «көпір», «балалар» деген сөздерді буынға бөліңдер.<br>Енді, балалар, біз ақылдылық, батырлық жайлы мақал жаттайық.Ақыл азбайды, Білім тозбайды.<br>Дидактикалық ойын: «Ойлап, тап!»Шарты: Тәрбиеші бірінші буынды айтады, балалар жалғастырады. Мысалы: Ал – ... (ма). Кір – ... (ме).Үлестірмелі материалмен жұмыс.Суреттерді қара. Қай баланың іс-әрекеті дұрыс? Белгіле. Өз таңдауыңды түсіндір.<br>**2.Математика негіздері**<br>Міндеттері:Танымдық қызығушылықтарын,білуге құмарлықты,оқу әрекетіне қызығушылықты дамыту<br>Тақырыбы: Артық,кем,тең<br>Ойындық жағдаят.Әлия мен | Домалақ, үлкен, жеңіл.*(доп)*<br>Дидактикалық ойын-жаттығу: «Жалауша» Тәрбиеші қандай да бір дыбысты айтады, егер дыбыс дауысты болса,балалар қызыл жалаушаны, егердыбыс дауыссыз болса, көк жалауша ны желбіретеді.<br>*Дидактикалық ойын: «Бірінші дыбысты қайтала»(доппен).*<br>Тәрбиеші бірінші дыбысын анығырақ етіп, қандай да бір сөзді айтып, допты балаларға лақтырады, балалар бірінші дыбысты қайталап допты, тәрбиешіге кері лақтырады.<br>Мысалы: *ррррадио(р), уууылдырық(у), ааалма(а), қққасқыр(қ), мммақта(м), қққияр(қ), сссағат(с), қққыс(қ), ааалжапқыш(а), тттышқан(т)* т.б<br>Дидактикалық жаттығу: «Дауысты дыбысты тап»<br>– Балалар, мен сендерге сөздерді айтамын, сендер дауысты дыбыстан басталған сөзді естісеңдер, бір рет шапалақ ұрыңдар.<br>Мысалы: *гүл, жүзім, алма, қатық, апорт, от, пима, Ұлбала, қайшы, ұл, ыдыс, т.б.* Жұмыс дәптерімен жұмыс.<br>Суретке қара. Сызба бойынша үш сөйлем құра.Дыбыстық талдау жаса. Тақтаға сөздер дің сызбасын іледі.*Торт* сөзіне дыбыстық талдау.<br>*Торт* –1 буын, 4 дыбыс.<br>*Ұшақ*сөзінің дыбыстық талдауы. |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айтасыңдар.<br>Мысалы: *жылы... (шұлық), тәтті ...(банан), қатты...( көмір), жасыл.... (шөп)* т.б.<br>Дидактикалық жаттығуы: «Сөз жина, тез жина»<br>– Мен сендерге дыбыстарды айтамын, сендер алақанда рыңды біріктіріп, кесе жасап дыбыстарды жинап отырыңдар. Дыбыстар қалай айтылды, солай жиналуы керек, олардың орнын ауыстыруға бір дыбысты түсіріп алуға болмайды. Сендер сөзді дұрыс жинасаңдар, сол сөздің суреті тақтаданашылады.<br>Мысалы: - «к.ү.й.», - «б.ү.р.», - «ә.н.ш.і.», - «м.а.л.», -«ж.е.л.», - «б.а.қ.а.», - «б.а.л.а.п.а.н.», - «с.ә.б.і.з.», - «а.л.м.а.», - «а.р.б.а.», - «ж.ү.р.е.к.», - «д.ә.р.і.».<br>Жұмыс дәптерімен жұмыс.<br>Суреттерді ата. Ұ дыбысы бар сөздерді буынға бөл.Суретке қарап, сызба бойынша сөйлем құра.Дыбыстық талдау жаса.<br>–Балалар, алдымен таға сөзін анықтап айтайық. Сөзде неше буын бар? Неше дыбыстан тұрады? *Таға сөзінде 2 буын, 4 дыбыс. Тырма*сөзінде *2 буын, 6 дыбыс бар.* Жұмыс дәптерімен жұмыс *(графикалық жұмыс)*<br>Суреттерді штрихта, үзік сызықтардыүзбей бастыр.<br>Үзік сызықтарды бастыр.<br>**2.Математика негіздері**<br>Міндеттері:Таным процесін ерікті реттеу,шыдамдылық, | ақын нелерді айтып отыр?<br>Алыста кемені не шақырады?<br>Үлестірмелі материалмен жұмыс.Көліктерді жолымен сызып қос.Көліктер адамға не үшін қажет?<br>**2.Математика негіздері**<br>Міндеттері:Заттарды әртүрлі белгілері бойынша салыстыра білуге үйрету.<br>Тақырыбы: Артық,кем,тең<br>Ойындық жағдаят.Әлия мен Сырым «Достарды күтеміз!» ойын жаттығуы. Балалар суреті бар кесілген карточкалар жиынтығын алады .Бізге үш қыз келді. Балалар карточка ларды қатарға қояды. Содан кейін 4 ұл. Балалар карточка ларды төмендегі қатарға орналастырады. Балалардың қайсысы көп? Міне, тағы бір қыз келді. Балалар карточка ларды орналастырады. Енді балалар санын қанша деп айтуға болады? (Олар бірдей – тең болды.)Балаларды жұптастырыңыз. Барлығына жұп жеткілікті болды ма? (Балалар карточкаларды жұппен орналастырады.)<br>Дәптермен жұмыс.<br>1-тапсырма. Суреттерге қара. Алманы әр себетпен сызып қос. Салыстыр. Қайсысы артық? Қайсысы кем? Суреттерді қара, біз мерекелік дастарқан жаямыз.Себетке бір-бірден алма сал. Алманы әр себетке қос. – Салыстыр. | Шашу сөзінде неше буын, неше дыбыс бар екен алды мен соны анықтап аламыз.<br>Шашу сөзінде екі дауысты дыбыс бар сондықтанда екі буынға бөлінеді.<br>*Шашу* сөзінде 2 буын, 4 дыбыс бар.*Етік* сөзіне дыбыстық талдау.<br>*Етік* – 2 буын, 4 дыбыс.<br>Киіз сөзіне де дыбыстық талдау.<br>*Киіз сөзінде* 2 буын, 4 дыбыс бар.Жұмыс дәптеріменжұмыс *(графикалық жұмыс)*<br>Суреттерді штрихта.<br>Штрихта.Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.<br>**2.Көркем әдебиет**<br>Міндеттері:Кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну<br>Тақырыбы:Бексұлтанның айға саяхаты<br>Аспанға қарап,Ай көрдім,<br>Төмен қарап,жер көрдім.<br>Оңға, солға бұрылып,<br>Егеменді ел көрдім.<br>Жұмбақ жасыру.<br>Құрама темір, Қолғабысы көп ғұлама темір.*(Робот)*<br>Робот қандай болады? Қимылын көрсетейік.<br>Түнгі аспанда не болады?<br>Бүгін біз Бағдат Мәжитовтың «Бексұлтанның Айға саяхаты» деген қызықты әңгімесімен танысамыз.<br>Сөздік жұмысы:<br>*ғарыш* – аспан әлемі<br>*ғарышкеме* – ғарышкөлігі. | Сырым Ойын жаттығуы. «Біз достарды күтеміз» Балалар санамақтың көмегімен үш топқа бөлінеді. Балалардың әр тобы бірнеше баланы «қонаққа шақырады» (карточкаларды үстелге қояды). Алдыңғы ұйымдас тырылған ісәрекетіндегі тапсырмаға ұқсас, қыздар мен ұлдардың саны салысты рылады.Содан кейін Тәрбиеші қонақтарға мандариндерден (сары шеңберлер) дәм татуды ұсынады. Балалар шеңбер лерді балалардың суреті нің жанына орналастырады. Олардың саны салысты рылады. Қорытынды жасалады. Дәптермен жұмыс.<br>1-тапсырма.Суретте қанша ұл, қыз, үстел және орындық бейнеленгенін сана. Шаршыға сонша нүкте сал. Қыздар көп пе, әлде ұлдар көп пе? Үстел көп пе, әлде орындық көп пе?<br>«Олар да сонша» ойын жаттығуы. Тәрбиеші балалар ға шырша шарларының кесінді суреттерін таратады (№32 парақ). 2-ден 10-ға дейінгі цифрлары бар карточканы көрсетеді, түсін айтады және осы түстегі тағы басқа шарларды шығарып қоюды сұрайды.Содан кейін аз мөлшерде басқа түсті шарларды. Осыдан кейін ол шарларды тең қылып қоюды сұрайды. Ойын бірнеше рет | *Ұшақ* – 2 буын, 4 дыбыс.<br>Жұмыс дәптеріменжұмыс *(графикалық жұмыс)*<br>Суретті штрихта.<br>Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.<br>**2. Көркем әдебиет**<br>Міндеттері:Өлеңді жатқа, мәнерлеп,интонациямен айту.<br>Тақырыбы:Алтын балта<br>Қолыма балта аламын,<br>Орманға өзім барамын.<br>Ренжітпеймін әкемді,<br>Отынды өзім жарамын.<br>*Ғажайып жағдаят*<br>Балалар, мен сиқырлы сандық алып келдім. Оның ішінде не бар екен, көрейік. Тәрбиеші қорапшаның ішінен балтаның суретін алып шығады.<br>Суреттен нені көріп тұрсыңдар? *(Балта)*<br>Ол не үшін керек?Мұндай затты көргендерің бар ма?<br>Балалар, бүгін «Алтын балта» орыс халық ертегісімен танысамыз.Ертегіні оқып, мазмұнын ашу.Сөздік жұмысы:*диірмен* – дәнді дақылдарды ұнға айнал дыратын орын .<br>*балта* – ағаш кесетін құрал<br>Ертегінің мазмұны бойынша *сұрақ-жауап:* Ертегі қалай аталады?Балта не үшін қажет?<br>Кедей қайда барды?Балта қайда түсіп кетті?Судан балта ны алуға кім көмектесті?<br>Диірменші қандай балталар ұсынды?Диірменші неліктен |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұқыптылық,өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға баулу.<br>Тақырыбы:Артық,кем,тең<br>Ойындық жағдаят.Әлия мен Сырым печенье пісірді. Және оны қалай қою керектігін білмейді. Олар печеньелерді қораптарға салуға көмек сұрайды. Әр қорапта (бұл мөлдір файлдар немесе нақты қораптар болуы мүмкін) печенье түрлері (геометриялық фигуралар) көрсетіледі. Тәрбиеші балаларды печенье лерді қораптарға салуға көмек ке шақырады. (Печенье ретінде геометриялық фигуралар қолданылады). Балалар печенье жіктеу ойынына қатысады және печенье пішінін анықтайды, оларды қораптарға жіктеп салады.Тәрбиеші қораптардағы печеньелерді санауды ұсынады. Қораптан бір фигураны шығарады, балалар оларды дауыстап санайды. Қорапта 4 сопақша пішінді печенье бар, 4 цифрын көрсетеді. Басқа қорапта дөңгелек пішінді 4 печенье бар, 4 цифрын көрсетеді.Дөңгелектер саны да бірдей деп айтады.<br>Дәптермен жұмыс.<br>1-тапсырма. Санын ата. Сонша нүктенің суретін сал. Тәрбиеші: Гүлді сол жақ жоғарғы суретке салу үшін мозайканың қанша түрлітүсті бөлшектері қажет болды? (8).Оң жақ төменгі | Қайсысы артық? Қайсысы кем? (Себеттерге қарағанда алма кем.) – Басқаша қалай айтуға болады? (Себеттер алмалардан артық.)Алмұртты әртәрелкемен сызып қос. Қорытынды жаса.<br>Не артық? Не кем? Балалар алмұрт пен табақтарды бірдей – тең деп шығарады.Үлестірмелі материалдармен жұмыс.<br>«Шыршаны безендір» ойын жаттығуы. Тәрбиеші қиылған шырша ойыншықтары мен шырша суреттерін таратады. Әр топ өз шыршасын безендіреді. Тәрбиеші екі түсті 3 шырша шарын таңдауды ұсынады. Балалар шыршаларды безендіреді. Барлық ойыншық тарды санайды. Әрі қарай, Тәрбиеші басқа түсті тағы 2 ойыншық қосуды ұсынады. Балалар ойыншықты қайтадан санайды2-тапсырмаға көшеді. Көжек шыршаға ойыншықтың әр түрінен қаншасын ілді? Сана. Цифрмен сызып қос. Қайсысы артық? Қайсысы кем? Балалар әртүрлі ойыншықтарды өз бетінше санап, тиісті цифрмен сәйкестендіреді. 3-тапсырма. Қанша шырша ойыншығы болса, сонша ұяшықты боя. Қайсысы артық, қайсысы кем, қайсысы тең? Тәрбиеші қорапта қанша ойыншық болса, сонша ұяшықты бояуды ұсынады. Қайсысы артық? Қайсысы тең?Қанша қызыл? | *скафандр* – ғарышкердің киімі.*Сұрақ-жауап:*<br>Әңгіме қалай аталады?Апасы Бексұлтанға қандай ойыншық сыйлады?Бексұлтан досы екеуі сиқырлы роботпен қайда барды?Бастарына не киді?Ғарышта ауа райы қандай болады? Олар Айда кімнің ізін көрді?<br>*Тіл ұстарту жаттығуы:*<br>Ға-ға-ға – біз ұштық Айға.<br>Ойыншығым робот,<br>Тілін өзім білемін.<br>Жасанды темір адамның<br>Басқарамын жүрегін.<br>*Дидактикалық ойын: «Жұлдызды аспан»* (баланың сыни ойлауын дамыту)<br>Шарты: аспан әлемінің денелерін атау. *(Ай, Күн, жұлдыздар)* Үлестірмелі материалмен жұмыс .<br>Оқиғаның жүйесін сурет бойынша әңгімеле. Бексұлтан неге таңғалды?Есіңде сақта.<br>Ай жарығы бүкіл әлемге көрінеді.<br>–Сенің робот ойыншығың бар ма? Онымен қалай ойнайсың?<br>**3.Шығармашылық іс-әрекет**<br>Міндеттері:Құрастыру:табиғи ,қалдық материалдардан құрастыру.<br>Сурет салу:Жаңа түстер және реңктерді бояуды араластыру арқылы шығару.<br>Мүсіндеу:Заттарды қалауы бойынша мүсіндеу | қайталанады. Балалардан шарлардың тең санын қалай алғандығын айтуды сұрайды.<br>2-тапсырма.Шатыр мен үйді жұптастырып, сызып қос. Барлық үйге шатыр жете ме? Тең болуы үшін не істеуге болады?Балалар санайды, салыстырады, санын атайды. Жетіспейтін шатырлардың суретін салады.<br>3-тапсырма.Штрихтауды көрсетілген бағытта орында.<br>**3.Қазақ тілі**<br>Міндеттері:Тілдің грамма тикалық құрылымы.Сөздерді жіктеп,тәуелдеп,септеп қолдана білу.<br>Тақырыбы:Қысқы киім<br>Дидактикалық ойын:«Бұл кім?»Аталған киімдері (көйлек, шалбар, жейде) бойынша баланы табады.<br>Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды: Қазір жылдың қай мезгілі?(Қыс). Қыс қандай? (Қыс суық).Адамдар қыста жылы киім киеді. Жылы, жы-лы. Жылы киім.Қысқы киім жылы. Қысқы киім ...(жылы). Балалар сөйлемді жеке-жеке, хормен аяқтайды.<br>Интербелсенді тақтада компьютерлік ойын: «Қуыршақты киіндіру»<br>Қуыршақ не киді?*Балалар жаңа сөздерді жеке, хормен айтып жаттығады.*<br>Қуыршақ не киді?<br>Қуыршақ күрте киді. | кедейге алтын балтаны берді? Бай не істеді?Ертегі қалай аяқталды?*Балта* сөзіне сөйлем құра.<br>Жарқын болсын күніміз,<br>Елім деп ер жетеміз.<br>Жарқын шығар үніміз,<br>Біз болашақ гүліміз!<br>Үлестірмелі материалмен жұмыс.<br>Ертегінің жүйесін сурет бойынша әңгімеле.<br>Ертегі кейіпкерлерінің қимыл-әрекетін және эмоциясын келтір.Жұмбақты шеш.<br>Әдегеннен тап береді,<br>Тап бергеннен қақ<br>Ескегі бар –жүзбе<br>Ұшудан үміт үзбе<br>Үзік сызықтарды бастырып сыз. Боя.Не артық? Белгіле.<br>**3.Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Міндеттері:Дербестікке тәрбиелеу<br>Тақырыбы:Өнеркәсіптегі адам еңбегі<br>«Түстер мен заттар» ойыны Балалар жан-жақтарыңа қараңдаршы, бізді нелер қоршап тұр?Балалар атайды (заттар, ойыншықтар, жиһаздар).Заттар дың бәрі адамның еңбегімен жасалған. Балалар, «еңбектену» деген сөздің мағынасын қалай түсінесіңдер?Еңбектену – жұмыс істеу, қажеттілік үшін әрекеттену, нәтижеге жету дегенді білдіреді. |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | суретте қанша мозайка бөлшек тері бар? (8).Осы екі суретті сызықпен қос. Олардағы мозайка бөлшектерінің саны туралы не айтасың? (Тең сан).<br>Сол жақтағы екінші қатардағы суреттегі пазлдарды сана. Олардың саны қанша? (7).<br>Пазлдардан құралған тағы сурет бар ма? Онда қанша бөлік бар? (4). –Оларды тең деп айта аласыңба? (Жоқ).Лего конструкторының бөлшектер інің саны пазлдар санымен бірдей болыптұрған суреттерді тап. Балалар тапсырманы орындайды, сандарды салыс тырады.Тәрбиеші нүктелері бар карточканы немесе 5-ке дейінгі тақырыптық суретті көрсетеді. Балалар секіріп, шапалақтап, бірдей мөлшерде қимыл жасауы керек.<br>2-тапсырма. Заттарды жұбымен сызып қос. Сана жәнесалыстыр. Қандайзаттар санызбойынша тең? Балалар әр заттың санын айтады, заттарды жұбымен сызыпқосады: қолшатырлар мен күртелер, телпектермен шарфтар. Салыстырады, қандай зат «артық», қайсысы «кем», қайсысы «тең» деген қорытынды жасайды.<br>3-тапсырма.Бөліктерді сана және сәйкес цифрмен сызып қос. Бөліктері көп суретті әртүрлі түспен боя.Тәрбиеші пазлдардың бөліктерін санауды және тиісті цифрмен сәйкес | Қанша көк? Балалар есептейді, салыстырады, санын айтады. Бояйды.<br>**3.Қазақ тілі**<br>Міндеттері:Балаларды шешен дік өнерге,айтыс өнеріне баулу.<br>Тақырыбы:Менің киімдерім<br>Дидактикалық ойын: «Не артық?». Тақтадағы суреттерді атап, ондағы артық суретті табады. (Жануарлар және көйлек суреттері).Көйлек неге артық?Көйлек – киім.<br>Сендерде қандай киім бар?<br>Қуыршақ киімдері арқылы *жейде, шалбар* сөздерін естеріне түсіру.<br>Көйлек, шалбар, жейде – нелер?<br>Көйлек – киім. Шалбар – киім.<br>Көйлек, жейде, шалбаркиімдер.<br>Мынау – ұзын жең жейде.<br>Мынау қандай жейде?<br>Мынау – ұзын жең жейде.<br>Мынау – қысқа жең көйлек.<br>Мынау қандай көйлек?<br>Мынау – қысқа жең көйлек.<br>Сөйлемдерді айтып жаттығады.<br>*Жең, ұзын* сөздерін дұрыс айтып жаттығу.<br>Ең-ең-жең. Ұұұзын жең.<br>Қа-қа-қысқа – қысқа жең.<br>Суреттермен жұмыс. Дыбыстық жаттығу(айнамен орындалады).<br>Ұ-ұ-ұ-ұ- шұұ-лық – шұлық<br>І-і-і-і- жем-жем-піір- жемпір.<br>Қима материалдар арқылы меншіктеп айтып жаттығу.<br>*Менің жейдем ақ. Менің жемпірім көк. т.с.с.* Қима суреттермен жұмыс. | Жапсыру:Сюжеттік компози циялар жасау,оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау,онда міндеттерді келісіп атқару.<br>Тақырыбы:Ормандағы қоян<br>Көңілді тренинг: «Менің көңіл күйім тамаша».<br>Мақсаты: жағымды көңіл күй тудыру. Балалар оң және сол жақтағы достарына «Менің көңіл күйім тамаша» деп қолдарын кезекпен бұлғау керек.Балалар, бүгін бізді қоян қысқы орманға саяхат жасауға шақырды. Ал кәне, көзімізді жұмып орманның бейнесін көз алдымызға елестетіп көрейік. Диалогті оқу арқылы ашық сұрақтар қоя отырып қыс мезгілі туралы білімдерін мнемокесте сызбасы арқылы нақтылау. Қазір жылдың қай мезгілі? Қыста айнала қандай түске боялады? Қыста аспаннан не жауады? Қардың түсі қандай? Қыс мезгілінде қандай ойын дар ойналады? Орманда қандай аңдарды кездестіруге болады?<br>«Фотоаппарат» ойыны. Аңдарды суретке түсіру кезінде сыртқы ерекшелігіне қарай сипаттау.. Жан-жағына алақ-жұлақ етіп келе жатқан аң? Апанында ұйықтап жатқан аң? Ағаштың басында жаңғағын кеміріп отырған | Тон, күрте, қолғап, құрақшын, етік – қысқы киім.Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады)<br>Ғ-ғ-ғ- ғап-қолғап- қолғап<br>Ұ-ұ-ұ-ұл-құл-құ-лақ-шын.<br>Тақпақ жаттау:<br>Мен естияр баламын,<br>Өзім киe аламын.<br>Көйлегімді, күртемді,<br>Аяқкиім, пәлтемді.<br>Інімді де үйретем,<br>Жөн жобамды көрсетем.<br>Тоңса біздің қолымыз,<br>Қолғап киіп аламыз.<br>Сарт-сарт-сарт<br>Шапалақты соғамыз.<br>Тоңса біздің аяғымыз,<br>Етік киіп аламыз.<br>Топ-топ-топ<br>Топылдатып билейміз.<br>Тоңса біздің денеміз,<br>Тонды киіп аламыз.<br>Шанаменен зулаймыз.<br>Шыңғамыз жалықпай,<br>Коньки,шаңғы тебеміз.<br>Қима суреттермен жұмыс.<br>Дидактикалық ойын: «Қайтала, көрсет».<br>Тәрбиеші киімдерді атайды, балалар сөзді қайталап суретін көрсетеді. Жұмыс дәптерімен жұмыс.Киімдерді ата. Қыста қандай киім киеді? Кім не киеді?Дөңгелектерді сәйкестендіріп боя. Арманның киімі мен Сәуленің киімін сәйкес түспен бояйды.<br>Суреттегі киімдерді айтқызу.<br>*Қыз көйлек киеді.* | Адамдар табыс тауып, отбасын асырау үшін, біреудің және өзінің пайдасы үшін еңбектенеді Әртүрлі салада еңбек ететін адамдарды қалай атаймыз?<br>Жұмысшылар, мамандық иелері, мамандар. Қандай мамандық тарды білесіңдер? Балалар білетін мамандықтары және ата-аналарының мамандықтары туралы айтады. Балалар, біз бүгін өнеркәсіптегі адам еңбегімен танысамыз. Өнеркәсіп – өндіріс орындары, зауыт, фабрикалар. Бұл жерлерде адамға қажет заттар жасалады. Мен сендерге ең тәтті өндіріс туралы айтқым келіп тұр. «Тәтті» өндірісте не өндіріледі?Тәтті өнімдер.<br>Интербелсенді тақтадан «Рахат» фабрикасы туралы бейнебаян көрсетіледі. «Рахат» фабрикасында әртүрлі кәмпит, шоколад, мармелад, вафли, печенье, тоқашпісіріледі.<br>Фабрикада еңбек ететін адамдарды қалай атайды?<br>Кондитерлер. (тәрбиеші «Қазақстан» шоколадын алып шығады). Балалар, шоколадты неден жасайды?<br>Какаодан. Какао – алыстағы Африка жерінде өсетін өсімдік, бұта. Бұтақтарындағы жемістерді теріп, кептіріп, ұнтақтап шоколад жасайтын шикізат алынады. Зауыт, фабрикаларға өнім жасау үшін әкелінетін заттар шикізат деп аталады. Мынау – тігін фабрикасы. Тігін фабрикасында |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тендіруді ұсынады. Содан кейін ол бөліктері көп суретті әртүрлі түстермен боятады.Балалар санайды, қай суретте көп бөліктер бар екенін айтып, сол жақтағы суретті бояйды.<br>Жұптық жұмыс.Әр балада белгілі бір фигуралар жиын тығы бар (шаршы,үшбұрыштар, сопақшалар, дөңгелектер). Тәрбиеші нөмірі бар карточ каны көрсетеді, мысалы,№3. Жұптың әр қатысушысы көрсетілген фигуралар санын орналастырады. Әркайсысында қанша фигура бар? (3)<br>Олардың саны туралы не айтуға болады? (Олар бірдей).<br>Балалар фигуралармен практикалық жұмыс жасайды.<br>**3.Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Міндеттері:Өлі табиғат ұғымымен таныстыру<br>Тақырыбы:Су-тіршілік көзі<br>Айналадағы дыбыстарды тыңдауды ұсынады, судың сылдырлап аққаны, жаңбырдың тысырлап жауғаны, толқынның жағаға ұрған дыбыстары алдын ала жазылған үнтаспадан шығады. Балалар дыбыс шығу аймақтары – өзен, жаңбыр, теңіз екенін тауып, олардың ортақ атауы «су» екенін айтады. Табиғатта су қай жерлерде болады? (Балалардың жауаптары: өзен, көл, тоған, теңіз, бұлақ, жаңбыр түрінде, қазылған құдықта т.с.с) | Дидактикалық ойын: «Қайтала, көрсет».Тәрбиеші киімдердің атауларын жекеше, көпше түрде және олардың түр-түстерін атайды. Балалар сөздерді қайталап, сөзге сәйкес суретті көрсетеді.Мысалы: көйлек, көйлектер, сары көйлек, қысқа жең жейде.Жұмыс дәптерімен жұмыс.Киімдерді ата.Атауында қазақ тіліне тән Ұ дыбысы бар киімдерді қызыл, І дыбысы бар киімдерді көк қарындаштармен белгіле.<br>Киімдерді өз киіміңе сәйкес боя. Сенің киіміңнің түсі қандай?*Менің жемпірім сары. Менің шалбарым көк.*<br>**4.Музыка**<br>Міндеттері:Классикалық,халық тық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру.<br>Тақырыбы:Бұл қай кезде болады?<br>Лирикалық,вальс ырғағында баяу әуендердіқабылдау,әннің сипатына сәйкес би қимылда рын орындай білу.Әннің қарқынының өзгеруін байқау, шығармаларды сипаттай білу. Музыка тыңдау: «Қыс» (Б. Ерзакович).Тәрбиеші балаларға жұмбақ өлеңді оқып, қыс туралы, ондағы құбылыстар туралы сұхбат жүргізу. Тақтада қыс көріністерін бейнелейтін суреттерін көрсету.Бұл жұмбақ өлеңде жылдың қай мезгілі айтылып отыр?Қазір жылдың | сүйкімді аң? Аяғының ұшымен, білдірмей жүріп, құлығын асырып жүретін аң?<br>Үлестірмелі материал.<br>«Ормандағы қоян» тақыры бындағы сюжетті сурет.<br>Балаларға қоянның дене бөліктерін, азығын, айнала сындағы ағашты, жауып тұрған қарды қандай геомет риялық пішіндердің элемент терінен дайындауға болатынын түсіндіру. Сюжеттегі бейнелердің қандай геометриялық пішін дерден дайындалғаны туралы талдау жұмысын жүргізу. Қоянның дене бөліктерін үлгіден қиып дайындап алу. Басын, денесін шаршылардың бұрышын қию арқылы дөңгелек пішінге айналдыру арқылы дайындау. Алдыңғы және артқы аяқтарын, ұзын құлақтарын дөңгелек пішінді екіге бүктеп симметриялы кесінді арқылы кесіп дайындау. Ормандағы қар омбыларында дөңгелектерді екіге бүктеп қию арқылы дайындау. Шыршаның бейнесін шаршының бұрыштарын екіге бүктеп үшбұрыш пішінге келтіріп қию. Қоянның сәбізін пішин нің бұрыштарын қию арқылы дайындау, сабағын қалдық қағаздардан дайындау.Қалдық қағаз бөлшектерінен қар түйіршіктерін жырту тәсілі | *Ұл шалбар киеді.*<br>**4. Музыка**<br>Міндеттері:Музыка тыңдау. Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, көңіл-күйін,динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету.<br>Тақырыбы:Қыс келді<br>*Музыкалық-ырғақтық қимылдар:* «Марш» (Е. Андосов).Балалар марш музыкасымен шеңберде жүріп, аяқты нық басып, бойды тік ұстап, тізені жоғары көтеріп, қолды сермеп, ырғақ пен жүреді. Балалармен қыс туралы және қыста ойнайтын ойындар туралы әңгіме өткізу.<br>*Музыка тыңдау:* «Көңілді балалар әні» (Б. Дәлденбай). Композитор Б. Дәлденбайдың суретін көрсету.Балалардан әннің не туралы айтылып отырғанын сұрау. Әннің көңіл күйін сұрау.Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.<br>*Ән айту:* «Қыс келді» (Б. Жұмабекова).Ән айтар алдында балаларға ән айту ережелерін еске түсіру.<br>*Билер:* «Қоян биі» (В. Питерцев).Үйренген «Зырлайды шанамыз» әнін (М. Маңғытаев) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Жеке және хормен айту.<br>Балалар музыкаға ілесіп | тігіншілер, киім пішушілер, үтіктеушілер т.б. жұмыс істейді. Суретке қарап, киім тігу үшін тігіншіге қажет құралдарды атаңдар. Тігін мәшинесі, қайшы, жіп, маталар т.б.Киім тігу үшін тігін фабрикасына қандай шикізат жеткізіледі?- Дайын мата. Киім әдемі тігілуі үшін көп адамдар еңбек етеді. Дайын матаны жүргізуші мәшинеме жеткізеді, жүкшілер матаны түсіреді. Матаны өлшеп, киімді киім пішушілерпішеді, тігінші тігіп шығарған киімді үтіктеушілер үтіктейді, дайын өнім дүкенге жеткізіледі. Барлық адам бір-бірінің игілігі үшін қызмет жасайды: тігінші тіккен киімді барлығы киеді. Шахтер өндірген көмірді тігінші де, құрылысшы да, кондитер де пайдаланады. Құрылысшы салған үйде тігінші де, шахтер де, басқа мамандық иелері де тұрады.<br>Балалар Қырағыменбіргесуретті қарап шығып, өнеркәсіп жұмыс тарын талқылайды. Оларды адам қалай пайдаланатынын талқылайды. Интербелсенді тақтадан қуыршақ бейнесі шығады, балалармен амандасып, сөйлейді: «Балалар, менің атым – Көркем, мен сендерге ойыншық фабрикасынан келдім».<br>Балалар, қуыршақ Көркемге сыйлық жасайық. Балалар екі топқа бөлініп, 1-топ дайын қағаздардан қуыршаққа арналған киімдер қияды, 2-топ |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бұлтта су бола ма? Ерте заман нан адамдар өмір сүруге ыңгайлы жер таңдағанда, сулы аймақтарға: өзен, көл, теңіз жағалауына жақын орналасуға тырысқан. «Су – тіршілік көзі» ойыны.Жер бетінде су көп болса да, барлығы бірдей ішуге жарамды бола бермейді.Су тұщы және тұзды(ащы) болады. Біз ішу үшін қандай суды пайдаланамыз?–Біз ішу үшін тұщы суды пайдаланамыз.<br>Судың қасиеттерін еске түсірейік:Сумөлдір.Судың дәмі жоқ.Судың иісі жоқ. Судың пішіні жоқ.Су еріткіш.<br>Суреттерді пайдалана отырып, балаларды мәселені зерттеу үдерісіне бағыттау. Балалар судың неліктен «тіршілік көзі» деп аталатынын түсіндіреді. Сусыз адам, жануар және өсімдіктер тіршілік ете алмайтынын еске түсіреді.<br>№1тәжірибе.«Бу – бұл су». Тәрбиеші ыстық су құйылған шәйнекті ашып,балалардың назарын буға аударады. Оның үстіне әйнек ұстайды, әйнекте тамшылар пайда болады. Будың су екендігіне көздерін жеткізеді.<br>№2 тәжірибе. «Су сұйық». Суды бір ыдыстан екінші ыдысқа құяды. Су қандай?Су сұйық, сондықтан ағады.<br>№3 тәжірибе. Суды іскеп көріңдер. Иісі бар ма? Суда иіс жоқ. | қай мезгілі?Қыс сендерге несімен ұнайды?Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу.Ән айту: «Зырлайды шанамыз» (М. Маңғытаев)<br>Үйренген «Қыс қызығы» әнін (И. Нүсіпбаев) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу.<br>Билер: «Испан биі» («Билеп үйренейік» жинағынан). Би қимылдарын үйренуді жалғастыру.Ойындар, хороводтар: «Кешікпе» орыстың халық әуені (өңдеген М. Раухвергер).<br>1-4 такт. Балалар әр бағытта жүгіреді.<br>5-6 такт. Орындарында тұрып, алақандарын шапалақтайды.<br>7-8такт. Соңғы аккордқа дейін орындықтарға отырып үлгеру үшін, өз орындарына жүгіреді.<br>Музыкалық аспапта ойнау: «Полька» (А. Филиппенко).<br>Бубен, маракас, барабан, қоңырау аспаптарында ойнауды үйретуді жалғастыру. | арқылы дайындау және қоян ның көзін, аузын, мұрнын қажетті түстерді қолдана отырып дайындау. Дайын кесілген пішіндерді қағаз бетіндегі кеңістікті бағдарлай отырып орналастырып жапсыру. Балалар шығармашылығы.<br>**4.Дене тәрбиесі**<br>Міндеттері:Кеудеге арналған жаттығулар.Допты жоғарыдан бір-біріне беру.Қолды алға көтеріп оңға,солға бұрылу.<br>Тақырыбы:Ұлы есімдер<br>Бір-бірден тізбекке сап түзеу, саппен жүру, бірден-екіден қайта сап түзеп тұру, жүру, жүгіру.Жүру, жүгіру кезінде Динамикалық жаттығу.Жүру, жүгіру кезінде спорттық жаттығулармен кезектестіріп, түрлі бастапқы қалыптарға тұрады: «малдас құру»,отыру, отырып тірену, жатып тірену, етпетінен жатып, шалқалап жатып оң (сол) тіземен тұру.<br>3 тізбекке сап түзеу.Жарыс түрінде негізгі қимылжаттығу ларын орындау.Қолға доп ұстап жатып етпетінен арқаға аунап ілгері қозғалу.Команда ойыншыларының аяғының арасынан еңбектеп өту.<br>Бірінші ойыншы ілгері бір қадам жасап, аяғын иық деңгейінде ашып, қолын беліне қойып, бастапқы қалыпқа тұрады. Екінші ойыншы оның аяқтарының | қоянның «шөп жұлу», «ұрку», «айбат көрсету» секілді қимылдарын үйренеді.<br>*Ойындар, хороводтар:* «Кешікпе» орыстың халық әуені (өңдеген М.Раухвергер).<br>*1-4 такт.* Балалар әр бағытта жүгіреді.<br>*5-6 такт.* Орындарында тұрып, алақандарын шапалақтайды.<br>7-8 *такт.* Соңғы аккордқа дейін орындықтарға отырып үлгеру үшін, өз орындарына жүгіреді.<br>*Музыкалық аспапта ойнау:* «Тамшылар» румын халық әні | ермексаздан кәмпиттер жасайды.<br>Қырағының пайымдауы: Өнеркәсіптегі адам еңбегінің елімізді дамытуға зор үлесі бар.<br>Үлестірмеліматериалдармен жұмыс:Қырағыға өнеркәсіптегі адам еңбегі туралы әңгімеле.<br>Тиісті заттарды сәйкестендір. Қай зат артық? Ата.Бұл затты қай жерде жасайды?<br>**4.Дене тәрбиесі**<br>Міндеттері:Спорттық жаттығулар.Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтыру мен,спортпен айналысуға баулу.<br>Тақырыбы: Желаяқтар.<br>Спорт түрлерімен таныстыру.<br>Дайындық жаттығулары.<br>«Дегелек» ойыны.Тізелерін аздап бүгіп, иығын аздап алдыға еңкей тіп, қолдарын төмен салбыратып, алдыға қарап тұрды.Тізесін бүккен бір аяғын көтереді де, шаңғыны көлденең ұстап, кідіріс жасайды.«Дуал саламыз!» ойыны<br>Шаңғымен оң жаққа, сол жаққа сүйем қадамдар жасап жүреді.<br>Бірнеше заттарды айналып, арасы мен шаңғыны сырғыта жүріп өту.<br>Асықсаң сырғу азайып, жылдам дықты жоғалтатынына басты назар аудартү керек.Заттардың арасымен өткенде қауіпсіздікке қатты көңіл бөлу керек.Заттар дың арасымен шаңғымен жүріп өтеді. Қол мен аяқтарының қимылын үйлестіруге тырысады.<br>Шаңғының ұшымен іліп кетпес үшін, заттарға жақындамауға |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | № 4 тәжірибе. Мөлдір ыдыстағы суға 2–3 түйір тасты салады. Тас көріне ме? Су мөлдір.<br>№5тәжірибе. Суды ішіп көріңдер. Дәмі бар ма? Судың дәмі жоқ.<br>№ 6 тәжірибе. Суға қант салып көрейік. Қант қайда? Су еріткіш.<br>№ 7 тәжірибе. Қатты суықта су неге айналады? Су мұз болып қатады.<br>Әңгіме оқу. «Бұлт өзеннен су алса ғана жауады» С.Акаев. Әңгімені талдау.Бұлақ, жылға, өзен суын қайда құяды екен?<br>Көл, теңіздерге құяды не жерге сіңіп кетеді, кейін буланып, аспанға ұшып, бұлтқа айналып, қайта жерге жаңбыр болып жауады. Балалар, суды не үшін қорғауымыз керек? Жер бетінен су жоғалып кетсе не болар еді? Біз суды қорғау үшін қандай көмек көрсете аламыз?<br>Су – тіршілік көзі. Суды үнемдіқолдану керек. Үйдегі краңды дұрыстап жабу керек.<br>Суды ластауға болмайды, қоқыс, қалдықтарды лақтыруға болмайды Үлестірмелі материалдармен жұмыс<br>Қолтауысарға сурет бойынша адамдардың суды қалай пайдаланатынын әңгімеле<br>Сурет бойынша судың қасиеттерін айт Қандай тәжірибе жасағаныңды түсіндір | | арасынан өтіп, алдына дәл сондай бастапқы қалыпқа тұра қалады. Келесі ойыншы да қайталайды. Соңғы ойыншы тұрып болған соң, керісінше орындау басталады.<br>«Тақия тастау» (4рет)<br>Тыныс алу жаттығулары.<br>Қорытынды.Ұлы дала дарқандығы.Ұлы дала кереметі. | | тырысады.<br>«Мұқият бол!» ойыны.Жасыл жалау көтерілсе – жүреді, қызыл көтерілсе – шұғыл тоқтайды.<br>Мимикалық жаттығулар. |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **4.Дене тәрбиесі**<br>Міндеттері:Жалпы дамытушы жаттығулар.Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар.<br>Тақырыбы:Жігіттер сайысы<br>Негізгі қимылдар:Кеудеге арналған жаттығулар.Спорттық жаттығулар. «Кім шапшаң?»<br>Командалар сап түзеу шапшаң дығынан жарысады. Балалар бірнеше тізбекке сап түзейді. Белгі бойынша шашырап кетіп, қалауынша қимылдар жасайды. Олар өз орнын жаттап алуы керек. Қайтадан белгі бергенде өз орнына тез келіп тұра қалуы керек.Қамшымен қимыл жаттығуларын музыка әуенімен орындау: балалар атпен қамшы ұстап шабуды келтіріп қимыл жасайды. Аяқтың ұшымен, өкшемен, қамшыны әртүрлі ұстап қимылдайды.Омыртқа ның қисаюы мен жалпақтабан ның алдын алу.Қамшымен жалпы дамыту жаттығуларын жасау. Жарыс түріндегі негізгі қимылдарды орындау.«Ең ептілер». Баспалдақ сатыла рының арасымен жорғалау.<br>Белгі бойынша алғашқы ойыншы баспалдақ сатыла рының арасымен жорғалайды, модульды айналып өтіп дәл сол тәсілмен қайта қайтып, қолын дағы қамшыны келесі ойын шыға береді. «Қаңбақтар»<br>Фитболды заттардың арасынан ирек жолмен алып жүру. | | | | |
| Серуенге | Өз бетінше киіну және белгілі | | | | |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| дайындық | бір ретпен шешіну, заттарыңызды шкафқа дұрыс орналастыру және ұқыпты бүктеу, сондай-ақ әр түрлі бекіткіштерді қолдану қабілетін бекіту | | | | |
| Серуен | Ауа-райын бақылау<br>Мақсаты: зейін мен байқауды дамыту.<br>Еңбек қызметі: қар төбешігін салу<br>Мақсаты: еңбекқорлық пен ұжымдық жұмыс істей білуге тәрбиелеу.<br>«Ауа-райын сипатта» дидактикалық ойыны<br>Мақсаты: сөйлеуді, байқауды дамыту.<br>«Өзіңе жұп тап» қимылды ойыны<br>Мақсаты: сигнал бойынша қозғалыстарды орындау қабілетін дамыту, тез жұппен тұру.<br>Еркін ойындар.<br>(Қоршаған ортамен танысу + дене шынықтыру + сөйлеуді дамыту) | Қар мен тәжірбиелік іс-әрекет<br>Мақсаты: сыртқы түрі мен сезімі бойынша қардың қасиеттерін анықтауға үйрету.<br>Еңбек қызметі: кіре берісті қардан сыпыру.<br>«Жануарды тамақтандыр» дидактикалық ойыны<br>Мақсаты: аталған жануарлардың не жейтіні туралы білімді бекіту; сұрақтарға тез жауап беру қабілетін дамыту.<br>«Күрес» қимылды ойыны<br>Мақсаты: реакция жылдамдығын,ептілігін дамыту. Еркін ойындар<br>(Қоршаған ортамен танысу + дене шынықтыру + сөйлеуді дамыту) | Кіші топтағы балаларды бақылау<br>Мақсаты: байқампаздықты дамыту, кішілерге қамқорлық көрсетуге үйрету.<br>Еңбек қызметі: ғимараттарды қардан тазарту.<br>«Сипаты бойынша тап» дидактикалық ойыны<br>Мақсаты: байқауды, зейінді, есте сақтауды дамыту.<br>«Шанамен сырғанау» спорттық жаттығуы<br>Мақсаты: шанаға дұрыс отыруға үйрету.<br>Еркін ойындар<br>(Қоршаған ортамен танысу + дене шынықтыру + сөйлеуді дамыту) | Жол қиылысын бақылау<br>Мақсаты: Жол қозғалысы ережесі туралы білімді бекіту.<br>Еңбек қызметі: қар ғимараттарынан қарды түсіру.<br>Дидактикалық ойын «Бұл қай кезде болады?»<br>Мақсаты: жыл мезгілін белгілерге сәйкес анықтау қабілетін қалыптастыру.<br>«Үкі» қимылды ойыны<br>Мақсаты: кеңістікте бағдарлауды, ептілікті, зейінді дамыту. Еркін ойындар<br>(Қоршаған ортамен танысу + дене шынықтыру + сөйлеуді дамыту) | Құстарды бақылау<br>Мақсаты: қыста құстардың өмірі туралы түсінік қалыптастыру.<br>Еңбек қызметі: аумақты қардан тазарту.<br>Мақсаты: еңбек тапсырмаларын ұқыпты және мұқият орындауға үйрету.<br>«Тірі табиғат» дидактикалық ойыны<br>Мақсаты: жабайы табиғат объектілерін жіктеуге үйрету.<br>«Құстар мен мысық» қимылды ойыны<br>Мақсаты: секіруді, зейінді, ептілікті дамыту.<br>Еркін ойындар.Қоршаған ортамен танысу + дене шынықтыру + сөйлеуді дамыту) |
| Серуеннен оралу | Жуыну, шешіну, киіну кезінде дағдыларды қалыптастыруды жалғастыру; жуыну әдістерінде жаттығу: жеңді түру, қолды сабынмен сабындау, сумен жуғаннан кейін қолдағы суды түсіру. Өзіндік ойын әрекеті.<br>(Сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу) | Жуыну, шешіну, киіну кезінде дағдыларды қалыптастыруды жалғастыру; жуыну әдістерінде жаттығу: жеңді түру, қолды сабынмен сабындау, сумен жуғаннан кейін қолдағы суды түсіру. Өзіндік ойын әрекеті.<br>(Сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу) | Жуыну, шешіну, киіну кезінде дағдыларды қалыптастыруды жалғастыру; жуыну әдістерінде жаттығу: жеңді түру, қолды сабынмен сабындау, сумен жуғаннан кейін қолдағы суды түсіру. Өзіндік ойын әрекеті.<br>(Сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу) | Жуыну, шешіну, киіну кезінде дағдыларды қалыптастыруды жалғастыру; жуыну әдістерінде жаттығу: жеңді түру, қолды сабынмен сабындау, сумен жуғаннан кейін қолдағы суды түсіру. Өзіндік ойын әрекеті.<br>(Сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу) | Жуыну, шешіну, киіну кезінде дағдыларды қалыптастыруды жалғастыру; жуыну әдістерінде жаттығу: жеңді түру, қолды сабынмен сабындау, сумен жуғаннан кейін қолдағы суды түсіру. Өзіндік ойын әрекеті.<br>(Сөйлеуді дамыту + қоршаған ортамен танысу) |
| Балалармен жеке | «Дүкен» сюжетті-рөлдік ойыны<br>Мақсаты: заттарды жіктеу; | «Ветеринарлық клиника» сюжетті-рөлдік ойыны | «Суретті жина» дидактикалық ойыны (бөлінген суреттер) | «Хайуанаттар бағы» сюжетті-рөлдік ойыны | Дидактикалық ойын «Кімнің енесі?» |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| жұмыс | сюжетті дамыту; ойын ережелерін орындау. (Қоршаған ортамен танысу + сөйлеуді дамыту) К. И. Чуковскийдің «Ұрланған күн» ертегісін оқу Мақсаты: ертегіде айтылған жануарларды атау. (Көркем әдебиет) «Ойыншықтардүкені» дидактикалық ойыны Мақсаты: ойыншықты сын есімдерді қолдана отырып, қандай да- бір белгілері бойынша сипаттау. (Сөйлеуді дамыту) | Мақсаты: балалар арасындағы бірлескен ойын әрекетінде мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеу. (Қоршаған ортамен танысу + сөйлеуді дамыту) Дидактикалық ойын «Жануарлар қайда тұрады?» Мақсаты: жануарлардың үйлері туралы білімді бекіту, оларды дұрыс атау (ұя, ін, апан). (Қоршаған ортамен танысу + сөйлеуді дамыту) «Түрлі-түсті қарындаш» жаттығуы Мақсаты: қарындашты дұрыс ұстау, суретті көлеңкелеу қабілетін бекіту. (Сауат ашу негіздері + сурет салу) | Мақсаты: зейінді, ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (Математика) Құрылысматериалдары бар ойындар Мақсаты: өз іс-әрекетін жолдастың іс-әрекетімен үйлестіру. (Жобалау) «Санау» дидактикалық ойыны Мақсаты: заттарды санау кезінде жаттығу. (Математика) | Мақсаты: жабайы табиғат, олардың өмір сүру жағдайлары туралы білімдерін кеңейту; ойын ережелерін орындау. (Қоршаған ортамен танысу + сөйлеуді дамыту) «Солтүстік және Африка жануарлары» дидактикалық ойыны Мақсаты: жануарларды тіршілік ету ортасы бойынша жіктеу дағдыларын дамыту. (Қоршаған ортамен танысу + сөйлеуді дамыту) «Мен сияқты жаса» дидактикалық ойыны Мақсаты: Имитациялық қозғалыстарды орындауға үйрету. (Дене шынықтыру) «Lego» ойыны (робототехника сабақтарына дайындау үшін) «Піл және керік» Мақсаты: хайуанаттар бағының тұрғындары туралы білімді бекіту; Лего конструкторынан жануарларды (піл мен керікті) салуға үйрету. (Құрастыру+сөйлеуді дамыту) | Мақсаты: жабайы жануарлар мен олардың күшіктері туралы білімді бекіту. (Қоршаған ортамен танысу + сөйлеуді дамыту) Солтүстік пен Африканың жабайы табиғаты туралы жұмбақтарды шешу Мақсаты: Солтүстік және Африка жануарларының аттарын бекіту. (Сөйлеуді дамыту + Көркем әдебиет) «Суреттерді өз жабықхатына сал» дидактикалық ойыны Мақсаты: заттарды әртүрлі қасиеттерге топтастыру: пішіні, түсі, мөлшері. (Математика) |
| Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуника тивтік,шы ғармашы лық,экспер | Қарым-қатынас дағдылары Дидактикалық ойын «Дыбыстық сағат?» Мақсаты: берілген дыбысы бар сөздерді анықтауға және атауға үйрету | Шығармашылық дағдылар, зерттеу қызметі «Үлкен және кіші сәбіз» жаттығуы Мақсаты: конус тәрізді пішіндерді айналдыруға машықтану | Әлеуметтік-эмоционалды дағдылар «Мерекеге қонаққа бару» дидактикалық ойыны Мақсаты: қоғамдық орындарда мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру | Танымдық және зияткерлік дағдылар «Допты лақтыру» дидактикалық ойыны. Африканың, Солтүстіктің аңдарын(құстарын) анық ата» Мақсаты: жануарлардың атын | Қозғалыс қызметі «Қай жерде шырылдайды?» қимылды ойын Мақсаты: кеңістікті бағдарлау дағдысын дамыту |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| иментальдық ,еңбек,қимыл,бейнелеу,дербес және басқалары) | | | | бекіту | |
| Балалардың үйге қайтуы | Айболит кеңестері: «Балалар жарақатының алдын алу». Мақсаты: денсаулықты нығайту мәселелерінде ата-аналарға психологиялық-педагогикалық білім беру. «Баланы қысқы серуенге дайындаймыз», «Қысқы ойындар мен ойын-сауық» кеңестері | «Мектепке барар жолда» ата-аналар жиналысы (ток-шоу) Мақсаты: дербестік пен бастамашылықтың ойын қызметі арқылы мектеп мен отбасының бірлескен жұмысын ұйымдастыру. | «Бала өміріндегі рөлдік ойын» стендтік кеңестер Мақсаты: ата-аналар арасында балаларды тәрбиелеу мәселелері бойынша педагогикалық білімді тарату | «Абайлаңыз, көктайғақ», «Аязды ауа-райы туралы ата-аналардың алты қате түсінігі» стендтік кеңестер Мақсаты: ата-аналар арасында балаларды тәрбиелеу мәселелері бойынша педагогикалық білімді тарату. | «Экран алдындағы бала», «Тыйымдар мен шектеулер» жеке кеңестер. Мақсаты: ата-аналарды балалардың телехабарларды көру ережелерімен таныстыру; балалардың бос уақытын ұйымдастыру үшін ата-аналардың жауапкершілігін дамыту |

Сканировано с CamScanner

**Тәрбие-білімберуүдерісініңциклограммасы**

**Білім беру ұйымының атауы:** Қызылжар ЖОББМ
**Мектепалды** «А» сыныбы
**Балалардың жастары:**5жастағы
**Жоспарлаукүні:**22.01-26.01.2023-2024оқужылы

| **Күнтәртібі** | **Дүйсенбі22.01** | **Сейсенбі23.01** | **Сәрсенбі24.01** | **Бейсенбі25.01** | **Жұма26.01** |
|---|---|---|---|---|---|
| Балалардықабылдау | Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| Ата-аналарменнемесебаланың басқа заңдыөкілдерімен, кеңес,әңгімелесу | Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | | | | |
| Балалардыңдербесәрекеті(баяуқимылды,үстелүстіойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қараужәнебасқалар) | **Ұлттық құндылықты дәріптеу мақсатында «Көтермек»** Ортаға екі ойыншы бала шығады.Бір-біріне арқаларын беріп тұрады. Белгі бойынша кім бірінші бірін-бірі арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді. Жеңіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен бірге күш сынасады. Ойын осылай жалғаса береді. | **Эстетикалық құндылықты дәріптеу мақсатында Зияткерлікойын:« Жұбын тап» Мақсаты:** геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту. **Құрал-жабдықтары:** әртүрлі ретте орналасқан геометриялық пішіндердің суреттері. **Мазмұны:** Балаларға геометриялық пішіндер | **Эстетикалық құндылықты дәріптеу мақсатында** "Асхана" ойыны. Ойынның мақсаты: "Асхана" тақырыбына байланысты сөздерді қайталау. Ойынның шарты: Тақтаға аспазшының суреті және тақырыпқа байланысты сөздер ілінеді. Сынып екі топқа бөлінеді. Қай топ тақырыпқа байланысты көп сөз тапса, сол топ жеңген болып шығады. Керекті сөздер: Аспаз------------Балық | **Ұлттық құндылықты дәріптеу мақсатында «Сақина жасыру»** Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді. Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне ала-қандарын жаяды. Бастаушы жұмулы қолын әрбір ойыншының алақанына салысымен, ол бала алақанын жаба қояды. Бастаушы бір баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен - «Сақина кімде»-деп сұрайды.Осы сәтте | **Эстетикалық құндылықты дәріптеу мақсатында** "Қожанасыр қоржыны"ойыны. Ойынның мақсаты: Оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Қазақ тіліне деген қызығушылықтарын арттыру. Ойынның шарты: тақтаға қоржын ілінеді. Бұл қоржын Қожанасырдың қоржыны, оның іші сыйлықтармен толы екенін айтып, |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | орналасқан суреттерді тарату. Үлгі ретінде бір суретті көрсетіп, дәл осындай суреттің жұбын табуды ұсыну. Суреттердің дұрыстығын тексеру үшін оларды салыстыру. | Шанышқы-----Тұшпара<br>Палау------------Ботқа<br>Тәрелке---------Кесе<br>Сүт---------------Шәйнек<br>Ет-----------------Қасық<br>Дәмді-----------Сорпа<br>Тәтті-----------Ас | сақинаны алған ойыншы «менде» деп орнынан тұруы керек. Ал әрбір ойыншы өзінің оң жағындағы көршісі үшін жауап береді. Сондықтан сақина кімде екенін ешкім білмесе, ойыншылар бірін-бірі ұстап тұрғызбауға тырысады. Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді | оқушыларға тапсырмаларды тарату. Егер оқушы тапсырманы дұрыс орындаса, қоржыннан сыйлық ұтып алады. Ойынның алдында сергіту сәтін өткізуге болады:<br>Кел, балалар, келіңдер,<br>Тамашаны көріңдер.<br>Бізде қызық ойын бар,<br>Барлығың ден қойыңдар.<br><br>Тапсырмалардың үлгілері: сөздерді қазақшаға аудар:<br>Кошка, дом, школа, библиотека, наш, большой, мы, огород, овощи, рыба. |
| Ертеңгілікжаттығу | **Таңғыжаттығукешені (қаңтар айы)**<br>Балалар музыка ырғағымен бірінің артынан<br>бірі шеңбер жасап адымдап жүреді.<br>Қолды жоғары көтеріп аяқтың өкшесімен жүреді,<br>қолды белге қойып аяқтың ұшымен , аяқтың ішкі жағымен, аяқтың сыртқы жағымен жүреді. Қолды белге қойып тізені жоғары көтеріп жүру, ирелеңдеп жүгіру.<br>1 Б.қ.-негізгі тұрыс,кішкене екі доп ұстап,қолдарын төмен түсіріп тұрады.1-қолды алға созып,доптарды 3 рет бір-біріне ұру.2-б.қ.3-қолдарын жоғары көтеріп,қолдарына қарап,доптарды 1-2-3 деп,бір-біріне ұру.4-б.қ.<br>Б.қ, аяқ арасы сәл ашық,қолды жоғары көтеріп тұру.1-оңға иіліп,доптарды 1-2-3 деп,бір-біріне ұру.2-б.қ.3-солға иіліп,доптарды | | | | |

Сканировано с CamScanner

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">1-2-3 деп,бір-біріне ұру.4.б.қ.<br>Бастапқы қалып, аяқ арасы ашық,қолда доп.<br>1дегенде отыру,қолды алға созу.<br>2дегенде тұру б.қ келу.<br>3дегенде отыру.<br>4дегенде б.қ келу.</td></tr>
<tr><td>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</td><td colspan="5">"Комплимент"сәлемдесу<br>Мақсаты: өзіне дегенсенімділікті арттыруғаықпалету.<br>Балалар допты шеңбергеөткізіп, бір – біріне мақтауайтады-бұл адамға айтқысы келетін жағымды,жылы сөздер. (қоршағанортамен танысу)<br>Дидактикалық ойын:"Біз қайда болдық".Мақсаты: жекетәжірибеден шығармашылық әңгімеқұрастыруда жаттығу(сөйлеудідамыту).<br>Балалардыңқалауыбойыншаүстелойындары</td></tr>
<tr><td>Кестеге сәйкесұйымдастырылған іс-әрекет</td><td>1.Сөйлеуді дамытуМіндеттері:Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, «асар», «сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру, балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу.<br>Іс-әрекет барысында Асар деген не? деген сұрақ қойылып.Асар сөзін</td><td>1.Сауат ашу<br>Міндеттері:Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өзбетінше жазуға мүмкіндік беру.<br>Әдіс-тәсілдер:түсіндіру,ашықсұрақ, миға шабуыл әдісі,суретпен жұмыс.<br>«Адасқан малдар» ойыны. Төрт түлік малдың суреттері тақтада ілулі тұрады және</td><td>1.Матем негіздері<br>Міндеттері:Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.терминдерді қолдану.<br>Әдіс-тәсілдері:Бейнежазбакөрсету,түсіндіру,ойлау,сұрақ-жауап,топтық жұмыс.<br>«Вагондарға дөңгелек таңдау»<br>Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау</td><td>1.Математика негіздері<br>Міндеттері<br>Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру..<br>Әдіс-тәсілдері:Бейнежазбакөрсету,түсіндіру,ойлау,сұрақ-жауап,топтық жұмыс.<br>«Үй құрылысының ретін көрсет»<br>Мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін</td><td>1.Математика негіздері<br>Міндеттері<br>Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.<br>Әдіс-тәсілдері:Бейнежазбакөрсету,түсіндіру,ойлау,сұрақ-жауап,топтық жұмыс.<br><br>«Мынау қай пішін?»<br><br>Мақсаты: Геометриялық</td></tr>
</table>

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | талқылаймыз.Түсіндіру жұмысы жүргізіледі.<br>**Асар** — қазақы ортада ауқымды да күрделі жұмыстарды ауылдас-руластарының - жетіаталық экзогамиялық ру-қауымның негізгі құрамдас бөлігі бірақталардың бірлесе атқару харекетінің атауы. Мысалы, егіншілік дамыған өлкелерде <u>арық</u>, кәріз қазу, тазалау секілді суландыру жүйесіндегі жұмыстарды, сондай-ақ, үй тұрғызу, қора-қопсы салу сияқты құрылыс жұмыстарын асар жасау арқылы атқарған. Қазақ ауылында бір отбасының қолынан келмейтін күрделі, көлемді жұмыстарды атқару үшін бірнеше ауылдың адамдары асарға шақырылады. Асарға шақырылғандар еңбегі үшін төлемақы талап етпейді, асарға шақырушы адам оларға | суреттердің қасында жануарлардың өз балалары суреттелмеген. Сонымен балалар төрт түлік малдың қозысын, ботасын, бұзауын, құлынын тауып тақтаға шығып жазады. Бұл ойын балалардың тез ойлану, дұрыс жазу дағдыларын қалыптастырады.Балалар төрт түлік жануарларды төлдерімен әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді қаламмен сызып байланыстырады.<br><br>**2.Көркем әдебиет**<br>Міндеттері:Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. | қабілетін дамыту.<br>**Ойынның құрал-жабдықтары:** қағазға салынған вагондар, әртүрлі геометриялық пішіндер.<br>**Ойынның мазмұны:** Балалар вагондарға лайық дөңгелектерді әртүрлі пішіндердің ішінен<br><br>табады.<br>**2.Сөйлеуді дамыту Міндеттері:Міндеттері:**<br>Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, «асар», «сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру, балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу. Сүйінші деген | процесстерін дамыту.<br>**Құрал-жабдықтары:** баланың саны бойынша әртүрлі түсті жолақтар, пішіндер, үй суретінің үлгісі.<br>**Мазмұны:** Балаларға үйдің суретінің үлгісін көрсету. Балаларға әртүрлі жолақшаларды, пішіндерді таратып беру. Үлгіге қарап осы пішіндерден үйді құрастыруды ұсыну.<br><br>**2.Қазақ тілі**<br>Міндеттері:Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп колдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.<br>**Әдіс-** | пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу.<br>Көрнекілік: Картоннан жасалған геометриялық пішіндер 5–түрі.<br>Барысы: Бала топқа қарап тұрып, қолын артқа ұстайды. Тәрбиеші оның қолына геометриялық пішінді ұстатады. Бала оны сипап байқап, балаларға көрсетпей атын атайды.<br><br>**2.Қазақ тілі**<br>Міндеттері Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру. |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жақсы ас әзірлеп, дастарқан жаяды. Ұжымдасып жұмыс істеудің үлкен бір көрінісі деп қарауға болатын тағы бір үрдіс батыс қазақтары тілінде «үме» деп аталады. Шөп шабу науқаны кезінде қыз-бозбаланың және әнші-жыршының жиналатынына байланысты «Үмеге келген үндемей қалмайды» деген мақал туған.<br>**Әдіс-тәсілдері:**Бейнежазбакөрсету,түсіндіру,ойлау,сұрақ-жауап,топтық жұмыс.<br>Ал балалар асардың не екенін түсінсек ұжымдасып бірлесіп киіз үй құрлысын бірге құрап үйренейік.<br>**«Аквариум» әдісі**<br>«Аквариум әдісі» - балаларға мәселені «қоғам алдында» талқылауға ұсынғандағы диалог | Шешендік сөз деген не?<br>*Жаңылпаш* ойын-сауыққа жиналған жұртты күлдіру; жас ұрпақтың тілін ұстартып, әр түрлі сөзді шапшаң айтуға үйрету мақсатымен пайда болған. Жаңылпаштың сөздері адамды жаңылдыратындай қиын, көбінесе, ұяң және қатаң дауыссыз дыбыстардан құралады, қара сөз немесе өлең түрінде болады. *Жаңылпаш* ойын-сауықтарда ән білмейтін, жатқа тақпақ айта алмайтын жастарға жаза ретінде де қолданылған. Мұндай ұятты жағдайға қалмас үшін әр жас жігіт пен қыз ән-жыр үйренуге талпынған..<br>**Әдіс-тәсілдер:**түсіндіру,ашықсұрақ, миға шабуыл әдісі,суретпен жұмыс. | не?Сүйіншінің не екенін ұғындыру.<br>**Сүйінші** – *қуанышты хабар әкелушіге берілетін сыйлық*. Дүниеге жас нәресте келуін, келін түскенді, алыстағы сағынған адамның келгендігін, жоғары атақ, үлкен сыйлық берілуін, т.б. қуанышты сәттерді алғаш хабарлаушы сүйінші сұрайды. Сүйіншіге бағалы зат немесе ақша береді.<br>Қуанышты хабар жеткізуші адам «сүйінші-сүйінші» деп келеді. Мұндайда қуанышты үй иесі «қалағаныңды ал» дейді. Немесе оған риза болатындай сыйлық ұсынады. Бұл қуанудың, ризалықтың белгісі. Сүйінші сұраудың да, оның сүйіншісін алудың да ешқандай сөкеттігі жоқ.<br>Халқымызда біреу екінші адамға жақсы хабар жеткізіп қуантса, сүйінші кәдесін алатын салт бар. Бұрынғы әдет-ғұрып заңы бойынша жоғалған қымбат | **тәсілдері:**Бейнежазбакөрсету,түсіндіру,ойлау,сұрақ-жауап,топтық жұмыс.<br>***"Өз туысын тап" ойыны.***<br>Мақсаты: Оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, заттарды белгілі бір тақырып бойынша топтай білуге, олардың не үшін қажеттілігін ажыратуға, қатесіз айтуға дағдыландырады.<br>Мәселен: сәбіз, қияр, алма, түйе, жылқы, жүзім, картоп т.б. сөздер беріледі. Оқушылар бұл сөздерді топтап айтады: Сәбіз, қияр, картоп-көкөністер.<br><br>**3.Көркем әдебиет**<br>**Міндеттері:**Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.<br>**Әдіс-** | **Әдіс-тәсілдері:**Бейнежазбакөрсету,түсіндіру,ойлау,сұрақ-жауап,топтық жұмыс.<br><br>***"Суреттер әлеміне саяхат".*** |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | формасы. Шағын топ белгілі бір мәселе бойынша диалогті жүргізуге кімге сеніп тапсыруға болатынын таңдайды. Кейде тілек білдірушілер бірнеше болуы мүмкін. Қалған барлық оқушылар көрермен рөлін атқарады. Сондықтан да мұны «аквариум» деп атайды.<br>Барлық сынып алда өз пікірін білдіргені болмаса, ыстық орындық сияқты. Олар алтын балыққа арналған аквариумда, басқалары оларға сұрақ қойып түсініктемелер сұрай алады және т.б.<br><br>**«Аквариум» әдісін** | «Балық аулайық»<br>Мақсаты: берілген суреттерді атап, сөйлем<br><br>құрауға үйрету.<br>Шарты: балықты аулап, ондағы берілген суреттерді байланыстырып жаңылтпаш айту.<br>1.Доп деп,<br>Доп теп.<br>**2.Жаға жай,**<br>**Жағажайда – Қамажай.**<br>**3.**Тақпақ жатта,<br>Жатқа жатта.<br>**4.**Таяқ жон,<br>Жонсаң жон жон.<br>**3.Қоршаған ортаны тану**<br>**Міндеттері:**Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі | затты тауып, не оның қайда екенін көрсеткен, не ұрыны ұстаған адамдар иесінен сүйінші дәметкен, егер иесі бұны беруден қашқақтаса, биге жүгінуге хақылы болған.<br>**Әдіс-тәсілдері:**Бейнежазбакөрсету,түсіндіру,ойлау,сұрақ-жауап,топтық жұмыс.<br>Балалар сүйінші сөзінің мағынасын түсінсек ұлттық дәстүрімізде киіз үйің үлесі зор сондықтан алдыңғы іс-әрекетімде өтілген дидактикалық ойынды жалғастырайық.<br>**«Бинго»**<br><br>3х3 шаршысында сабақ тақырыбына қатысты әртүрлі түйінді суреттер орналасқан. Балалар тиісті түйінді суретте айрықшалауы керек. Барлық түйінді суретті | **тәсілдер:**түсіндіру,ашықсұрақ, миға шабуыл әдісі,суретпен жұмыс<br>Балалар біз жұмбақ туралы білеміз бе?<br>**Жұмбақ**– адамның ой-өрісін, алғырлығын, білімін сынау мақсатында нақты бір зат немесе құбылыс тұспалдап сипатталатын шағын әдеби жанр.Жұмбақты адамдардың білім деңгейін, парасатын аңғартатын үлкен өнер деп есептеген, сондықтан жар таңдаған жастар, ақындар, ел ішіндегі шешен, би, т.б. данагөй, қадірменді адамдар бір-біріне Жұмбақ жолдап, ақыл-ой сынасып, таным салыстырған. Жұмбақ қара сөз түрінде де, өлең түрінде де, ақындық айтыс түрінде де кездеседі. Жұмбақ бейнелі суретпен айтылады.<br>“ Сиқырлы қоржын” ойыны.<br>Ойынның мақсаты: оқушыларды сұраққа | Бұл ойын үшін алдын ала 10-12 сурет дайындау қажет. Әр суретте бір заттың суреті болу керек. Ойынды бірнеше<br><br>балалардың арасындағы жарыс түрінде өткізуге немесе баламен өзіңіз жарыссаңыз болады-кім көбірек суретті есіне сақтап қалар екен. Ойыншылар суреттерді 2-3 минут ішінде мұқият қарап шыққан соң, суреттер алып тасталынады. Содан кейін барлығы естеріне сақтап суреттерді атай бастайды. Кезекпен бір суреттен атауға болады. Соңына басқалары әлі атамаған суретті кім атаса, сол жеңіп шыққан болып саналады. |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **пайдаланып «Қазақ халқының ұлттық киіз үйінің құрылысын ата және орналастыр(алдыңғы іс-әретте қате кетке түсын түзету)**<br>**Мақсаты:** Балаларға ұлттық киіз үйдің құрылысын білуге үйрету. Өлең жолдарымен қимыл-қозғалыс түрлерін жасап киіз үй құру. Сөздік қорларын молайту.<br>**Көрнекілік:** киіз үй құрылысы жасалған карточкалар топтамасы, киіз үй үлгісі<br>**Ойын шарты:** балаларға киіз үй құрылысын ретімен атауға, киіз үй шаттық шеңберін орындауға үйрету, тоқпақ жолдарын іс-қимыл келтіріп орындау. Киіз үйді құрастыру, карточкаларды топтастыру.<br>**Шаттық шеңбері**<br>Үлкен шеңбер | жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну.<br>**Әдіс-тәсілдері:**Бейнежазбакөрсету,түсіндіру,ойлау,сұрақ-жауап,топтық жұмыс. Іс-әркет барысында тақтағаҚазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасыны бейнеленген суреттерді ліп таныстыру және ноутбук арқылы бейне жазба көрсетіп түсіндірме жұмысын жүргізу,оны балаармен бірге талқылау.<br>**«Қазақстанның қалаларын ата»**<br>Доп лақтыру арқылы Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени<br> | анықтаған бірінші оқушы жеңімпаз атанады.<br>Ескерту: оқушыларда әртүрлі түйінді сөздер жинағы болу керек.<br>**3. Сауат ашу**<br>Міндеттері:Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өзбетінше жазуға мүмкіндік беру.<br>**Әдіс-тәсілдер:**түсіндіру,ашықсұрақ, миға шабуыл әдісі,суретпен жұмыс. “Сиқырлы ағаш” ойыны. Ойынның мақсаты:Ісәркет барысында балалардың алдына А4 парк таркатылып беріледі.А4 парақта ағаштың суреті<br> | жауап бере білуге үйрету. Ойынның шарты: Қожын ішінен суреттерді шығарып сол суреттерге байланысты жұмбақтарды жасырамын,балалр соны шешеді.<br>Мысалы, “Айдалада ақ отау, аузы-мұрны жоқ отау” (жұмыртқа), “Отқа жанбас, суға батпас” (мұз). Заттың сапасына (“Бауыздасаң, қан орнына су ағар” – қауын),<br><br> | **3.Қоршаған ортаны тану**<br>Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну.<br>**Әдіс-тәсілдері:**Бейнежазбакөрсету,түсіндіру,ойлау,сұрақ-жауап,топтық жұмыс.<br>***“Бір-бірінің айтқанын қайталау”***<br>Бұл ойынды бір немесе бірнеше баламен ойнауға болады. Бірінші ойыншы кез-келген сөзді айтады, екіншісі соны қайталайды да, оған өзінің ойындағы бір сөзді қосып айтады. Сөйтіп, әр ойыншы естіген сөздерді қайталап, оған өз сөзін қоса береді. Қателескен ойыншы ойыннан шығады. |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құрамыз,дөңгелене тұрамыз,<br>Керегені кереміз,уықтарды ілеміз<br>Айналамыз-ойнаймыз,киіз үйді құрамыз!<br>**2.Сауат ашу**<br>Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өзбетінше жазуға мүмкіндік беру.<br>**Әдіс-тәсілдер:**түсіндіру,ашықсұрақ, миға шабуыл әдісі,суретпен жұмыс.<br>**Араларға көмек ойыны.**<br>Ойынның мақсаты: оқушылардың байланыстырып сөйлеу,жазу дағдыларын қалыптастыру.<br>Ойынның шарты : Әр | мұрасының маңыздылығын талқылау.<br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Міндеттері:**Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу.<br>**Тақырыбы: «Кішкене құстар мен мысық»№**<br>**Мақсаты:** балаларды тапсырманы орындауға баулу.<br>**Ойынның барысы:**<br>Тәрбиеші учаскеде үлкен дөңгелек (бөлмеде залда оны жіппен де істеуге болады) сызады. Балалар дөңгелектің сыртын айнала тұрады. Бір баланы мысық етіп тағайындайды, ол ортада тұрады, қалған балалар – кішкене құстар. | беріледі,Берілген ағашқаәртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді сыза отырып алманы байланыстыру.<br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Міндеттері:**Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу.<br>**« Ақ қоян »**<br>**Мақсаты:** Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу.<br>**Ойын мазмұны:** Балалар шеңбер жасап тұрады да, ал бір бала ортада қоян болып отырады.<br>Шеңбердегі балалар қол ұстасып қоянды айнала жүріп тақпақ айтады.<br><br>Ақ қоян-ау, ақ<br><br>Орныңнан тұрсаңшы<br><br>Шашыңды тарасаңшы | <br>**4.Музыка**<br>Міндеттері:Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>«Музыкалық сағат»<br>Ойын материалы: Қатты картоннан істелінген сағат.<br>Ойын барысы: Музыкалық жетекші балаларға таныс әннің әуенін ойнайды және әуенді тыңдап болғаннан кейін балаларға қай әннің орындалғанын сағат тілімен көрсетуді ұсынады. «Жасыл шырша», «Биші болам өскенде», «Біз бақытты баламыз», «Домбыра сазы», «Аяз ата», | <br><br>**4.Музыка**<br>**Міндеттері:**<br>Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>**Әдіс-тәсілдері:**Бейнежазбакөрсету,түсіндіру,ойлау,сұрақ-жауап,топтық жұмыс.<br><br>«Тыңда да таны», ойыны |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | оқушының алдына А4 парақ таратылады.А4 ақ парақта араның ұясындағы балға келе жатқан аюдың суретінетігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді үзік сызықпен бейнелеп беремін. Балалар омартаға жету үшін қаламмен бастырып сызады.<br><br><br> | Мысық ұйықтайды (көзін жұмады), ал кішкене құстар дөңгелектің ішіне келіп, сонда ұшып жүреді, отырады, дән шоқиды.<br><br>Мысық оянады да кішкене құстарды ұстай бастайды, ал олар шеңбердің сыртына қашады. Ұстаған құстарын мысық шеңбердің ортасына апарады. Тәрбиеші олардың қанша екенін санайды.<br><br>Ойын басқа мысықпен қайталанады. | Бетіңді жусаңшы<br><br>Әй-әй көйлек кисеңші.<br><br>Біреудің қолын үзсеңші-<br><br>Дегенде қоян болған бала тақпақтағы айтылған қимылды түгел істеп өлең, бітісімен жүгіріп барып шеңберді бұзуға тырысады. Егер бала шеңберді үзсе өзі шеңберге қосылып тұрады да үзілген жердегі оң жақтағы бала қоян болады. | «Жаңбыр» «Сылдырмақ». Әннің басын тыңдағаннан кейін бір бала шығады да тыңдалған әуенге сәйкес келетін картинаны сағаттың тілімен көрсетеді. Ойын сағаттағы суреттерді айналып келгенше жалғасады. | Ойынның мақсаты: Балалардың еске түсіру және есте сақтау қабілетін дамыта отырып, өздерін еркін сезіне білуін қалыптастырады. Суретте бейнеленген аспаптардың атауын, түрін, түсін айыра білуге дағдыланды. Ойынның шарты: Балалар зал ішінде кең, еркін,белгілі бір қалып жасап, аспаптардың суреттері арқылы жұп болып тұрады. Музыка ойнаған кезде жүгіріп ортаға келіп, би қимылдарын орындап,музыка аяқталған сәтте өз орындарына, яғни жұптарын тауып, бастапқы қалыпқа тұра қалу керек. |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **3.Мүсіндеу**<br>Міндеттері:Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын (қазан, астау, табақ, тостаған, керсен, ожау, күбі торсық және т.б.), тұрмыстық заттарын (керует, үстел, ер-тұрман, ошақ, кебеже, диірмен және т.б), зергерлік бұйымдарымен (білезік, сырға, сақина, тұмар, шашбау және т.б.), туған өлкедегі мәдени мұра ескерткіштерімен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән және т.б.) безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау.<br>**Әдіс-тәсілдері:**Бейнежазбакөрсету,түсіндіру,ойлау,сұрақ-жауап,топтық жұмыс. | | | | |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Ою мүсіндеу**<br>**Мақсаты:** Балаларды аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән және т.б.) безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану. **Көрнекілік:** Бірнеше бөліктерге бөлінген ою элеметтері.<br>**Ойынның барысы:** Оюдың элементтерін жекелеп ермексазбен дайындап алады, мысалы 4 қошқар мүйізді 2-ге бөліп, 8 бөлікті балаларға таратып береді. Түстерін сәйкестендіру, бөліктерін қиюластыру арқылы ою-өрнек мүсінделеді.<br><br>**4.Дене шынықтыру** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Міндеттері:**Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу.<br>Қимыл-қозғалыс ойыны: «Кім алғыр?» Ойынның шартын түсіндіреді. Капитанның артынан төрт тізбекке тұру. Спорт түрлеріне байланысты төрт командаға бөлінеді (балалардың қалауы бойынша). Капитандардың қолдарында доп болады (төрт капитан – төрт түсті доп). Балалар зал бойынша жүгіріп жүріп, белгі берілгенде тізбекке келіп тұрады. Сонан соң көздерін жұмады, осы кезде капитандар орындарын стырады. Белгі бойынша өз капитандарын жылдам табулары және капитанның артына бір | | | | |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тізбекке тұрулары тиіс немесе малдас құрып отырады, өкшемен отырады | | | | |
| Серуенгедайындық | Серуендеугедегенқызығушылықтыынталандыру.Киіну:жүйелілік,серуендеугешығу,ережелердісақтау,балаларменжекеәңгімелерждүргізу | | | | |
| Серуендеу | **Бақылау:** Торғайды бақылау.<br>**Мақсаты**: Қыстақұстардың көпшілігі жылы жаққа ұшып кетеді,торғай қыстап қалатын құс,оның қысқы тіршілігі туралы түсінік қалыптастыру, құстарға қамқор болуға баулу.<br>**Еңбек:** Құстарға жем шашу.<br>**Мақсаты:**Қыста құстарға аяз қорқынышты емес, аштық қорқынышты болатынын түсіндіру. Оларға қамқор болу, аяушылықпен карауға баулу.<br>**Жеке жұмыс:** «Торғай» тақпағын жаттату.<br>Торғай,торғай тоқылдақ | **Бақылау:** Күнді бақылау.<br>**Мақсаты:** Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі.<br>Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру.<br>**Еңбек:** «Қыс қызығы».<br>**Мақсаты:** Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс:** Ақ сандығым ашылды,<br>Ішінен жібек шашылды.(Күн)<br>**Мақсаты:** | **Бақылау:** Бұлтты бақылау.<br>**Мақсаты**: Қыста аспанды сұрғылт бұлт басады, бұлттың салдарынан қар жауады т.б. түсіндіру. Зәулімде тұрағы<br>Тіреусіз тұрады.(Бұлт).<br>**Еңбек:** Көшедегі қар жинаушы машиналардың жұмысын бақылау.<br>**Мақсаты:** Қар тазалаушы машиналардың адам үшін пайдасының зор екендігін айту.Еңбекті дәріптей білуге үйрету.<br>**Жеке жұмыс:** Бір халық аспанда ұшқан, аяғы жоқ,<br>Ұстаған қолдарында таяғы жоқ.<br>Күніне | **Бақылау:** Өсімдіктердің қысқы тіршілігін бақылау.<br>**Мақсаты:** Қыста өсімдіктердің өсуінің тоқталатынын, ағаш қабығы оларды суықтан сақтайтыны жөнінде түсінік беру.<br>**Еңбек:** Ағаштардың түбіне қар үю.<br>**Мақсаты:**Үйілген қардың пайдасын түсіндіру.Көктемде қар еріп суға айналатындығын, су өсімдіктерге қорек болатындығын айту.<br>**Жеке жұмыс**: Т.Елеусізұлы. «Қысқы қарағай».<br>Қысқы аязға қарамай,<br>Көгеріп тұр қарағай. | **Мақсаты:** Қыс мезгілінің ерекшеліктерін айту.<br>Қар-түсі ақ, ұстасаң қолың тоңады, жылыға ериді.Ойлау қабілетін дамыту.<br>**Тақпақ:**Аппақ көше, бар дала,<br>Аппақ ой мен қыраттар.<br>Ақ шатырлы қар қала,<br>Ақ жамылып тұр бақтар.<br>**Ойын:** «Қардан түрлі бейнелер жасау».<br>**Мақсаты:** Ойынға қызығушылығын арттыру.<br>**Еңбек:** Ағаштар түбіне қар үю.<br>**Мақсаты:** |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жерден дәнді шоқып-ап,<br><br>Бөтекесі бұлтыйып,<br><br>Шиқ-шиқ етіп отырмақ..<br>**Мақсаты:** Балаларға тақпақ жаттата отырып, сөздік қорларын молайту, есте сақтау қабілеттерін арттыру.<br>**Қимылды ойын:** «Аттамақ».<br>**Мақсаты:** Денені шынықтыру, шапшандыққа , ептілікке баулу. | Балаларға жұмбақтарды жаттата отырып, тіл байлықтарын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Қимылды ойын:** «Айгөлек».<br>**Мақсаты:** Денені шынықтыру, шапшандыққа , ептілікке баулу. | талай жерге кетер кезіп,<br><br>Нәрсенің бұл секілді саяғы жоқ. (Бұлт)<br>**Мақсаты**: Балаларға бұлт туралы түсінік қалыптастыра отырып, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>**Қимылдық ойын:** «Мені қуып жет».<br>**Мақсаты:** Шапшандыққа үйрету. Денені ширату арқылы денсаулықты нығайту.<br>Вариативтік сабақ: <Киіз үй>,<Бөрік жасырмақ> | Сол секілді төзімді<br><br>Болсам деймін өзімді.<br>**Мақсаты**: Балалардың сөздік қорын молайту. Есте сақтау қабілетін дамыту.<br>**Қимылдық ойын**: «Тасымалдау ойыны».<br>**Мақсаты**: Топтасып, тату ойнауға шақыру. Ептілікке баулу. | Еңбексүйгіштікке тәрбиелей отырып, үйілген қардың маңызы туралы түсінік беру.<br>***Жеке жұмыс:*** «Қыс қызығы»тақырыбында әңгіме құрату.<br><br>**Мақсаты:** Сөздік қорын дамыту, ойын жүйелеп жеткізе білуге үйрету. |
| Балалардың дербес әрекеті | **«Көңілді грамматика»үйірмесі « Дыбыстарәлемінде.**<br>Мақсаты:дыбыстар (дауысты және дауыссыздыбыстар)туралы түсініктерінқалыптастыру;<br>«сөйлеу дыбысы» ұғымынберу; балаларды ұзақтығыбойыншаәр түрлі дыбыстарды тануға үйрету(сауаташунегіздері).<br>Пластилинді ұсыныңызәртүрлі заттарды мүсіндеуге арналған.(мүсіндеу)техникалық дағдыларын бекіту. | | | | |
| Балалармен жеке жұмыс | **Сөйлеудіңдамуы.**<br>«С», «З» дыбысын бекітуойыншажекежұмыс<br>(Кәусар,Айсұлтан) | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның | | | | |

Сканировано с CamScanner

| | |
|---|---|
| | өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз мектепке тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. |

Сканировано с CamScanner

**Тәрбие-білім беру үдерісінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымының атауы:** «Қызылжар ЖОББМ»
**Мектепалды** «А» сыныбы
**Балалардың жастары:** 5 жастағы
**Жоспарлау күні:** 29.01-02.02.2023-2024 оқу жылы

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 29.01 | Сейсенбі 30.01 | Сәрсенбі 31.01 | Бейсенбі 01.02 | Жұма 02.02 |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу | Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қараужәне басқалар) | **Ұлттық құндылықты дәріптеу мақсатында «Белбеу соқ»** Ойыншылар екі-екіден жұптасып шеңбер жасап тұрады. Бір белбеуді алып екіншісін қууға тиіс. Қашып жүрген бала шеңбердегі жұптасып тұрған екі баланың алдына келіп тұрады. Артық қалған үшінші бала қаша жөнеледі. Ойыншы оны қуып жетіп белбеумен соғады да, өзі де бір жұптың алдына тұра қалады. Оның орнына келесі | **Эстетикалық құндылықты дәріптеу мақсатында «Дәл осындай пішінді тап»** Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: бала саны бойынша құлыптың суреттері, геометриялық пішіндер. Ойынның мазмұны: алдарындағы сиқырлы | **Эстетикалық құндылықты дәріптеу мақсатында «Қайсысы қайда тіршілік етеді»** Мақсаты: жануарларды ұқсас белгілеріне қарай табу, олардың мекен - жайын анықтау. Сөздік қорын молайту. Көрнекілік: әр түрлі жануарлар, құстар суреті ойын барысы: әр түрлі жануарлар, құстарды көрсетіп, олардың қайда өмір сүретінін сұралады. Оларды немен қоректенетінін айтқызады. Балалардың сөздік қорына жаңа сөздер еңгізу үшін | **Ұлттық құндылықты дәріптеу мақсатында «Түйе-түйе»** Ойынды алаңда немесе кең залда ойнауға болады. Ойнаушылар саны шектелмейді. Олар өз арасынан бір адамды бастаушы, бір адамды ұстаушы етіп сайлайды. Осыдан кейін ойнаушылар бірінің соңынан бірі белдерінен құшақтасып, бастаушының артынан тізіліп тұрады. Бастаушы - түйе артын-дағылар боталар болады. Егер ұстаушы бастаушының артында тұрған | **Эстетикалық құндылықты дәріптеу мақсатында «Табиғат құбылыстарын ажыратып олардың қасиеттерін ата»** Мақсаты: Қасиетіне қарай: қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту, қатты, жұмсақ, ериді, буға айналады. Көрнекіліктер: қар мен жаңбыр бейнеленген суреттер. Ойын барысы: Балаларға қар мен |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойыншы шығып, ойынды жалғастыра береді. Белбеу ең соңында кімде қалса сол ойыншы жеңіліске ұшырайды да өз өнерін көрсетеді. | құлыпты ашуды ұсыну. Құлыптың кілттері де сиқырлы, геометриялық пішіндерден құралған екенін айту. Әр бала құлыпқа сай келетін кілтті алып, құлыпты ашады. | тапсырманы түрлендіруге болады. Олар туралы білетін тақпақтарын сұрайды. | ойнаушыларды біртіндеп ұстап алып қойса, онда ұстаушы жеңген болып саналады. Егер тізбек үзілсе ойын тоқтайды. Осы тәртіп бойынша, бастаушы мен ұстаушы қайта белгіленіп, ойын бұрынғыша жүргізіле береді. | жаңбырдың суреттерін көрсетіп, олардың бір - бірінен ажыратып айту тапсырылады. Білімдерін анықтау барысында табиғат құбылыстардың қасиеттерін айтып берулері керек. |
| Ертеңгілікжаттығу | **Таңғы жаттығу кешені (қаңтар айы)**<br>Балалар музыка ырғағымен бірінің артынан<br>бірі шеңбер жасап адымдап жүреді.<br>Қолды жоғары көтеріп аяқтың өкшесімен жүреді,<br>қолды белге қойып аяқтың ұшымен , аяқтың ішкі жағымен, аяқтың сыртқы жағымен жүреді. Қолды белге қойып тізені жоғары көтеріп жүру, ирелеңдеп жүгіру.<br>1 Б.қ.-негізгі тұрыс,кішкене екі доп ұстап,қолдарын төмен түсіріп тұрады.1-қолды алға созып,доптарды 3 рет бір-біріне ұру.2-б.қ.3-қолдарын жоғары көтеріп,қолдарына қарап,доптарды 1-2-3 деп,бір-біріне ұру.4-б.қ.<br>Б.қ, аяқ арасы сәл ашық,қолды жоғары көтеріп тұру.1-оңға иіліп,доптарды 1-2-3 деп,бір-біріне ұру.2-б.қ.3-солға иіліп,доптарды 1-2-3 деп,бір-біріне ұру.4.б.қ.<br>Бастапқы қалып, аяқ арасы ашық,қолда доп.<br>1дегенде отыру,қолды алға созу.<br>2дегенде тұру б.қ келу.<br>3дегенде отыру.<br>4дегенде б.қ келу. | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | **Сәлемдесу "Жақсытілек".**<br>Мақсаты: басқаларға<br>достық қарым-қатынастыдамыту.<br>Балалар шеңберде тұрып, кезекпен бір-біріне жақсы,жағымды нәрсе тілейді.<br>Баланың тілек айтқан<br>адамның көзіне қарауы өтемаңызды (сөйлеуді<br>дамыту).<br>Бірлескен қарым-қатынас:қызықты қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді істердіЖобалау (қоршаған | | | | |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ортамен танысу, сөйлеуді дамыту). | | | | |
| Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекет | **1.Сөйлеуді дамыту** **Міндеттері:** Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, «асар», «сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру, балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу. Іс-әрекет барысында Асар деген не? деген сұрақ қойылып.Асар сөзін талқылаймыз.Түсіндіру жұмысы жүргізіледі. **Асар** — қазақы ортада ауқымды да күрделі жұмыстарды ауылдас-руластарының - жетіаталық экзогамиялық ру-қауымның негізгі құрамдас бөлігі біраталардың бірлесе атқару харекетінің | **1.Сауат ашу** Міндеттері: Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өзбетінше жазуға мүмкіндік беру. **Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, ашықсұрақ, миға шабуыл әдісі, суретпен жұмыс. **«Сабын көбіктері»** **Мақсаты:** Балаларды дұрыс тыныс алуға үйрету. **Ойынның құрал жабдықтары:** сабын көпіршіктері. **Ойын барысы:** тәрбиеші балаларға сабын көбіктерін таратып береді. Ойынға 4-5 бала қатысады.модан балалар дұрыс тыныс алып көбіктер шығаруы керек. Ойын осылай жалғасады. | **1.Матем негіздері** Міндеттері: Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.терминдерді қолдану. **Әдіс-тәсілдері:** Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс. «Шаршы құрастыр» дидактикалық ойыны Үлестірмелі материалдармен жұмыс. Тәрбиеші тапсырманың орындалуын қадағалайды. Егер бала орындауға қиналса, оған көршілес партадағы бала көмектеседі. Мұғалім күрделі шаршыны дұрыс құрастырған бір партадағы балаларға жұлдызша беріп, мадақтайды. - Ілияс пен Айсұлу жануарлардың әрқайсысын өз үйлеріне | **1.Математика негіздері** Міндеттері Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру.. **Әдіс-тәсілдері:** Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс. Таныс пішіндер доминосы Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту; көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру. Ойынның құрал - жабдықтары: пішіндер бейнеленген суреттер. | **1.Математика негіздері** Міндеттері Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру. **Әдіс-тәсілдері:** Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс. **«Қандай пішін жетіспейді?»** Мақсаты: Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Қай пішін жетіспейтінін тапқызу. Көрнекілік: Геометриялық пішіндер. (Қораптан алу) Барысы: Тақтаға геометриялық пішіндер қойылады. Балаларға көздеріңді жұмыңдар деп, бір пішінді алып |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | атауы. Мысалы, егіншілік дамыған өлкелерде арық, кәріз қазу, тазалау секілді суландыру жүйесіндегі жұмыстарды, сондай-ақ, үй тұрғызу, қора-қопсы салу сияқты құрылыс жұмыстарын асар жасау арқылы атқарған. Қазақ ауылында бір отбасының қолынан келмейтін күрделі, көлемді жұмыстарды атқару үшін бірнеше ауылдың адамдары асарға шақырылады. Асарға шақырылғандар еңбегі үшін төлемақы талап етпейді, асарға шақырушы адам оларға жақсы ас әзірлеп, дастарқан жаяды. Ұжымдасып жұмыс істеудің үлкен бір көрінісі деп қарауға болатын тағы бір үрдіс батыс қазақтары тілінде «*үме*» деп аталады. Шөп шабу науқаны кезінде қыз-бозбаланың және әнші-жыршының жиналатынына | <br>**2.Көркем әдебиет**<br>Міндеттері: Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Шешендік сөз деген не? *Жаңылпаш* ойын-сауыққа жиналған жұртты күлдіру; жас ұрпақтың тілін ұстартып, әр түрлі сөзді шапшаң айтуға үйрету мақсатымен пайда болған. Жаңылпаштың сөздері адамды жаңылдыратындай қиын, көбінесе, ұяң және қатаң дауыссыз дыбыстардан құралады, қара сөз немесе өлең түрінде болады. *Жаңылпаш* ойын-сауықтарда ән білмейтін, жатқа тақпақ айта алмайтын жастарға жаза ретінде де қолданылған. Мұндай ұятты жағдайға | орналастырмақшы. Тәрбиешінің үстеліне жануарлардың суреттері, ал тақтаның әр бұрышына үйшіктер қойылған.<br><br>**2.Сөйлеуді дамыту Міндеттері: Міндеттері:** Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, «асар», «сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру, балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу. Сүйінші деген не?Сүйіншінің не екенін ұғындыру.<br>**Сүйінші** – *қуанышты хабар әкелушіге берілетін сыйлық*. Дүниеге жас нәресте келуін, келін түскенді, алыстағы | Ойынның мазмұны: Балаларға суреттерді таратып беру. Жүргізуші бірінші суретті үстелдің ортасына қояды, қалған балалар сурет сәйкес өзінің суретін қояды, суретте бейнеленген пішінді атайды. Ойын осылай жалғаса береді.<br><br>**2.Қазақ тілі**<br>Міндеттері: Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге | қояды. Балалар қай пішін жетіспейтінін табады.<br><br>**2.Қазақ тілі**<br>Міндеттері Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.<br>**Әдіс-тәсілдері:** Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс.<br>**.«Берілген** |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | байланысты «Үмеге келген үндемей қалмайды» деген мақал туған.<br>**Әдіс-тәсілдері:** Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс.<br>Ал балалар асардың не екенін түсінсек ұжымдасып бірлесіп киіз үй құрлысын бірге құрап үйренейік.<br>таңдайды.<br>**«Алма, шие, өрік, банан»**<br>Оқушылар орындықтарды шеңберлей орналастырып жайғасады. Мұғалім оқушыларды отырған ретімен жемістер атауымен санап шығады: «Алма, шие, өрік, банан» деп. Осыдан кейін мұғалім бір не бірнеше жемістің атын атайды (мысалы, «Шие!» деп, не «Алма,өрік!» деп, немесе « Алма, шие, өрік, банан!» деп), сол кезде жемісі аталған оқушылар орындарын алмастыру қажет. Ал мұғалім бір бос орынға отырады. Орын | қалмас үшін әр жас жігіт пен қыз ән-жыр үйренуге талпынған..<br>**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, ашықсұрақ, миға шабуыл әдісі, суретпен жұмыс.<br>**«Құс мамығын үрле»**<br>**Мақсаты:** балаларды сөйлеу барысында дұрыс тыныс алуға үйрету.<br>**Ойынның құрал-жабдықтары:** құс мамығы.<br>**Ойын барысы:** тәрбиеші балаларға құс мамығын таратып береді. Оны балалар дұрыс тыныс алу арқылы үрлеуі керек.<br><br>1. Даланы қар жабар, Қарға балалар аққала салар.<br>2. Пай - пай - пай, | сағынған адамның келгендігін, жоғары атақ, үлкен сыйлық берілуін, т.б. қуанышты сәттерді алғаш хабарлаушы сүйінші сұрайды. Сүйіншіге бағалы зат немесе ақша береді.<br>Қуанышты хабар жеткізуші адам «сүйінші-сүйінші» деп келеді. Мұндайда қуанышты үй иесі «қалағаныңды ал» дейді. Немесе оған риза болатындай сыйлық ұсынады. Бұл қуанудың, ризалықтың белгісі. Сүйінші сұраудың да, оның сүйіншісін алудың да ешқандай сөкеттігі жоқ.<br>Халқымызда біреу екінші адамға жақсы хабар жеткізіп қуантса, сүйінші кәдесін алатын салт бар. Бұрынғы әдет-ғұрып заңы бойынша жоғалған қымбат затты тауып, не оның қайда екенін көрсеткен, не ұрыны ұстаған адамдар иесінен сүйінші дәметкен, егер иесі бұны беруден қашқақтаса, биге жүгінуге хақылы болған. | мүмкіндік беру.<br>**Әдіс-тәсілдері:** Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс<br>**«Дүкен»**<br>**Ойынның мақсаты:**Балаларды рөлдерге бөліп ,сол рөл бойынша әрекет жасауға үйрету.<br>**Ойынның мазмұны:**Бір баланы сатушы етіп,қалған балалар сатып алушы болып ойнайды.<br>(Мысалы, Сатушы «Келіңіз,сізге не керек?» деген сөздерімен және сатып алушылар «Рахмет» сияқты мейірімді сөздерді<br><br><br>қолдана білуге үйрету). | **дыбыспен сөздерді ата»**<br>**Ойынның мақсаты:** берілген дыбысқа сөз ойлап табу үйрету. Сөздік жұмыс жүргізу арқылы баланың сөздік қорын молайту. Ойын арқылы балаларды тапқырлыққа баулу.<br>**Ойын барысы:**тәрбиеші кез келген дыбысты айтады. Балалар сол дыбыстан басталатын сөздерді айтады.<br>**Мысалы:**А – болса:<br> |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жетпей қалған оқушы жүргізуші болып, жемістердің атын атайды. «Алма, шие, өрік, банан» әдісін пайдаланып «Қазақ халқының ұлттық киіз  үйінің құрылысын ата және орналастыр(алдыңғы іс-әретте қате кетке тұсын түзету)<br>**Мақсаты:** Балаларға ұлттық киіз үйдің құрылысын білуге үйрету. Өлең жолдарымен қимыл-қозғалыс түрлерін жасап киіз үй құру. Сөздік қорларын молайту.<br>**Көрнекілік:** киіз үй құрылысы жасалған карточкалар топтамасы, киіз үй үлгісі<br>**Ойын шарты:** балаларға киіз үй құрылысын ретімен | Жайылып жүр тай.<br>Ай - ай - ай, Ұшып кетті торғай..<br>3. Сұрап Мұрат<br>Коньки тап.<br>Байлап майлап,<br>Аттай шап..<br>4. Ошақта от жоқ,<br>Шоқ тап, от жақ.<br>**3.Қоршаған ортаны тану**<br>**Міндеттері:**<br>Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс.<br>Іс-әркет барысында тақтаға Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасыны бейнеленген суреттерді ліп таныстыру және ноутбук арқылы бейне жазба көрсетіп түсіндірме жұмысын | **Әдіс-тәсілдері:**<br>Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс.<br>Балалар сүйінші сөзінің мағынасын түсінсек ұлттық дәстүрімізде киіз үйің үлесі зор сондықтан алдыңғы іс-әрекетімде өтілген дидактикалық ойынды жалғастырайық.<br>***"Поезд" ойыны.***<br>Ойынның ережесі: Мұғалімнің сөзі:<br>- Бұл поезд жүргізуші үшін кім керек?<br>- Жүргізуші машинист керек?<br>- Ендеше машинист болу үшін, еңбек туралы бір мақал ойластыру керек. Әйтпесе поезд жүрмейді. Қане, кім болғысы келеді?<br>(бірінші айтқан оқушы болады), Поезд вагондардан тұрады, вагондардың орнына өздеріңіз болыңыздар. Кім берілген карточка бойынша өрнектің | **3.Көркем әдебиет**<br>**Міндеттері:**<br>Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.<br>**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, ашықсұрақ, миға шабуыл әдісі, суретпен жұмыс<br>Балалар біз жұмбақ туралы білеміз бе?<br>**Жұмбақ–** адамның ой-өрісін, алғырлығын, білімін сынау мақсатында нақты бір зат немесе құбылыс тұспалдап сипатталатын шағын әдеби жанр. Жұмбақты адамдардың білім деңгейін, парасатын аңғартатын үлкен өнер деп есептеген, сондықтан жар таңдаған жастар, ақындар, ел ішіндегі шешен, би, т.б. данагөй, қадірменді адамдар бір-біріне Жұмбақ жолдап, ақыл-ой сынасып, таным салыстырған. Жұмбақ қара сөз түрінде де, өлең түрінде де, ақындық айтыс түрінде де | <br>**Балалар:** Ай, алма,алмұрт, асқабақ, т.б.<br>**3.Қоршаған ортаны тану**<br>Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс.<br>***"Бір-бірінің айтқанын қайталау"***<br>Бұл ойынды бір немесе бірнеше баламен ойнауға болады. Бірінші ойыншы кез-келген сөзді айтады, екіншісі соны қайталайды да, оған өзінің ойындағы бір сөзді қосып айтады. |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | атауға, киіз үй шаттық шеңберін орындауға үйрету, тоқпақ жолдарын іс-қимыл келтіріп орындау. Киіз үйді құрастыру, карточкаларды топтастыру.<br>**Шаттық шеңбері**<br>Үлкен шеңбер құрамыз,дөңгелене тұрамыз,<br>Керегені кереміз,уықтарды іләміз<br>Айналамыз-ойнаймыз,киіз үйді құрамыз!<br>**2.Сауат ашу**<br>Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өзбетінше жазуға мүмкіндік беру.<br>**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, ашықсұрақ, миға шабуыл әдісі, | жүргізу,оны балаармен бірге талқылау.<br>**«Қазақстанның қалаларын ата»**<br>Жапырақтардың артына әртүрлі қала суреттері салынған қағаздар таркатылып беріледі. Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын талқылау.<br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Міндеттері:** Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу.<br>**« Акку-каздар »** | мәнін дұрыс таба алады, сол поезға міне алады, жауап бере алмаған оқушы қалып қояды.<br><br>**3. Сауат ашу**<br>Міндеттері: Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өзбетінше жазуға мүмкіндік беру.<br>**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, ашықсұрақ, миға шабуыл әдісі, суретпен жұмыс.<br>***"Футбол" ойыны***<br>Ойынның ережесі: Сынып оқушылары қатармен екі командаға бөлінеді. Тақта алдына екі магниттік тақта ілінеді. Әр командадан бір оқушы шығып допты қақпаға кіргізеді, егер доптың артындағы мысалды шығара алса, белгілеп салынған | кездеседі. Жұмбақ бейнелі суретпен айтылады.<br>" Сиқырлы қоржын" ойыны.<br>Ойынның мақсаты: оқушыларды сұраққа жауап бере білуге үйрету.<br>Ойынның шарты: Қожын ішінен суреттерді шығарып сол суреттерге байланысты жұмбақтарды жасырамын,балалр соны шешеді.<br>Көк лағым көгенде жатып семіреді.<br>(Қарбыз)<br>***<br>Жасыл ала дөңгелек,<br>Бақшада жатыр дөңгелеп.<br>(қарбыз)<br>***<br>Әр желінің асты толған көк қоян,<br>Жаз болғанда көк қоянды жеп қоям.<br>(қияр)<br>***<br>Бұтағында азығы<br>Ортасында азығы.<br>(алма) | Сөйтіп, әр ойыншы естіген сөздерді қайталап, оған өз сөзін қоса береді. Қателескен ойыншы ойыннан шығады.<br><br><br><br>**4.Музыка**<br>**Міндеттері:**<br>Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | суретпен жұмыс.<br>*“Көбелек гүлге қонды ” ойыны.*<br>Ойынның ережесі: Магниттік тақташаға гүлдер орналастырылған, әр гүлге дауысты дыбыстар орналасқан, арасында дауыссыз дыбыстар да бар. Әр қатардан 1 оқушыдан шығып көбелекті (оның ішінде дауыссыз дыбыс орнатылған) гүлге қондырады. Қалғандары қосылып буынды оқиды. Неге көбелекті дауыссыз дыбысқа қондыруға болмайды? Бұл ойынды өзгертіп өткізуге де болады. Көбелек қонған кезде сөйлем құрастыруға болады, әр шапшаң кезек сақтап оқушылар шығып сөйлемдерін айтады. | **Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа, аңғарымпаздыққа тәрбиелеу.<br>**Ойын мазмұны:** Алаңның бір шетіне қаздар тұратын үй белгіленеді, қарсы шетіне бақташы тұрады.<br>Үйдің бір жақ бүйірінде қасқыр тұратын үңгір болады.<br>Алаңның қалған жері жайылым болады.<br>Бақташы қаздарды жайылымға қуып шығады, олар жайылып жүреді.<br>**Бақташы:** Қаздар, қаздар, қаңқылдап,<br>Барасыңдар қай жаққа.<br>Қаздар: Айна көлі жалтылдап,<br>Жатқан жасыл аймаққа.<br>Бақташы: Біздің жерге түсе кет,<br>Түсіп сусын іше кет.<br>Қаздар: Сіздің жерге түсеміз | мысалдар “гол” болып шығарылады. Кіргізген доп сандары саналып, жеңген команда айтылады.<br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Міндеттері:** Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу.<br>**« Аюлар мен аралар »**<br>**Ойын мазмұны:** Омарта алаңның бір жағында болады.<br>Бір шетте аюдың, араның үңгірі. Ойыншылар тең емес екі топқа бөлінеді. Көпшілігі бал аралары. Белгі бойынша аралар омартадан ұшып шығып бал іздеп, шалғынға қарай ұшады. Олар ұшып кетісімен аюлар омартаға жармасып ба | ***<br>Ақ құман жүр жүзіп.<br>Су бетін сүзіп.<br>(аққу)<br><br><br><br>**4.Музыка**<br>Міндеттері: Әртүрлі сипаттағы әндерді өз | музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс.<br>«Тыңда да таны», ойыны<br>Ойынның мақсаты: Балалардың еске түсіру және есте сақтау қабілетін дамыта отырып, өздерін еркін сезіне білуін қалыптастырады.<br>Суретте бейнеленген аспаптардың атауын, түрін, түсін айыра білуге дағдыланды.<br>Ойынның шарты: Балалар зал ішінде кең, еркін,белгілі бір қалып жасап, аспаптардың суреттері арқылы жұп болып тұрады. Музыка ойнаған кезде жүгіріп ортаға келіп, би қимылдарын орындап,музыка аяқталған сәтте өз орындарына, яғни |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | <br><br>**3.Сурет салу**<br>Міндеттері: Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару (гуашпен сурет салу кезінде).<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс.<br>Дидактикалық ойын: «Негізгі және қосымша түсті тап»<br>Мақсаты: Түстер мен олардың реңктерін анықтауға, негізгі және қосымша түстерді | Түсіп сусын ішеміз.<br><br>Бақташы: Болсын онда жол жайлы!<br><br>Қаздар: Бізге ол жаққа болмайды,<br><br>Жолды тосып тұр сұр қасқыр.<br><br>Бақташы: Олай болса, қалаған,<br><br>Жақтарыңа бар аман.<br><br>Қаздар қанаттарын жайып,<br>жайылым арқылы үйлеріне ұшады, ал қасқыр үңгіршек жүгіріп шығып, оларды ұстауға тырысады.<br>Ұсталған қаздар қасқырдың үңгіріне қарай жүреді.<br>Бірнеше рет жүгірістен кейін қасқырдың ұстаған қаздарфын санайды. Ойын 3-4 рет қайталанады. | л жейді. Тәрбиеші: « Аюлар!»-<br>дегенде аралар омартаға қарай ұшады,<br>ал аюлар үңгіріне қашады.<br>Үлгере алмаған аюды аралар шағып алады.<br>Ара шаққан аюлар келесі ойынға қатыспайды. | бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>«Музыкалық сағат»<br>Ойын материалы: Қатты картоннан істелінген сағат.<br>Ойын барысы: Музыкалық жетекші балаларға таныс әннің әуенін ойнайды және әуенді тыңдап болғаннан кейін балаларға қай әннің орындалғанын сағат тілімен көрсетуді ұсынады. «Жасыл шырша», «Биші болам өскенде», «Біз бақытты баламыз», «Домбыра сазы», «Аяз ата», «Жаңбыр» «Сылдырмақ».<br>Әннің басын тыңдағаннан кейін бір бала шығады да тыңдалған әуенге сәйкес келетін картинаны сағаттың тілімен көрсетеді. Ойын сағаттағы суреттерді айналып келгенше | жұптарын тауып, бастапқы қалыпқа тұра қалу керек. |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ажыратуға үйрету. Суық және жылы түстерді ажырату дағдыларын бекіту.<br>Шарты: 1 вариант: Суық және жылы түстерді жеке орналастыру.<br><br>4.Дене шынықтыру<br>Міндеттері: Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу.<br>« Қасқырлар мен лақтар »<br>Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, ептілікке тәрбиелеу.<br>Ойын мазмұны: Аралары 10-15 адым қашықтықта « қора » мен « өріс » | | | жалғасады. | |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сызылады.<br><br>**Ойнаушылар үйлерінде тұрып:**<br>Бөрте, бөрте, бөрте лақ,<br>Бөрте лақ тым ерке лақ<br>Кетесің кейде секендеп .<br>Байламаса көкем кеп—деген сөздерден<br>Кейін дүрсілдей жүгіріп « өріске » беттейді.<br>Оларды алаңның ортасында тұрған 2-3 қасқыр қуып береді.<br>Қолға түскендер ойын нан шығып қалып келе сі кіреді.<br>Қасқырлар ұсталмаған балалардан сайланады.Осылайша ойын жалғасады. | | | | |
| Серуенге дайындық | Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру. Киіну: жүйелілік, серуендеуге шығу, ережелерді сақтау, балалармен жеке әңгімелер жүргізу | | | | |
| Серуендеу | **Бақылау:** Торғайды бақылау.<br>**Мақсаты:** Қыста құстардың көпшілігі жылы жаққа ұшып кетеді,торғай қыстап қалатын | **Бақылау:** Күнді бақылау.<br>**Мақсаты:** Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі.<br>Қыста күннің қызуы | **Бақылау:** Бұлтты бақылау.<br>**Мақсаты:** Қыста аспанды сұрғылт бұлт басады, бұлттың салдарынан қар жауады т.б. | **Бақылау:** Өсімдіктердің қысқы тіршілігін бақылау.<br>**Мақсаты:** Қыста өсімдіктердің өсуінің тоқталатынын, ағаш қабығы | **Мақсаты:** Қыс мезгілінің ерекшеліктерін айту.<br>Қар-түсі ақ, ұстасаң қолың тоңады, жылыға ериді.Ойлау қабілетін дамыту. |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | құс,оның қысқы тіршілігі туралы түсінік қалыптастыру, құстарға қамқор болуға баулу.<br>**Еңбек:** Құстарға жем шашу.<br>**Мақсаты:**Қыста құстарға аяз қорқынышты емес, аштық қорқынышты болатынын түсіндіру. Оларға қамқор болу, аяушылықпен қарауға баулу.<br>**Жеке жұмыс:** «Торғай» тақпағын жаттату.<br>Торғай,торғай тоқылдақ<br>Жерден дәнді шоқып-ап,<br>Бөтекесі бұлтыйып,<br>Шиқ-шиқ етіп отырмақ..<br>**Мақсаты:** Балаларға тақпақ жаттата отырып, сөздік қорларын молайту, есте сақтау қабілеттерін арттыру. | төмендейтіні туралы түсінік беру.<br>**Еңбек:** «Қыс қызығы».<br>**Мақсаты:** Балалар мен ата-аналар бірігe отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс:** Ақ сандығым ашылды,<br>Ішінен жібек шашылды.(Күн)<br>**Мақсаты:** Балаларға жұмбақтарды жаттата отырып, тіл байлықтарын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Қимылды ойын:** «Айгөлек».<br>**Мақсаты:** Денені шынықтыру, шапшандыққа , ептілікке баулу. | түсіндіру. Зәулімде тұрағы<br>Тіреусіз тұрады.(Бұлт).<br>**Еңбек:** Көшедегі қар жинаушы машиналардың жұмысын бақылау.<br>**Мақсаты:** Қар тазалаушы машиналардың адам үшін пайдасының зор екендігін айту.Еңбекті дәріптей білуге үйрету.<br>**Жеке жұмыс:** Бір халық аспанда ұшқан, аяғы жоқ,<br>Ұстаған қолдарында таяғы жоқ.<br>Күніне талай жерге кетер кезіп,<br>Нәрсенің бұл секілді саяғы жоқ. (Бұлт)<br>**Мақсаты:** Балаларға бұлт туралы түсінік қалыптастыра отырып, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>**Қимылдық ойын:** «Мені қуып жет».<br>**Мақсаты:** Шапшандыққа үйрету. | оларды суықтан сақтайтыны жөнінде түсінік беру.<br>**Еңбек:** Ағаштардың түбіне қар үю.<br>**Мақсаты:**Үйілген қардың пайдасын түсіндіру.Көктемде қар еріп суға айналатындығын, су өсімдіктерге қорек болатындығын айту.<br>**Жеке жұмыс:** Т.Елеусізұлы. «Қысқы қарағай».<br>Қысқы аязға қарамай,<br>Көгеріп тұр қарағай.<br>Сол секілді төзімді<br>Болсам деймін өзімді.<br>**Мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту. Есте сақтау қабілетін дамыту.<br>**Қимылдық ойын:** «Тасымалдау ойыны».<br>**Мақсаты:** Топтасып, тату ойнауға | **Тақпақ:**Аппақ көше, бар дала,<br>Аппақ ой мен қыраттар.<br>Ақ шатырлы қар қала,<br>Ақ жамылып тұр бақтар.<br>**Ойын:** «Қардан түрлі бейнелер жасау».<br>**Мақсаты:** Ойынға қызығушылығын арттыру.<br>**Еңбек:** Ағаштар түбіне қар үю.<br>**Мақсаты:** Еңбексүйгіштікке тәрбиелей отырып, үйілген қардың маңызы туралы түсінік беру.<br>**Жеке жұмыс:** «Қыс қызығы»тақырыбында әңгіме құрату.<br>**Мақсаты:** Сөздік қорын дамыту, ойын |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Қимылды ойын:** «Аттамақ». **Мақсаты:** Денені шынықтыру, шапшандыққа , ептілікке баулу. | | Денені ширату арқылы денсаулықты нығайту. **Вариативтік сабақ:**«Ұшты-ұшты»,«Сыбыр сөз» | шақыру. Ептілікке баулу. | жүйелеп жеткізе білуге үйрету. |
| Балалардың дербес әрекеті | **Ойыншықтарға арналған қала» -** қиялындамыту, әртүрлі материалдардан дизайн жасауға қызығушылықтыарттыру, топпен жұмыс істеу қабілетін тәрбиелеу(дизайн ).<br>**Рөлдік ойын:**<br>**«Ойыншықтар қаласында».** Мақсаты: балаларды өздері салғанғимараттарды соғуға шақыру, рөлдерді бөлу, әңгімелесушіні тыңдау (сөйлеу қабілетін дамыту ) | | | | |
| Балалармен жеке жұмыс | **Үй құрылысы:**<br>Құрылыс материалыныңбөлшектерін дұрыс атайбілу қабілетін дамыту (Алматы, Дина, Миша, Даша, Диля) | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз мектепке тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. | | | | |

Сканировано с CamScanner

Тәрбие-білім беру үдерісінің циклограммасы

**Білім беру ұйымының атауы:** «Қызылжар ЖОББМ»
**Мектепалды «А» сыныбы**
**Балалардың жастары:** 5 жастағы
**Жоспарлау күні:** 12.02-16.02.2023-2024 оқу жылы

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 12.02 | Сейсенбі 13.02 | Сәрсенбі 14.02 | Бейсенбі 15.02 | Жұма 16.02 |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу | Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар) | **Ұлттық құндылықты дәріптеу мақсатында «Белбеу соқ»** Ойыншылар екі-екіден жұптасып шеңбер жасап тұрады. Бір белбеуді алып екіншісін қууға тиіс. Қашып жүрген бала шеңбердегі жұптасып тұрған екі баланың алдына келіп тұрады. Артық қалған үшінші бала қаша жөнеледі. Ойыншы оны қуып жетіп белбеумен соғады да, өзі де бір жұптың алдына тұра қалады. Оның орнына келесі | **Эстетикалық құндылықты дәріптеу мақсатында «Дәл осындай пішінді тап»** Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: бала саны бойынша құлыптың суреттері, геометриялық пішіндер. Ойынның мазмұны: алдарындағы сиқырлы | **Эстетикалық құндылықты дәріптеу мақсатында «Қайсысы қайда тіршілік етеді»** Мақсаты: жануарларды ұқсас белгілеріне қарай табу, олардың мекен - жайын анықтау. Сөздік қорын молайту. Көрнекілік: әр түрлі жануарлар, құстар суреті ойын барысы: әр түрлі жануарлар, құстарды көрсетіп, олардың қайда өмір сүретінін сұралады. Оларды немен қоректенетінін айтқызады. Балалардың сөздік қорына жаңа сөздер еңгізу үшін | **Ұлттық құндылықты дәріптеу мақсатында «Түйе-түйе»** Ойынды алаңда немесе кең залда ойнауға болады. Ойнаушылар саны шектелмейді. Олар өз арасынан бір адамды бастаушы, бір адамды ұстаушы етіп сайлайды. Осыдан кейін ойнаушылар бірінің соңынан бірі белдерінен құшақтасып, бастаушының артынан тізіліп тұрады. Бастаушы - түйе артын-дағылар боталар болады. Егер ұстаушы бастаушының артында тұрған | **Эстетикалық құндылықты дәріптеу мақсатында «Табиғат құбылыстарын ажыратып олардың қасиеттерін ата»** Мақсаты: Қасиетіне қарай: қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту, катты, жұмсақ, ериді, буға айналады. Көрнекіліктер: қар мен жаңбыр бейнеленген суреттер. Ойын барысы: Балаларға қар мен |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойыншы шығып, ойынды жалғастыра береді. Белбеу ең соңында кімде қалса сол ойыншы жеңіліске ұшырайды да өз өнерін көрсетеді. | құлыпты ашуды ұсыну. Құлыптың кілттері де сиқырлы, геометриялық пішіндерден құралған екенін айту. Әр бала құлыпқа сай келетін кілтті алып, құлыпты ашады. | тапсырманы түрлендіруге болады. Олар туралы білетін тақпақтарын сұрайды. | ойнаушыларды біртіндеп ұстап алып қойса, онда ұстаушы жеңген болып саналады. Егер тізбек үзілсе ойын тоқтайды. Осы тәртіп бойынша, бастаушы мен ұстаушы қайта белгіленіп, ойын бұрынғыша жүргізіле береді. | жаңбырдың суреттерін көрсетіп, олардың бір - бірінен ажыратып айту тапсырылады. Білімдерін анықтау барысында табиғат құбылыстардың қасиеттерін айтып берулері керек. |
| Ертеңгілік жаттығу | **Таңғы жаттығу кешені (ақпан айы)**<br>Балалар музыка ырғағымен бірінің артынан<br>бірі шеңбер жасап адымдап жүреді.<br>Қолды жоғары көтеріп аяқтың өкшесімен жүреді,<br>қолды белге қойып аяқтың ұшымен , аяқтың ішкі жағымен, аяқтың сыртқы жағымен жүреді.<br>Жеңіл жүгіру, оң қырындап шеңбер ішіне қарап жүгіру.<br>1. Қол белде, аяқ арасы сәл алшақ.<br>1 дегенде басты алға ию<br>2 дегенде басты оңға ию<br>3 дегенде басты артқа ию<br>дегенде басты солға ию бастапқы қалыпқа келу.<br>2.Бастапқы қалып, аяқ иық бойымен, қол белде.<br>1 дегенде екі қолды алға созу,<br>2 дегенде қолды жоғары көтеру,<br>3 дегенде қолды жан - жаққа созу,<br>4 дегенде қолды төмен түсіру<br>бастапқы қалыпқа келу | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | **"Эхо" сәлемдесу** Мақсаты: топта сенім ортасын құруды<br>жалғастыру, топтық келісімді дамыту.<br>Эмоционалды<br>экспрессивтілікті, зейінді, реакция жылдамдығын<br>дамыту. | | | | |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Әр бала өз атын айтады (қоршаған ортамен танысу)<br>**Сюжеттік ойын:**<br>**«Досыңызға сыйлық сатып алыңыз".**<br>Мақсаты: балалардың үйлесімді сөйлеуін дамыту, "ойыншықтар" тақырыбы бойынша сөздік қорын кеңейту (сөйлеуді дамыту).<br>Балалардың қалауы бойынша үстел ойындары | | | | |
| Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекет | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеттері:**<br>Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс.<br>**«Кім? Не?»**<br>**Қанша?Неше?Қандай, Қай?(зат есімдер,сан есімдер,сын есімдер)**<br><br>**Ойынның мақсаты:** Жанды жансыз заттарды айыра білуге үйрету.<br>**Ойынның құрал-жабдықтары:**әр-түрлі суреттер<br>**Ойынның мазмұны:**<br>Балаларға әртүрлі | **1.Сауат ашу**<br>Міндеттері: Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру.<br>**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, ашық сұрақ, миға шабуыл әдісі, суретпен жұмыс.<br>«Сөзді тап»<br>Мақсаты: Балалардың сөздерді буынға бөлу дағдыларын дамыту.Барысы: Педагог балаларды 2 рет түрту арқылы сөздерді табуға шақырады. Балалар<br><br>берілген буын саны бар сөздерді таңдайды. | **1.Матем негіздері**<br>Міндеттері: Геометриялық фигуралар.Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өзбетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс.<br>«Шаршы құрастыр» дидактикалық ойыны<br>Үлестірмелі материалдармен жұмыс.<br>Тәрбиеші тапсырманың | **1.Математика негіздері**<br>Міндеттері:Геометриялық фигуралар.Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өзбетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс.<br>Таныс пішіндер доминосы<br>Ойынның мақсаты: | **1.Математика негіздері**<br>Міндеттері:Геометриялық фигуралар.<br>Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өзбетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау.<br>.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс.<br>**«Қандай пішін жетіспейді?»** |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жемістер,көкеністер,ададар,қалалардың суреттері беріледі. Балалар ол суреттерде не бейнеленгенін және оның жанды не жансыз ,санын,түсін сипаттап айтып береді. Жанды болса кім?жансыз болса не? Сұрағы қойылады.<br><br>Сұрақты дұрыс қойып<br><br><br>жауап беруді үйретемін.<br>**2.Сауат ашу** | Дұрыс жауап үшін бала чип алады.<br> <br>**2.Көркем әдебиет**<br>Міндеттері: Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру.<br>**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, ашық сұрақ, миға шабуыл әдісі, суретпен жұмыс.<br>«Батырдың әрекеті»<br>Мақсаты: Балаларды ертегі кейіпкерінің барлық мүмкін әрекеттерін тізіп көрсетуге үйрету.<br>Балаларды әртүрлі ертегі кейіпкерлерінің | орындалуын қадағалайды. Егер бала орындауға қиналса, оған көршілес партадағы бала көмектеседі. Мұғалім күрделі шаршыны дұрыс құрастырған бір партадағы балаларға жұлдызша беріп, мадақтайды.<br>- Ілияс пен Айсұлу жануарлардың әрқайсысын өз үйлеріне орналастырмақшы. Тәрбиешінің үстеліне жануарлардың суреттері, ал тақтаның әр бұрышына үйшіктер қойылған.<br><br>**2.Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеттері:**<br>Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Бейнежазба көрсету,түсіндіру, | геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту; көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру.<br>Ойынның құрал - жабдықтары: пішіндер бейнеленген суреттер.<br>Ойынның мазмұны: Балаларға суреттерді таратып беру. Жүргізуші бірінші суретті үстелдің ортасына қояды, қалған балалар сурет сәйкес өзінің суретін қояды, суретте бейнеленген пішінді атайды. Ойын осылай жалғаса береді.<br><br>**2.Қазақ тілі**<br>Міндеттері: Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу. | Мақсаты: Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Қай пішін жетіспейтінін тапқызу.<br>Көрнекілік: Геометриялық пішіндер. (Қораптан алу)<br>Барысы: Тақтаға геометриялық пішіндер қойылады. Балаларға көздеріңді жұмыңдар деп, бір пішінді алып қояды. Балалар қай пішін жетіспейтінін табады.<br><br>**2.Қазақ тілі**<br>Міндеттері Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру.<br>**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, ашық сұрақ, миға шабуыл әдісі, суретпен жұмыс.<br>«Сөзді аяқта және сөйлем құра» ойыны<br>Мақсаты: Балалардың сөздерді буынға бөлу және сөздерден сөйлем құрату дағдыларын дамыту.<br>Барысы: Балалар шеңберге тұрады. Ортада доппен тұрған мұғалім: «Балалар, енді менің бастаған сөзімді аяқтайсыңдар. Мен допты кез келген адамға лақтырып, сөздің басын айтамын, ал сендер допты маған қайта лақтырып, оның соңын айтуларың және сол сөзен сөйлем құрауларың керек.<br>(кі-тап,ба-ла,қа-лам,дәп- | әрекеттеріне ұқсастықтар салуға үйрету.<br>Мұғалім ертегідегі кейіпкерді ұсынады: «Қасқыр мен жеті ешкі» ертегісіндегі ешкіні.<br>Шарты: тек етістікпен сөйле. (Бір кездері ол жүрді, жазалады, ән айтты, т.б.) Келесі кезекте мұғалім басқа ертегілерде дәл осындай әрекеттерді жасайтын кейіпкерлерді еске түсіруді ұсынады.<br><br>**3.Қоршаған ортаны тану**<br>**Міндеттері:** Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту.<br>«Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, | ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс.<br>**.«Бұл қай кезде болады?»**<br>**Ойынның мақсаты:** жыл мезгілдері және табиғат құбылыстары туралы түсініктерін арттыру<br>**Ойынның құрал-жабдықтары:**жыл мезгілдерінің суреттері<br>**Ойынның мазмұны:**Тәрбиеші балаларға жыл мезгілдерінің және табиғат құбылыстарының<br><br>суреттерін таратып береді. Содан кейін әр баладан бұл құбылыстар қай кезде болатынын сұрайды.<br>Мысалы: қар жауып жатқан суретті алған бала бұл қыс мезгілінде болады деп жауап береді.<br>**3. Сауат ашу** | **Әдіс-тәсілдері:**<br>Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс<br>**«Сиқырлы суреттер»**<br>**Ойынның мақсаты:** балалардың логикалық ойлау кабілетін, ес, зейін, кабылдау процесстерін дамыту<br>**Ойынның құрал-жабдықтары:** әр түрлі сурет бөлінділері.<br>**Ойынның мазмұны:** Балалар алдарындағы үлгі бойынша бөлінділерден сурет құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну.<br><br>**3.Көркем әдебиет**<br>**Міндеттері:** Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда | мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу.<br>**Әдіс-тәсілдері:** Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық<br>**«Сөз қос»**<br>**Ойынның мақсаты:** сөзге сөз қосып,сөйлем құрастырту арқылы баланың зейінін,шапшаң ойлауын дамыту.<br>**Ойынның құрал-жабдықтары:** Шар,алма ойыншықтар.<br>**Ойынның мазмұны:** балаларды екі топқа бөлік өткізуге болады.Тәрбиеші сөз айтады,балалар сөзге сөз қосып,сөйлем құрайды.<br> |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | тер,тақ-та).Кітап-оқу құрлы.<br>Сыныпта бала саны 6-ау.<br>Қаламмен дәптерге жазамын.<br>Тақтаға апай бормен жазды.<br><br>**3.Құрастыру**<br>Міндеттері: Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу.<br>**Әдіс-тәсілдері:** | тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс.<br>«Ұшады, секіреді, жүзеді...»<br>(егде)<br>Дидактикалық тапсырма: Балалардың жәндіктердің, жануарлардың, құстардың қозғалу тәсілдері туралы білімдерін бекіту.<br>Салыстыру, ұқсастық пен айырмашылық белгілерін табу қабілеттерін дамыту.<br>Шешімділікке, төзімділікке тәрбиелеу.<br>Материал: жәндіктердің, жануарлардың, құстардың суреттері бар карточкалар.<br>Ойын ережесі: тасты алғаннан кейін жауап беру.<br>Ойын әрекеттері: | Міндеттері Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру.<br>**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, ашық сұрақ, миға шабуыл әдісі, суретпен жұмыс.<br>«Автобус»<br>Мақсаты: Балалардың фонематикалық есту қабілетін дамыту.<br>Жұмыс барысы: Балалар орындықтарға отырады, мұғалім оларға ойыншықтар береді (суреттер). Үлкен көлік келе жатыр. Балалар оған аты үйреніп жатқан дыбысты қамтитын ойыншықтарды салуы керек. Ойыншықтар дұрыс жиналмаған болса, автобус<br><br>қозғалмайды.<br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Міндеттері:** Іштің бұлшық еттеріне арналған | бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру.<br>**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, ашық сұрақ, миға шабуыл әдісі, суретпен жұмыс<br>Балалар біз жұмбақ туралы білеміз бе?<br>«Тамаша көлікті ашыңыз»<br>Мақсаты: балаларды суретші салған сурет бойынша ертегі көлігін болжауға үйрету, көліктің осы түріне ие болған ертегі кейіпкерлерін еске түсіру, ертегінің атын есте сақтау.<br>Педагог ертегі көлігінің қандай да бір түрін көрсетеді, ал балалар ертегі көлігінің түрін есте сақтап, атаулары керек, сонымен қатар ертегі мен кейіпкерлердің атын айтуы керек. Сіз | **3.Қоршаған ортаны тану**<br>Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту.<br>«Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс.<br>«Бұлттар неге ұқсайды?».<br>Мақсаты: Шығармашылық, қиялдау, елестету<br><br>қабілеттерін дамыту. Өз ойларын қысылмай айтуға тәрбиелеу. |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс.<br>«Оның қандай екенін есте сақта?»<br>Ойынның мақсаты: балаларды геометриялық пішіндерді атауға жаттықтыру.<br>Материал: геометриялық фигуралар бейнеленген карточкалар.<br>Ойынның барысы. Балаларға құрылыс<br><br>бөліктерінің суреттері бар карточкалар ұсынылады. Мұғалім бұл заттарды неліктен көрсеткенін негіздей отырып, детальді атауды және оған ұқсас заттарды есте сақтауды сұраймын және қазақ халқының тұрмыстық заттарын құрастырту. | қиыршық тасты өткізу.<br>Ойын барысы: Мұғалім мысалы жәндіктің суреті бар картаны шығарып, көбелектің жасайтын әрекеттерін атауды сұрайды. Балалар қиыршық тасты бір-біріне бере отырып: «Ұшады, дірілдейді, дірілдейді, отырады, толқындайды, ериді...» Кім іс-әрекетті атамаса, сол ойыннан шығады. Содан кейін келесі сурет көрсетіледі - шегіртке...<br><br>Ойынның нәтижесі: Ойыннан шықпаған балалар жеңіске жетеді (2 - 3 бала).<br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Міндеттері:** Іштің бұлшық еттеріне | жаттығулар: екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет); гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет).<br>«Спорт меморинасы»<br>Мақсаты мен міндеттері: балалардың дене тәрбиесі мен спортқа деген қызығушылығын дамыту; балаларды спорт түрлерін тануға және атауға үйрету; есте сақтауды дамыту.<br>Жасы: 5 жас.<br>Ережелер: 2 – 6 адам ойнайды. Спорт белгілері бар жұптастырылған карталар кездейсоқ ретпен үстелге бетін төмен қаратып орналастырылған. Ойыншылар кезекпен екі картаны аударады. Егер карталардағы белгілер бірдей болса, онда ойыншы оларды өзі үшін алып, келесі қозғалысты жасайды. Егер белгілер | ертегінің мазмұны бойынша шағын әңгіме құра аласыз, осы ертегінің басқа кейіпкерлерін еске түсіріңіз.<br><br>**4.Музыка**<br>Міндеттері: Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>«Музыкалық сағат»<br>Ойын материалы: Қатты картоннан істелінген сағат.<br>Ойын барысы: Музыкалық жетекші балаларға таныс әннің әуенін ойнайды және әуенді тыңдап болғаннан кейін балаларға қай әннің орындалғанын сағат тілімен көрсетуді | Ойын шарты: Бұлттардың неге ұқсайтынын айту, бейнелеу.<br>**4.Музыка**<br>**Міндеттері:** Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>**Әдіс-тәсілдері:** Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс.<br>«Тыңда да таны», ойыны<br>Ойынның мақсаты: Балалардың еске түсіру және есте сақтау қабілетін дамыта отырып, өздерін еркін сезіне білуін қалыптастырады. Суретте бейнеленген аспаптардың атауын, түрін, түсін айыра білуге дағдыланды.<br>Ойынның шарты: |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **4.Дене шынықтыру**<br>**Міндеттері:** Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет); гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет).<br>«Екі жарты»<br>Спорттық құрал-жабдықтарды және құрал-сайман қозғалысының негізгі түрлерін бейнелейтін суреттер екіге бөлінеді.<br>Мақсаттары мен міндеттері: балаларды спорттық құрал-жабдықтарды, қозғалыстың негізгі түрлерін танып, атауға үйрету; ойлау мен есте сақтауды дамыту; дене шынықтыру пәніне қызығушылықтарын | арналған жаттығулар: екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет); гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет).<br>«Спорттық домино»<br>Мақсаты мен міндеттері: балаларды спорт түрлерін тануға және атауға үйрету; есте сақтау, логикалық ойлау, ойлау қабілетін дамыту.<br>Жасы: 5 жас.<br>Ережелер: сүйектерде спорт рәміздері бар. 2-4 адам ойнайды. Ойын басталмас бұрын сүйектерді үстелге бетін қаратып қойып, араластырады. Әр ойыншы кез келген жеті сүйекті таңдайды.<br>Қалған сүйектер үстелде қалады - бұл «базар». Қос сурет тақтасы бар | әртүрлі болса, онда карталар аударылып, келесі ойыншы қозғалыс жасайды. Ойыншыларда барлық карталар болған кезде ойын аяқталады. Кім көп жұп жинаса, сол жеңеді. | ұсынады. «Жасыл шырша», «Биші болам өскенде», «Біз бақытты баламыз», «Домбыра сазы», «Аяз ата», «Жаңбыр» «Сылдырмақ». Әннің басын тыңдағаннан кейін бір бала шығады да тыңдалған әуенге сәйкес келетін картинаны сағаттың тілімен көрсетеді. Ойын сағаттағы суреттерді айналып келгенше жалғасады. | Балалар зал ішінде кең, еркін,белгілі бір қалып жасап, аспаптардың суреттері арқылы жұп болып тұрады. Музыка ойнаған кезде жүгіріп ортаға келіп, би қимылдарын орындап,музыка аяқталған сәтте өз орындарына, ягни жұптарын тауып, бастапқы қалыпқа тұра қалу керек. |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дамыту.<br>Жасы: 5 жас.<br>Ережелер:<br>1-нұсқа. Бала екі жартыны біріктіріп сурет салады.<br>2-нұсқа. Бала суреттер дестесінде қалаған жартысын іздейді. Суретті жинап, бала онда не бейнеленгенін атау керек.<br>3-нұсқа. Суретті жинап, бала онда не бейнеленгенін атау керек. Егер бұл қозғалыс болса, онда бала оны көрсетуі керек. Егер бұл жабдық болса, онда бала оны топтан тауып, онымен қандай жаттығуларды орындауға болатынын көрсетуі керек. | ойыншы бірінші болады. Бірнеше ойыншыда қос суреті бар тақтайша болса, онда бірінші ойыншы санау арқылы таңдалады. Әрі қарай ойыншылар бірінші сүйектің оң және сол жағына кезекпен сүйектерді қояды, екіншісінің бірдей суретін бір сүйектің суретіне қояды. Егер ойыншыда (қозғалысында) қажетті суреті бар сүйек болмаса, ол «базарда» сүйекті алады. Кімнің сүйегі қалмаған (немесе ең азы) жеңеді. | | | |
| Серуенге дайындық | Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру. Киіну: жүйелілік, серуендеуге шығу, ережелерді сақтау, балалармен жеке әңгімелер жүргізу | | | | |
| Серуендеу | **Бақылау:** Торғайды бақылау.<br>**Мақсаты:** Қыста құстардың көпшілігі жылы жаққа ұшып | **Бақылау:** Күнді бақылау.<br>**Мақсаты:** Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, | **Бақылау:** Бұлтты бақылау.<br>**Мақсаты:** Қыста аспанды сұрғылт бұлт басады, бұлттың салдарынан қар | **Бақылау:** Өсімдіктердің қысқы тіршілігін бақылау.<br>**Мақсаты:** Қыста өсімдіктердің өсуінің | **Мақсаты:** Қыс мезгілінің ерекшеліктерін айту.<br>Қар-түсі ақ, ұстасаң қолың тоңады, жылыға |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кетеді,торғай қыстап қалатын құс,оның қысқы тіршілігі туралы түсінік қалыптастыру, құстарға қамқор болуға баулу.<br>**Еңбек:** Құстарға жем шашу.<br>**Мақсаты:**Қыста құстарға аяз қорқынышты емес, аштық қорқынышты болатынын түсіндіру. Оларға қамқор болу, аяушылықпен қарауға баулу.<br>***Жеке жұмыс:*** «Торғай» тақпағын жаттату.<br>Торғай,торғай тоқылдақ<br>Жерден дәнді шоқып-ап,<br>Бөтекесі бұлтыйып,<br>Шик-шик етіп отырмақ..<br>**Мақсаты:** Балаларға тақпақ жаттата отырып, сөздік қорларын молайту, есте сақтау қабілеттерін | қажеттілігі.<br>Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру.<br>**Еңбек:** «Қыс қызығы».<br>**Мақсаты:** Балалар мен ата-аналар бірігe отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу.<br>***Жеке жұмыс:*** Ақ сандығым ашылды,<br>Ішінен жібек шашылды.(Күн)<br>**Мақсаты:** Балаларға жұмбақтарды жаттата отырып, тіл байлықтарын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Қимылды ойын:** «Айгөлек».<br>**Мақсаты:** Денені шынықтыру, шапшандыққа , ептілікке баулу. | жауады т.б. түсіндіру. Зәулімде тұрағы<br>Тіреусіз тұрады.(Бұлт).<br>**Еңбек:** Көшедегі қар жинаушы машиналардың жұмысын бақылау.<br>**Мақсаты:** Қар тазалаушы машиналардың адам үшін пайдасының зор екендігін айту.Еңбекті дәріптей білуге үйрету.<br>***Жеке жұмыс:*** Бір халық аспанда ұшқан, аяғы жоқ,<br>Ұстаған қолдарында таяғы жоқ.<br>Күніне талай жерге кетер кезіп,<br>Нәрсенің бұл секілді саяғы жоқ. (Бұлт)<br>**Мақсаты:** Балаларға бұлт туралы түсінік қалыптастыра отырып, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>**Қимылдық ойын:** «Мені қуып жет».<br>**Мақсаты:** | тоқталатынын, ағаш қабығы оларды суықтан сақтайтыны жөнінде түсінік беру.<br>**Еңбек:** Ағаштардың түбіне қар үю.<br>**Мақсаты:**Үйілген қардың пайдасын түсіндіру.Көктемде қар еріп суға айналатындығын, су өсімдіктерге қорек болатындығын айту.<br>***Жеке жұмыс:*** Т.Елеусізұлы. «Қысқы қарағай».<br>Қысқы аязға қарамай,<br>Көгеріп тұр қарағай.<br>Сол секілді төзімді<br>Болсам деймін өзімді.<br>**Мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту. Есте сақтау қабілетін дамыту.<br>**Қимылдық ойын:** «Тасымалдау ойыны». | ериді.Ойлау қабілетін дамыту.<br>**Тақпақ:**Аппақ көше, бар дала,<br>Аппақ ой мен қыраттар.<br>Ақ шатырлы қар қала,<br>Ақ жамылып тұр бақтар.<br>**Ойын:** «Қардан түрлі бейнелер жасау».<br>**Мақсаты:** Ойынға қызығушылығын арттыру.<br>**Еңбек:** Ағаштар түбіне қар үю.<br>**Мақсаты:** Еңбексүйгіштікке тәрбиелей отырып, үйілген қардың маңызы туралы түсінік беру.<br>***Жеке жұмыс:*** «Қыс қызығы»тақырыбында әңгіме құрату.<br>**Мақсаты:** Сөздік |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | арттыру. **Қимылды ойын:** «Аттамақ». **Мақсаты:** Денені шынықтыру, шапшандыққа , ептілікке баулу. | | Шапшаңдыққа үйрету. Денені ширату арқылы денсаулықты нығайту. **Вариативті сабақ:**«Орын тап»,«Ұйқыдағы аю». | **Мақсаты:** Топтасып, тату ойнауға шақыру. Ептілікке баулу. | қорын дамыту, ойын жүйелеп жеткізе білуге үйрету. |
| Балалардың дербес әрекеті | **Ойыншықтарға арналған қала»** - қиялын дамыту, әртүрлі материалдардан дизайн жасауға қызығушылықты арттыру, топпен жұмыс істеу қабілетін тәрбиелеу (дизайн ). **Рөлдік ойын:** **«Ойыншықтар қаласында».** Мақсаты: балаларды өздері салған ғимараттарды соғуға шақыру, рөлдерді бөлу, әңгімелесушіні тыңдау (сөйлеу қабілетін дамыту ) | | | | |
| Балалармен жеке жұмыс | **Үй құрылысы:** Құрылыс материалының бөлшектерін дұрыс атай білу қабілетін дамыту (Алматы, Дина, Миша, Даша, Диля) | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | ***Ата –аналарға кеңес*** - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз мектепке тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. | | | | |

Сканировано с CamScanner

## Тәрбие-білім беру үдерісінің циклограммасы

**Білім беру ұйымының атауы:** «Қызылжар ЖОББМ»
**Мектепалды «А» сыныбы**
**Балалардың жастары:**5 жастағы
**Жоспарлау күні:**19.02-23.02.2023-2024 оқу жылы

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі 19.02** | **Сейсенбі 20.02** | **Сәрсенбі 21.02** | **Бейсенбі 22.02** | **Жұма 23.02** |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу | Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар) | **Ұлттық құндылықты дәріптеу мақсатында «Белбеу соқ»** Ойыншылар екі-екіден жұптасып шеңбер жасап тұрады. Бір белбеуді алып екіншісін қууға тиіс. Қашып жүрген бала шеңбердегі жұптасып тұрған екі баланың алдына келіп тұрады. Артық қалған үшінші бала қаша жөнеледі. Ойыншы оны қуып жетіп белбеумен соғады да, өзі де бір жұптың алдына тұра қалады. Оның орнына келесі | **Эстетикалық құндылықты дәріптеу мақсатында «Дәл осындай пішінді тап»** Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: бала саны бойынша құлыптың суреттері, геометриялық пішіндер. Ойынның мазмұны: алдарындағы сиқырлы | **Эстетикалық құндылықты дәріптеу мақсатында «Қайсысы қайда тіршілік етеді»** Мақсаты: жануарларды ұқсас белгілеріне қарай табу, олардың мекен - жайын анықтау. Сөздік қорын молайту. Көрнекілік: әр түрлі жануарлар, құстар суреті ойын барысы: әр түрлі жануарлар, құстарды көрсетіп, олардың қайда өмір сүретінін сұралады. Оларды немен қоректенетінін айтқызады. Балалардың сөздік қорына жаңа сөздер енгізу үшін | **Ұлттық құндылықты дәріптеу мақсатында «Түйе-түйе»** Ойынды алаңда немесе кең залда ойнауға болады. Ойнаушылар саны шектелмейді. Олар өз арасынан бір адамды бастаушы, бір адамды ұстаушы етіп сайлайды. Осыдан кейін ойнаушылар бірінің соңынан бірі белдерінен құшақтасып, бастаушының артынан тізіліп тұрады. Бастаушы - түйе артын-дағылар боталар болады. Егер ұстаушы бастаушының артында тұрған | **Эстетикалық құндылықты дәріптеу мақсатында «Табиғат құбылыстарын ажыратып олардың қасиеттерін ата»** Мақсаты: Қасиетіне қарай: қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту, қатты, жұмсақ, ериді, буға айналады. Көрнекіліктер: қар мен жаңбыр бейнеленген суреттер. Ойын барысы: Балаларға қар мен |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойыншы шығып, ойынды жалғастыра береді. Белбеу ең соңында кімде қалса сол ойыншы жеңіліске ұшырайды да өз өнерін көрсетеді. | құлыпты ашуды ұсыну. Құлыптың кілттері де сиқырлы, геометриялық пішіндерден құралған екенін айту. Әр бала құлыпқа сай келетін кілтті алып, құлыпты ашады. | тапсырманы түрлендіруге болады. Олар туралы білетін тақпақтарын сұрайды. | ойнаушыларды біртіндеп ұстап алып қойса, онда ұстаушы жеңген болып саналады. Егер тізбек үзілсе ойын тоқтайды. Осы тәртіп бойынша, бастаушы мен ұстаушы қайта белгіленіп, ойын бұрынғыша жүргізіле береді. | жаңбырдың суреттерін көрсетіп, олардың бір - бірінен ажыратып айту тапсырылады. Білімдерін анықтау барысында табиғат құбылыстардың қасиеттерін айтып берулері керек. |
| Ертеңгілік жаттығу | **Таңғы жаттығу кешені (ақпан айы)**<br>Балалар музыка ырғағымен бірінің артынан<br>бірі шеңбер жасап адымдап жүреді.<br>Қолды жоғары көтеріп аяқтың өкшесімен жүреді,<br>қолды белге қойып аяқтың ұшымен , аяқтың ішкі жағымен, аяқтың сыртқы жағымен жүреді.<br>Жеңіл жүгіру, оң қырындап шеңбер ішіне қарап жүгіру.<br>1. Қол белде, аяқ арасы сәл алшақ.<br>1 дегенде басты алға ию<br>2 дегенде басты оңға ию<br>3 дегенде басты артқа ию<br>дегенде басты солға ию бастапқы қалыпқа келу.<br>2.Бастапқы қалып, аяқ иық бойымен, қол белде.<br>1 дегенде екі қолды алға созу,<br>2 дегенде қолды жоғары көтеру,<br>3 дегенде қолды жан - жаққа созу,<br>4 дегенде қолды төмен түсіру<br>бастапқы қалыпқа келу | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | **«Комплимент» сәлемдесу**<br>Мақсаты: өзіне деген сенімділікті арттыруға ықпал ету.<br>Балалар допты шеңберге өткізіп, бір – біріне мақтау айтады-бұл адамға<br>айтқысы келетін жағымды, жылы сөздер. (қоршаған ортамен танысу) | | | | |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалардың қалауы<br>бойынша үстел ойындары. | | | | |
| Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекет | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеттері:**<br>Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.<br>**Әдіс-тәсілдері:** Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс.<br>**«Кім? Не?» Қанша?Неше?Қандай, Қай?(зат есімдер,сан есімдер,сын есімдер)**<br>**Ойынның мақсаты:** Жанды жансыз заттарды айыра білуге үйрету.<br>**Ойынның құрал-жабдықтары:**әр-түрлі суреттер<br>**Ойынның мазмұны:** Балаларға әртүрлі ағаштар,тау,құстар,гүлдер суреттері беріледі. Балалар ол суреттерде | **1.Сауат ашу**<br>Міндеттері: Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру.<br>**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, ашық сұрақ, миға шабуыл әдісі, суретпен жұмыс.<br>«Сөзді тап»<br>Мақсаты: Балалардың сөздерді буынға бөлу дағдыларын дамыту.Барысы: Педагог балаларды 2 рет түрту арқылы сөздерді табуға шақырады. Балалар берілген буын саны бар сөздерді таңдайды. Дұрыс жауап үшін бала чип алады. | **1.Матем негіздері**<br>Міндеттері: Геометриялық фигуралар.Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өзбетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау.<br>**Әдіс-тәсілдері:** Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс.<br>«Шаршы құрастыр» дидактикалық ойыны Үлестірмелі материалдармен жұмыс. Тәрбиеші тапсырманың орындалуын қадағалайды. Егер бала орындауға қиналса, оған көршілес партадағы бала көмектеседі. Мұғалім күрделі шаршыны дұрыс | **1.Математика негіздері**<br>Міндеттері:Геометриялық фигуралар.Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өзбетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау.<br>**Әдіс-тәсілдері:** Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс.<br>Таныс пішіндер доминосы<br>Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту; көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру.<br>Ойынның құрал - | **1.Математика негіздері**<br>Міндеттері:Геометриялық фигуралар. Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өзбетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау.<br>.<br>**Әдіс-тәсілдері:** Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс.<br>**«Қандай пішін жетіспейді?»**<br>Мақсаты: Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Қай пішін жетіспейтінін тапқызу. |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | не бейнеленгенін және оның жанды не жансыз ,санын,түсін сипаттап айтып береді. Жанды болса кім?жансыз болса не? Сұрағы қойылады. Сұрақты дұрыс қойып жауап беруді үйретемін.<br><br>**2.Сауат ашу**<br>Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру.<br>**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, ашық сұрақ, миға шабуыл әдісі, суретпен жұмыс.<br>«Сөзді аяқта және сөйлем құра» ойыны<br>Мақсаты: Балалардың сөздерді буынға бөлу және сөздерден сөйлем құрату дағдыларын дамыту. | <br>**2.Көркем әдебиет**<br>Міндеттері: Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру.<br>**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, ашық сұрақ, миға шабуыл әдісі, суретпен жұмыс.<br>«Батырдың әрекеті»<br>Мақсаты: Балаларды ертегі кейіпкерінің барлық мүмкін әрекеттерін тізіп көрсетуге үйрету. Балаларды әртүрлі ертегі кейіпкерлерінің әрекеттеріне ұқсастықтар | құрастырған бір партадағы балаларға жұлдызша беріп, мадақтайды.<br>- Ілияс пен Айсұлу жануарлардың әрқайсысын өз үйлеріне орналастырмақшы. Тәрбиешінің үстеліне жануарлардың суреттері, ал тақтаның әр бұрышына үйшіктер қойылған.<br><br>**2.Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеттері:**<br>Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Бейнежазба | жабдықтары: пішіндер бейнеленген суреттер.<br>Ойынның мазмұны: Балаларға суреттерді таратып беру. Жүргізуші бірінші суретті үстелдің ортасына қояды, қалған балалар сурет сәйкес өзінің суретін қояды, суретте бейнеленген пішінді атайды. Ойын осылай жалғаса береді.<br><br>**2.Қазақ тілі**<br>Міндеттері: Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс | Көрнекілік: Геометриялық пішіндер. (Қоржыннан алу)<br><br>Барысы: Тақтаға геометриялық пішіндер қойылады. Балаларға көздерінді жұмыңдар деп, бір пішінді алып қояды. Балалар қай пішін жетіспейтінін табады.<br>**2.Қазақ тілі**<br>Міндеттері Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Барысы: Балалар шеңберге тұрады.<br>Ортада доппен тұрған мұғалім: «Балалар, енді менің бастаған сөзімді аяқтайсыңдар. Мен допты кез келген адамға лақтырып, сөздің басын айтамын, ал сендер допты маған қайта лақтырып, оның соңын айтуларың және сол сөзен сөйлем құрауларың керек. (та -би-ғат ә-ле-мі,құс-тар,жа-ну-ар -лар).<br><br>**3.құрастыру**<br>Міндеттері: Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстыру, олардың | салуға үйрету.<br>Мұғалім ертегідегі кейіпкерді ұсынады: «Қасқыр мен жеті ешкі» ертегісіндегі ешкіні.<br>Шарты: тек етістікпен сөйле. (Бір кездері ол жүрді, жазалады, ән айтты, т.б.) Келесі кезекте мұғалім басқа ертегілерде дәл осындай әрекеттерді жасайтын кейіпкерлерді еске түсіруді ұсынады.<br><br>**3.Қоршаған ортаны тану**<br>**Міндеттері:** Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту.<br>«Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын | көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс.<br>**.«Бұл қай кезде болады?»**<br>**Ойынның мақсаты:** жыл мезгілдері және табиғат құбылыстары туралы түсініктерін арттыру<br>**Ойынның құрал-жабдықтары:**жыл мезгілдерінің суреттері<br>**Ойынның мазмұны:**Тәрбиеші балаларға жыл мезгілдерінің және табиғат құбылыстарының суреттерін таратып береді. Содан кейін әр баладан бұл құбылыстар қай кезде болатынын сұрайды. Мысалы: қар жауып жатқан суретті алған бала бұл қы с мезгілінде болады<br><br>деп жауап береді.<br>**3. Сауат ашу** | **«Сиқырлы суреттер»**<br><br>**Ойынның мақсаты:** балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту<br>**Ойынның құрал-жабдықтары:** әр түрлі сурет бөлінділері.<br>**Ойынның мазмұны:** Балалар алдарындағы үлгі бойынша бөлінділерден сурет құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну.<br>**3.Көркем әдебиет**<br>**Міндеттері:** Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, | топтық<br>**«Сөз қос»**<br>**Ойынның мақсаты:** сөзге сөз қосып,сөйлем құрастырту арқылы баланың зейінін,шапшаң ойлауын дамыту.<br>**Ойынның құрал-жабдықтары:** Шар,алма ойыншықтар.<br>**Ойынның мазмұны:** балаларды екі топқа бөлік өткізуге болады.Тәрбиеші сөз айтады,балалар сөзге сөз қосып,сөйлем құрайды.<br><br>**3.Қоршаған ортаны тану**<br>Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту.<br>«Өлі табиғат» |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қандай материалдан жасалғанын зерттеу.<br>**.Әдіс-тәсілдері:** Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, жұптық жұмыс.<br>. «Айырмашылығын тап»<br>Мақсаты: Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге; өз ойын айта білуге үйрету; ақыл - ойларын дамыту; шыдамдылыққа, досының жауабын тыңдай білуге дағдыландыру.<br>Мазмұны.<br>Бұл ойында тәрбиеші сенсориканы, көлемді, кеңістік қатынасын, санын салыстыру үшін белгілі бір мақсатты көздейді. Ары қарай салыстыратын заттардың санын арттыра отырып, бірнеше нұсқаларын қатарынан істеуге болады. Ойын өткен материалды бекітуге | адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу.<br>**Әдіс-тәсілдері:** Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс.<br>«Ұшады, секіреді, жүзеді...»<br>(егде)<br>Дидактикалық тапсырма: Балалардың жәндіктердің, жануарлардың, құстардың қозғалу тәсілдері туралы білімдерін бекіту. Салыстыру, ұқсастық пен айырмашылық белгілерін табу қабілеттерін дамыту. Шешімділікке, төзімділікке тәрбиелеу.<br>Материал: жәндіктердің, жануарлардың, құстардың суреттері бар карточкалар.<br>Ойын ережесі: тасты алғаннан кейін жауап беру.<br>Ойын әрекеттері: қиыршық тасты өткізу.<br>Ойын барысы: Мұғалім | Міндеттері Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру.<br>**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, ашық сұрақ, миға шабуыл әдісі, суретпен жұмыс.<br>«Поезд»<br>Мақсаты: Балалардың фонематикалық есту қабілетін дамыту.<br>Жұмыс барысы: Балалар орындықтарға отырады, мұғалім оларға ойыншықтар береді (суреттер). Үлкен көлік келе жатыр. Балалар оған аты үйреніп жатқан дыбысты қамтитын ойыншықтарды салуы керек. Ойыншықтар дұрыс жиналмаған болса, поезд қозғалмайды.<br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Міндеттері:** Іштің бұлшық еттеріне арналған | сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру.<br>**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, ашық сұрақ, миға шабуыл әдісі, суретпен жұмыс<br>Балалар біз жұмбақ туралы білеміз бе?<br>«Тамаша көлікті ашыңыз»<br>Мақсаты: балаларды суретші салған сурет бойынша ертегі көлігін болжауға үйрету, көліктің осы түріне ие болған ертегі кейіпкерлерін еске түсіру, ертегінің атын есте сақтау.<br>Педагог ертегі көлігінің қандай да бір түрін көрсетеді, ал балалар ертегі көлігінің түрін есте сақтап, атаулары керек, сонымен қатар ертегі мен кейіпкерлердің атын айтуы керек. Сіз ертегінің мазмұны бойынша шағын әңгіме құра аласыз, осы | ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу.<br>**Әдіс-тәсілдері:** Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс.<br>«Таулар неге ұқсайды?».<br>Мақсаты: Шығармашылық, қиялдау, елестету қабілеттерін дамыту. Өз ойларын қысылмай айтуға тәрбиелеу.<br>Ойын шарты: Бұлттардың неге ұқсайтынын айту, бейнелеу.<br><br>**4.Музыка**<br>**Міндеттері:** Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | арналған. Тәрбиеші балалардың сөйлемді дұрыс байланыстырып сөйлеуін қадағалайды.<br>Балалар екі сайқымазақты салыстырады.<br>Салыстыруда мына сөздер пайдаланылады: кең – тар, қалың – жұқа, ұзын – қысқа.<br>Киіз үй құрастыру.<br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Міндеттері:** Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет); гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, | мысалы жәндіктің суреті бар картаны шығарып, көбелектің жасайтын әрекеттерін атауды сұрайды. Балалар қиыршық тасты бір-біріне бере отырып: «Ұшады, дірілдейді, дірілдейді, отырады, толқындайды, ериді...»<br>Кім іс-әрекетті атамаса, сол ойыннан шығады.<br>Содан кейін келесі сурет көрсетіледі - шегіртке...<br>Ойынның нәтижесі:<br>Ойыннан шықпаған балалар жеңіске жетеді (2<br><br>- 3 бала).<br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Міндеттері:** Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, | жаттығулар: екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет); гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет).<br>Тақырыбы: «Хан талапай»<br>Ойынның мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, шапшаңдыққа баулу.<br>Ойынға қызығушылығын арттыру.<br>Ойынның шарты:<br>Ойынға 5-10 балаға дейін қатыса береді. Асық көп болу керек. Көп асықтың ішінен үлкенірек біреуін алып қызыл түске бояңдар.<br>Осы асық «хан» болады.<br>Алдымен санамақ арқылы ойын бастаушыны тағайындап алыңдар. Осы бала асықтың бәрін уысына жиып алып, отырған балалардың алдына шашып жібереді.<br>Сендер «ханның» қалай түскенін байқап | ертегінің басқа кейіпкерлерін еске түсіріңіз.<br><br>**4.Музыка**<br>Міндеттері: Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>«Музыкалық сағат»<br>Ойын материалы: Қатты картоннан істелінген сағат.<br>Ойын<br>барысы: Музыкалық жетекші балаларға таныс әннің әуенін ойнайды және әуенді тыңдап болғаннан кейін балаларға қай әннің орындалғанын сағат тілімен көрсетуді ұсынады. «Жасыл шырша», «Биші болам өскенде», «Біз бақытты баламыз», «Домбыра | шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>**Әдіс-тәсілдері:** Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс.<br><br>«Тыңда да таны», ойыны<br>Ойынның мақсаты: Балалардың еске түсіру және есте сақтау қабілетін дамыта отырып, өздерін еркін сезіне білуін қалыптастырады.<br>Суретте бейнеленген аспаптардың атауын, түрін, түсін айыра білуге дағдыланды.<br>Ойынның шарты:<br>Балалар зал ішінде кең, еркін,белгілі бір қалып жасап, аспаптардың суреттері арқылы жұп болып тұрады. Музыка ойнаған кезде жүгіріп ортаға келіп, би қимылдарын орындап,музыка |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | аяқтарын көтеру (5-6 рет). «Жолаушылар» Мақсаты: Балалардың көңілднрін көтеріп саяхатқа шығару. Саяхатқа баратын көлік түрлерімен таныстыру. Жолға шыққанда балаларға жол жүру ережесін түсіндіру. «Шаштараз» Мақсаты: Балаларды шаштараз ойынымен таныстыра отырып, шаштарын үнемі тарап әдемілеп жүруге үйрету. Шаш өрудің әр түрлі үлгісін көрсету. Әсемдікке, әдемілікке баулу. | денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет); гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет). «Күн мен жаңбыр» Бір бала күн, екінші бала жаңбыр болады. Күн болып тұрған бала «күн»деп орнынан тұрғанда балалар жүгіреді, ойнайды. «Жаңбыр» деп екінші бала орнынан тұрғанда барлық бала бастарын жасырып тығылады. Мақсаты: Балаларға табиғат құбылыстарын сезіне білуге үйрету. | отырыңдар. Егер «хан» бүк, шік, тәйкі түссе, ойын бастаушы бала «ханның» түсуіне қарай жақын жатқан асықтарды бас бармақтың көмегі арқылы сұқ саусағымен итере-ыршытып біріне-бірін дәлдей отырып тигізеді. Тигізген асықтарды өзіне алады. Керекті құралдар: Асықтар | сазы», «Аяз ата», «Жаңбыр» «Сылдырмақ». Әннің басын тыңдағаннан кейін бір бала шығады да тыңдалған әуенге сәйкес келетін картинаны сағаттың тілімен көрсетеді. Ойын сағаттағы суреттерді айналып келгенше жалғасады. | аяқталған сәтте өз орындарына, яғни жұптарын тауып, бастапқы қалыпқа тұра қалу керек. |
| Серуенге дайындық | Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру. Киіну: жүйелілік, серуендеуге шығу, ережелерді сақтау, балалармен жеке әңгімелер жүргізу | | | | |
| Серуендеу | **Бақылау:** Торғайды бақылау. **Мақсаты**: Қыста құстардың көпшілігі жылы жаққа ұшып кетеді,торғай қыстап қалатын құс,оның қысқы тіршілігі туралы түсінік | **Бақылау:** Күнді бақылау. **Мақсаты:** Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру. | **Бақылау:** Бұлтты бақылау. **Мақсаты**: Қыста аспанды сұрғылт бұлт басады, бұлттың салдарынан қар жауады т.б. түсіндіру. Зәулімде тұрағы Тіреусіз тұрады.(Бұлт). | **Бақылау:** Өсімдіктердің қысқы тіршілігін бақылау. **Мақсаты:** Қыста өсімдіктердің өсуінің тоқталатынын, ағаш қабығы оларды суықтан сақтайтыны жөнінде | **Мақсаты:** Қыс мезгілінің ерекшеліктерін айту. Қар-түсі ақ, ұстасаң қолың тоңады, жылыға ериді.Ойлау қабілетін дамыту. **Тақпақ:** Аппақ көше, |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалыптастыру, құстарға қамқор болуға баулу.<br>**Еңбек:** Құстарға жем шашу.<br>**Мақсаты:**Қыста құстарға аяз қорқынышты емес, аштық қорқынышты болатынын түсіндіру. Оларға қамқор болу, аяушылықпен қарауға баулу.<br>**Жеке жұмыс:** «Торғай» тақпағын жаттату.<br>Торғай,торғай тоқылдақ<br>Жерден дәнді шоқып-ап,<br>Бөтекесі бұлтыйып,<br>Шиқ-шиқ етіп отырмақ..<br>**Мақсаты:** Балаларға тақпақ жаттата отырып, сөздік қорларын молайту, есте сақтау қабілеттерін арттыру.<br>**Қимылды ойын:** «Аттамақ».<br>**Мақсаты:** Денені | **Еңбек:** «Қыс қызығы».<br>**Мақсаты:** Балалар мен ата-аналар бірігe отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс:** Ақ сандығым ашылды,<br>Ішінен жібек шашылды.(Күн)<br>**Мақсаты:** Балаларға жұмбақтарды жаттата отырып, тіл байлықтарын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Қимылды ойын:** «Айгөлек».<br>**Мақсаты:** Денені шынықтыру, шапшандыққа , ептілікке баулу. | **Еңбек:** Көшедегі қар жинаушы машиналардың жұмысын бақылау.<br>**Мақсаты:** Қар тазалаушы машиналардың адам үшін пайдасының зор екендігін айту.Еңбекті дәріптей білуге үйрету.<br>**Жеке жұмыс:** Бір халық аспанда ұшқан, аяғы жоқ,<br>Ұстаған қолдарында таяғы жоқ.<br>Күніне талай жерге кетер кезіп,<br>Нәрсенің бұл секілді саяғы жоқ. (Бұлт)<br>**Мақсаты**: Балаларға бұлт туралы түсінік қалыптастыра отырып, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>**Қимылдық ойын:** «Мені қуып жет».<br>**Мақсаты:** Шапшаңдыққа үйрету. Денені ширату арқылы денсаулықты | түсінік беру.<br>**Еңбек:** Ағаштардың түбіне қар үю.<br>**Мақсаты:**Үйілген қардың пайдасын түсіндіру.Көктемде қар еріп суға айналатындығын, су өсімдіктерге қорек болатындығын айту.<br>**Жеке жұмыс:** Т.Елеусізұлы. «Қысқы қарағай».<br>Қысқы аязға қарамай,<br>Көгеріп тұр қарағай.<br>Сол секілді төзімді<br>Болсам деймін өзімді.<br>**Мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту. Есте сақтау қабілетін дамыту.<br>**Қимылдық ойын:** «Тасымалдау ойыны».<br>**Мақсаты:** Топтасып, тату ойнауға шақыру. Ептілікке | бар дала,<br>Аппақ ой мен қыраттар.<br>Ақ шатырлы қар қала,<br>Ақ жамылып тұр бақтар.<br>**Ойын:** «Қардан түрлі бейнелер жасау».<br>**Мақсаты:** Ойынға қызығушылығын арттыру.<br>**Еңбек:** Ағаштар түбіне қар үю.<br>**Мақсаты:** Еңбексүйгіштікке тәрбиелей отырып, үйілген қардың маңызы туралы түсінік беру.<br>**Жеке жұмыс:** «Қыс қызығы»тақырыбында әңгіме құрату.<br>**Мақсаты:** Сөздік қорын дамыту, ойын жүйелеп жеткізе білуге үйрету. |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шынықтыру, шапшандыққа , ептілікке баулу. | | нығайту. **Вариативтік сабақ:**«Боран»,«Түлкі мен балапандар» | баулу. | |
| Балалардың дербес әрекеті | **Дидактикалық ойын: «Қандай дыбыс жетіспейді?». Мақсаты:** сөздегі дыбыстың интонациялық таңдалуын үйрету. Сөздегі бірінші дыбысты анықтау қабілеттерін дамыту. Педагог бірнеше сөйлемді (5-7) айтады, олардың әрқайсысында сөздің бірінші дыбысы түсіп қалады, ал балалар қай дыбыс жоқ екенін анықтайды (сауаттылық негіздері) | | | | |
| Балалармен жеке жұмыс | **Қоршаған ортамен танысу :** Гүлді өсімдіктер туралы білімдерін бекіту (Аслан, Мира, Айлана)<br>**Гүлдер**<br>**(Тақпақ жаттату)**<br>Гүлдер, гүлдер көктесін,<br>Көбелектер көп келсін<br>Ақ қанатты көбелек<br>Ауламыздан кетпесін | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | ***Ата –аналарға кеңес***<br>- баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз мектепке тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. | | | | |

Сканировано с CamScanner

Бекітемін. 26.02-01.03.24 ж

**Тәрбие-білім беру үдерісінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымының атауы:**«Қызылжар ЖОББМ»
**Мектепалды** «А» сыныбы
**Балалардың жастары:**5 жастағы
**Жоспарлау күні:**26.02-01.03.2023-2024 оқу жылы

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі 26.02** | **Сейсенбі 27.02** | **Сәрсенбі 28.02** | **Бейсенбі 29.02** | **Жұма 01.03** |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Мұғалімнің балалармен қарым-қатынасы: отбасы дәстүрлері туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату | | | | |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес, әңгімелесу | Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | | | | |
| Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар) | **Әуе таяқ**<br>Балалар екі топқа бөлінеді.Әр топта 5-тен 10 –ға дейін ойыншы. Болады.Екі топқа екі таяқша (жұмсак)беріледі,жерге түзу сызык сызылады.Ойыншының біреуі ортаға шығады да бір алақанына зат жасырып,екінші қолының жұдырығын бірдей жұмады. Екінші ойыншы зат жасырылған қолды тапса,ойынды бастаушы сол болады.Сөйтіп | **Эстетикалық құндылықты дәріптеу мақсатында**<br>«Әдемі кілемшелер»<br>Мақсаты: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: қағаздан жасалған кілемшелер, геометриялық пішіндер.<br>Ойынның мазмұны: Балалар геометриялық пішіндерді берілген кілемшелердің үстіне қойып, құрақ құрайды. | **Эстетикалық құндылықты дәріптеу мақсатында**<br>«Танып ал да, атын ата»<br>Ойынның мақсаты: заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: әр түрлі ойыншықтар немесе суреттер.<br>Ойынның мазмұны: Балаларға әртүрлі ойыншықтарды көрсету. Ортаға бір-бір баладан шақырып, бір ойыншықты алып, оның түр-түсін, пішінін, қасиетін | **Ұлттық құндылықты дәріптеу мақсатында «Түйе-түйе»**<br>Ойынды алаңда немесе кең залда ойнауға болады. Ойнаушылар саны шектелмейді. Олар өз арасынан бір адамды бастаушы, бір адамды ұстаушы етіп сайлайды. Осыдан кейін ойнаушылар бірінің соңынан бірі белдерінен құшақтасып, бастаушының артынан тізіліп тұрады. Бастаушы - түйе артын-дағылар боталар болады. Егер ұстаушы бастаушының артында тұрған | **Эстетикалық құндылықты дәріптеу мақсатында Қара құлақ**<br>Ойынға 5-10 бала қатысады.Олар оңаша жерге топталып өз араларынан бір баланы қазық етіп белгілейді.Қазық тұрған жерінде қозғалмай тұрады.Басқалары әрі кетеді.Содан кейін ойынға қатысушылапр қазықты алыстан қоршап бірте-бірте жақындай түседі Таяп келіп мынау кім? –деп бір-бірінен |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | колындағы таяғын жоғары лақтырады.Осы кезде қасындағы таяғын лақтырады да,қасындағы баланың таяғын қағып түсіруі шарт.Таяқты қағып түсірген бала өз тобына ұпай әкеледі. | | анықтауды және сол ойыншық жайлы әңгіме құрауды немесе тақпақ айтып беруді ұсынады. | ойнаушыларды біртіндеп ұстап алып қойса, онда ұстаушы жеңген болып саналады. Егер тізбек үзілсе ойын тоқтайды.<br>Осы тәртіп бойынша, бастаушы мен ұстаушы қайта белгіленіп, ойын бұрынғыша жүргізіле береді. | құрасады.Біреуі ойбай бұл қарақұлақ қой!-деп қаша жөнеледі.Қалғандары да –қарақұлақ,қара құлақ!-деп бытырай қашады.Қарақұлақ біреуін ұстау үшін тұра қуады.Ұсталған бала қарақұлақ болып,ойын әрі қарай жалғасады. |
| Ертеңгілік жаттығу | **Таңғы жаттығу кешені (ақпан айы)**<br>Балалар музыка ырғағымен бірінің артынан<br>бірі шеңбер жасап адымдап жүреді.<br>Қолды жоғары көтеріп аяқтың өкшесімен жүреді,<br>қолды белге қойып аяқтың ұшымен , аяқтың ішкі жағымен, аяқтың сыртқы жағымен жүреді.<br>Жеңіл жүгіру, оң қырындап шеңбер ішіне қарап жүгіру.<br>1. Қол белде, аяқ арасы сәл алшақ.<br>1 дегенде басты алға ию<br>2 дегенде басты оңға ию<br>3 дегенде басты артқа ию<br>дегенде басты солға ию бастапқы қалыпқа келу.<br>2.Бастапқы қалып, аяқ иық бойымен, қол белде.<br>1 дегенде екі қолды алға созу,<br>2 дегенде қолды жоғары көтеру,<br>3 дегенде қолды жан - жаққа созу,<br>4 дегенде қолды төмен түсіру<br>бастапқы қалыпқа келу | | | | |
| Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық | **«Ғажайып қапшық»**<br>Мақсаты: Әр мамандыққа қажетті құралдарды атап айыра білу, неден жасалғанын тану.<br>**Қоршаған ортамен танысу** | | | | |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекет | **1.Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеттері:** Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту.<br>**Әдіс-тәсілдері:** Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс<br><br>***Жеміс бағы .***<br>Мақсаты: Жемістер туралы білімдерін жетілдіру алма,алмұрт-олар жеміс деп түсіндіру.Қызыл ,сары,сопақ,үлкен ,кішкене пішінге байланысты сөздерді дұрыс айтқызу. Шырыны ,дәмі, қабығы дұрыс айтып үйрену.Ойлау қабілеттерін дамыту.Жемістер туралы түсінік беру.Сөздік қорын молайту.<br>Ойын: «Біздің жемістеріміз.» | **1.Сауат ашу**<br>Міндеттері: Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру.<br>**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, ашық сұрақ, миға шабуыл әдісі, суретпен жұмыс.<br>**Дамытушы ойын «Кәмпиттер»**<br>Мақсаты:Бұл ойын шулата отырып бірдей дыбысты табу және де ойлау қабілеттері дамиды,зейіні ,есте сақтауы, сонымен қатар есту арқылы ,тындай отырып дыбыстардың ерекшеліктерін сезеді.Бала қаншалықты естісе,соншалықты тез түсінеді. Тілдері дамып,жаңа ойыннан жақсы әсер алады. | **1.Матем негіздері**<br>Міндеттері: Геометриялық фигуралар.Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өзбетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс.<br>**«Түрлі-түсті шарлар мен қыстырғыштар»**<br>**Мақсаты:** қолдың жұқа бұлшықеттерін дамытуды жалғастыру, түс туралы білімдерін бекіту, зейін мен қиялды дамыту.<br>**Ойынның барысы:** ойын 2-3 адаммен ойналады. «Әже» келіп, котяттардың барлық шарларды шешіп алғанына шағымданады, балаларды әрқайсысына | **1.Математика негіздері**<br>Міндеттері:Геометриялық фигуралар.Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өзбетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау.<br>**Әдіс-тәсілдері:** Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс.<br>**«Үлкен, орташа, кіші»**<br>**Мақсаты:** геометриялық пішіндерді көлеміне қарай ажырата білу, сөйлеу тілін, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту, негізгі түстерді ажырата білу.<br>**Ойынның барысы:** ойын 2 баламен | **1.Математика негіздері**<br>Міндеттері:Геометриялық фигуралар. Танымдық-зерттеушілік қызығушылықты, ойлауды, алдына қойылған міндетті шешуде не істеу, қалай істеу керек екенін түсінуге, күрделі формадағы заттарды өзбетінше зерттеуге мүмкіндік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс.<br>**«Түрлі-түсті тамшылар»**<br>**Мақсаты:** балалардың түс бойынша сенсорлық қабілеттерін, пипеткаларды бағыттау бойынша және түсіне қарай жасушаларға түсіру, есте сақтау және ойлау қабілетін |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «Нені жинады?»<br>«Кімде не бар?»<br>«Жарыс»<br>*Әткеншек» әдіс*<br>*і* Әр топқа суреттер арқылы тапсырма беріледі, берілген суреттерге қарап топ ішінде сөйлем құрап,талдап, әр топтан бір спикер шығып «Әткеншек» әдісі бойынша басқа топтарға түсіндіреді.Педагог<br><br>балаларға түсіндіреді.<br>1 — топ: Жауап алу мақсатымен айтылған сөйлемді сұраулы сөйлем дейміз. Сұраулы сөйлемнің соңына сұрау белгісі (?) қойылады.<br>2 — топ: Бірдеңе жайында хабарлау мақсатында айтылған сөйлемді хабарлы | <br><br>Ойын:Дәл сондай кәмпит тап.Ойынды екі бала ойнайды.Бір бала кәмпитті алып сілкейді ,тағы бір кәмпитті сілкіп көреді.Егер дыбыстар бірдей кәмпитті тапса ойыншы екі кәмпитті алып ,ойынды жалғастырады.Кәмпиттер біткенге дейін ойын ойнала береді.<br><br>**2.Көркем әдебиет**<br>Міндеттері: Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру. | допты орап алуға шақырады, содан кейін себеттің тұтқасына киім қыстырғыштарын іліп қоюға шақырады. Балаларды өнімді іс-әрекетке үнемі қатыстырыңыз.<br><br>**2.Сөйлеуді дамыту**<br>**Міндеттері:**<br>Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді дамыту.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс.<br>**Дамытушы ойын «Шаршылар»** | ойналады. Мұғалім түрлі түсті геометриялық фигуралар (шеңбер, шаршы, үшбұрыш) жиынтығын көрсетіп, алдымен үлкен, кішірек, содан кейін кішкентай фигураны көрсетуді ұсынады. Сіз ойынды қиындата аласыз: «Маған кішкентай қызыл үшбұрышты көрсетіңіз»; «Сары түсті үлкен шеңбер»; «Кішкене сары<br><br>шаршы» және т.б. мұғалімнің қиялының қалауы бойынша.<br><br>**2.Қазақ тілі**<br>Міндеттері: Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін | дамытуды жалғастыру.<br>**Ойынның барысы:**<br>ойын 2 баламен ойналады. Мұғалім түрлі-түсті гуашь салынған банкаларды көрсетеді. Алдымен 2 түс, жылдың соңына қарай 4 негізгі түс. Барлығына сызбаны және түстері бойынша ұяшықтары бар палитраны береді. Әрекеттерді көрсетеді. Содан кейін ол балаларды ауызша нұсқау бойынша банканы теріп, түстерді араластырмай ұяшықтарға түсіруге шақырады. Әрбір әрекет әр баламен талқыланады.<br><br>**2.Қазақ тілі** |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 3 — топ: Лепті сөйлем адамның көңіл күйін, сезімін білдіреді. Олар көтеріңкі дауыспен айтылады. Лепті сөйлемнен соң леп белгісі (!) қойылады.<br>**2.Сауат ашу**<br>Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді<br><br>сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру.<br>**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, ашықсұрақ, миға шабуыл әдісі, суретпен жұмыс.<br>«Қатені тап» ойыны<br>Мақсаты: Балаларды сөздерге дыбыстық талдау жүргізуге үйретуді жалғастыру, бір дыбыстан басталатын сөздерді топтастыруға үйрету. | Кім кімнің артында? »<br>Ойынның мақсаты: Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту, көсемшелермен таныстыру: үшін, бұрын, бұрын, кейін, арасында; кеңістікте бағдарлай білу, көрнекі ойлауды дамыту. Бастауыш математикалық ұғымдарды дамыту: бірінші, содан кейін, бірінші, екінші, соңғы. Материал: бір ертегідегі кейіпкерлердің мүсіндері («Шалқан», «Теремок», «Колобок», «Қоян мен Түлкі (Заюшкина саятшылығы)» және т.б.); шеңберлер белгілер болып табылады. | сөздік қорлары дамып,ойлау қабілеттері жетіледі, сонымен қатар назар аудара отырып ,саусақ моторикасы дамиды.Бұл ойын маңызды роль атқарады.Тілдері дамиды.<br>Ойын: «Өз жұбыңды тап.»<br>Бала қолымен ұстап сипап сезу арқылы жұбын табу керек.<br>**3. Сауат ашу**<br>Міндеттері Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру.<br>**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, ашықсұрақ, миға шабуыл әдісі, суретпен жұмыс.<br>**Ғажайып қорапша.**<br>Мақсаты: Балалар қолдарына кніп қорапшада не зат екенің айтады .Ойлау қабілеттері дамиды.Балалардың сөйлеу тілін жетілдіру,сөздігін байыту,жалпы ой-өрісін дамыту,байқағыштыққа тәрбиелеу. | баулу.<br>**Әдіс-тәсілдері:** Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс<br>«Кім тапқыр?»<br>***Мақсаты:*** берілген тыбыстың орныны таба білуге машықтандыру. Ойын барысында балалары зейінді болуға дағдыландыру. Түстерді тез айыруш, жылдамдыққа, тапқырлыққа баулу. Достық қарым қатынасты тәрбиелеу.<br>***Көрнекілігі:*** берілген дыбысқа арналып салынған түрлі-түсті суреттер, ойыншықтар, жалаулар.<br>***Ойын шарты:*** тәрбиеші берілген дыбыстың сөздің басында, ортасында, соңында келетіндігін айтады. Балалар зейін қойып тыңдап, егер өтілген дыбыс сөздің басында болса, көк жалаушаны, | жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу.<br>**Әдіс-тәсілдері:** Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық<br>««Кім зейінді?»<br>***Мақсаты:***дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге үйрету. Балалардың, байқағыштық қасиеттерін дамыту.<br>***Көрнекілігі:***әр түрлі суреттер, текшелер<br>***Ойын шарты:***тәрбиеші балаларға әр-түрлі суреттер, ойыншықтар көрсетеді. Егер сол суреттің басындағы дыбыс дауысты болса, балалар қызыл текшені, дауыссыз болса, көктекшені көтереді.<br>Тәрбиеші балалардың |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Барысы: Педагог 3 нысан бейнеленген картаны қарауды ұсынады. Балалар әр сөздегі бірінші дыбысты анықтайды. 3 заттың ішінен басқа дыбыстан басталып (сопақ, үкі, қол) қосымшасы  табылады.<br>**3.Мүсіндеу**<br>Міндеттері: Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құру дағдыларын жетілдіру.<br>**.Әдіс-тәсілдері:**<br>Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, жұптық жұмыс.<br>«Жоқ жануар»<br>Мақсаты: қиялды дамыту, ұсақ моториканы дамыту. | Ойынның сипаттамасы:<br>1. Таныс ертегінің кейіпкерлерін белгілі бір ретпен орналастырып, түсіндір: кім кімге келді,  кім қайда тұр, әртүрлі көсемшелерді қолдана отырып.(Жетекші сұрақтар қойылады). түсіруді ұсынады.<br>**3.Қоршаған ортаны тану**<br>**Міндеттері:** Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Бейнежазба | Мақсаты:Киімдердің атын атай отырып білімдерін кенейту, рет-ретімен қоюға үйрету.Бұл ойын арқылы балалардың тілдері дамиды,сөздік қорлары жетіледі.Киім аттарына байланысты сөздерді дұрыс айтуға үйрету .Үйренген сөздерді бекіту.Сұрақ-жауап ретінде сөйлеу дағдыларын жетілдіру.Ойын кезінде дұрыс қолдана білуге үйрету.<br>Ойын: «Қуыршақ серуенге барады.»<br>«Не істеу керек?»<br>«Күн ыстық немесе суық»<br>«Не киеді» | соңында болса, қызыл түсті жалаушаны жоғары көтереді.<br>*Мысалы:* Самат, сағыз, тіс, сиыр,қасық, сабын, тас.<br>~~Басқа әріптерге де осылайша жалғастыра беруге болады.~~<br>**3.Көркем әдебиет**<br>**Міндеттері:** Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру.<br>**Әдіс-тәсілдер:** түсіндіру, ашықсұрақ, миға шабуыл әдісі, суретпен жұмыс<br>Балалар біз жұмбақ туралы білеміз бе?<br>«Ертегіні силуэт бойынша табыңыз».<br>Ойынның мақсаты: Сөйлеуді, бейнелі ойлауды, зейінді, бейнелі есте сақтауды дамыту.<br>Материал: бір ертегідегі | іс-әрекетін мұқият бақылап, қателеспеген, ойынға белсене қатысқан балаларға жалауша, жұлдызша, не асықтар үлестіріп отырады.<br>Сабақтың соңында берілген заттар саналып, жеңімпаз белгіленеді.<br>**3.Қоршаған ортаны тану**<br>Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс.<br>«Алдымен не? Сонда ше?<br>Дидактикалық тапсырма: Балалардың табиғаттағы маусымдық өзгерістердің реттілігі |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тапсырмалар:<br>Мүсіндеу әдісін таңдау қабілетін жетілдіру (құрылымдық, пластикалық, аралас).<br>Кейіпкерлердің қимыл-қозғалысын пластикалық түрде жеткізу қабілетін дамыту.<br>Стекпен жұмыс істеу қабілетін шыңдау.<br>Модельдеуге қызығушылықтарын арттыру.<br>Белгісіз, фантастикалық жануарлар мекендейтін алыс планеталарды елестетуді ұсыныңыз. Сондай-ақ осы жануарларды көруге болатын хайуанаттар бағы пайда болды деп елестетіңіз. Осы хайуанаттар бағы үшін ерекше жануар ойлап тауып, мүсіндеуді ұсыныңыз. | көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс.<br>«Ізде, сонда табасың» (егде)<br>Дидактикалық тапсырма: Жыл мезгілдеріне тән белгілерді ажыратуға жаттығу. Зейінін, есте сақтауын, сөйлеуін дамыту.<br>Ойын ережесі: Бірінен соң бірі жауап беру.<br>Ойын әрекеті: картаның сипаттамасы, оны жылдың белгілі бір мезгіліне байланыстыру.<br>Сөздік жұмыс: қарлы, желді, жаңбырлы, бұлтты, шуақты, күз, жаз, қыс, көктем.<br>Ойын барысы: Педагог балалардың алдына карточкаларды жайып салады, сосын жыл мезгілін атайды. Балалар жылдың осы уақытының белгісін анықтауға болатын картаны табады. | «Киім дүкені»<br><br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Міндеттері:** Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру.<br>**Сақина жасыру**<br>Ойынды өткізуші және сақина жасырушы бала белгіленеді.Қалған ойыншылар жерге отырып тізілерінің үстіне алақандарын жаяды.Бастаушы жұлулы қолын әрбір ойыншың алақанына салысымен,ол бала алақанын жаба қояды.Бастаушы бір | кейіпкерлердің мүсіндері («Шалқан», «Теремок», «Колобок», «Қоян мен түлкі (Заюшкина саятшылығы)» және т.б.).<br>Ойынның сипаттамасы: Педагог балаларға фигураларды жан-жағынан қарауды ұсынады. Әрі қарай силуэт дегеннің не екенін түсіндіреді және балаларға фигураның сұлбасын саусақпен, содан кейін қарындашпен сызуды сұрайды.Мұғалім фигураларды артқы жағына орналастырып, ертегі кейіпкерлері мен заттарды табуды сұрайды.<br><br>**4.Музыка**<br>Міндеттері: Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен | туралы білімдерін нақтылау. Зейінін, жылдам ойлауын дамыту.<br>Сөздік жұмыс: қазу, суару, күту, жинау, тазалау.<br>Ойын шарты: Көшбасшының бұйрығымен бастау.<br>Ойын әрекеттері: суреттерді ретімен немесе мұғалімнің нұсқауы бойынша орналастырыңыз.<br>Ойын барысы: Педагог балалармен бірге суреттерге қарайды. Оларды белгілі бір ретпен, жыл мезгілдеріне сәйкес қоюды ұсынады. Ол екі баланы шақырып, белгі бойынша суреттерді орналастырады. Қалғандары тапсырманың дұрыс орындалуын қамтамасыз етеді.<br>Ойынның нәтижесі: Тапсырманы дұрыс, тез орындаған жеңіске жетеді.<br>**4.Музыка**<br>**Міндеттері:** |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | <br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Міндеттері:** Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру.<br>«Төртінші доңғалақ»<br>Мақсаты мен міндеттері: дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты дамыту; балалардың спорт, дене шынықтыру, гигиена және денсаулық туралы білімдерін бекіту; логикасын, ойлауын, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>Ережелер: Ойыншы | Жылдың осы уақытын<br><br>анықтаңыз. Балалар дұрыс жауап үшін фишкалар алады.<br>Ойынның нәтижесі: Кім көп фишка жинаса, сол жеңеді.<br>«Оны сипаттаңыз, мен болжаймын!»<br>**4.Дене шынықтыру**<br>**Міндеттері:** Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру.<br>**Алақан соқпақ**<br>Ойынға қатысушы балалар үйге немесе оңаша жерге жиналады да дөңгелене | баланың алақанына сақина салысымен, ойыншылардың біреуінен- «Сақина кімде»-деп сұрайды.Ол сақинаның кімде екенін білсе сол баламен орнын ауыстырады.Ал білмесе ол өз өнерін көрсетеді.Ойын басқарушы ойынды осылай жалғастыра береді. | орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>«Музыкалық сағат»<br>Ойын материалы: Қатты картоннан істелінген сағат.<br>Ойын барысы: Музыкалық жетекші балаларға таныс әннің әуенін ойнайды және әуенді тыңдап болғаннан кейін балаларға қай әннің орындалғанын сағат тілімен көрсетуді ұсынады. «Жасыл шырша», «Биші болам өскенде», «Біз бақытты баламыз», «Домбыра сазы», «Аяз ата», «Жаңбыр» «Сылдырмақ». Әннің басын тыңдағаннан кейін бір бала шығады да тыңдалған әуенге сәйкес келетін картинаны сағаттың тілімен көрсетеді. Ойын сағаттағы суреттерді айналып келгенше жалғасады. | Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>**Әдіс-тәсілдері:** Бейнежазба көрсету,түсіндіру, ойлау,сұрақ-жауап, топтық жұмыс.<br>«Тыңда да таны», ойыны<br>Ойынның мақсаты: Балалардың еске түсіру және есте сақтау қабілетін дамыта отырып, өздерін еркін сезіне білуін қалыптастырады. Суретте бейнеленген аспаптардың атауын, түрін, түсін айыра білуге дағдыланды.<br>Ойынның шарты: Балалар зал ішінде кең, еркін,белгілі бір қалып жасап, аспаптардың суреттері арқылы жұп болып тұрады. Музыка ойнаған кезде жүгіріп ортаға келіп, би қимылдарын |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | төрт суреті бар бір картаны алады. Ойыншы картада не көрсетілгенін атайды, содан кейін оның неге артық екенін түсіндіре отырып, қосымша суретті жабады. | отырады.Орталарынан бастаушы белгілейді.Оған сүлгі (орамал)беріледі.Бастаушы шеңбер ішін айнала жүріп біреуге –Алақанды тос!-дейді.Ол тосқан кезде бастаушы оның алақанына сүлгіні тигізіп-Сүлгі қайда?-деп сұрайды.Сонда ойыншы «анада» -деп бір баланың атын атайды.АКты аталған ойыншы орнынан тұрып алақанын тосады.Бастаушы-сүлгі қайда?-деп атын айтады.Ойын осы ретпен жалғаса береді.Жақсы өлең айтып ән салғандар ұпай жинайды. | | | орындап,музыка аяқталған сәтте өз орындарына, яғни жұптарын тауып, бастапқы қалыпқа тұра қалу керек. |
| **Серуенге дайындық** | **Серуендеуге деген қызығушылықты ынталандыру. Киіну: жүйелілік, серуендеуге шығу, ережелерді сақтау, балалармен жеке әңгімелер жүргізу** | | | | |
| Серуендеу | **Бақылау:** Торғайды бақылау. **Мақсаты:** Қыста құстардың көпшілігі жылы жаққа ұшып кетеді,торғай қыстап қалатын құс,оның қысқы тіршілігі туралы түсінік қалыптастыру, құстарға | **Бақылау:** Күнді бақылау. **Мақсаты:** Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру. **Еңбек:** «Қыс | **Бақылау:** Бұлтты бақылау. **Мақсаты:** Қыста аспанды сұрғылт бұлт басады, бұлттың салдарынан қар жауады т.б. түсіндіру. Зәулімде тұрағы Тіреусіз тұрады.(Бұлт). | **Бақылау:** Өсімдіктердің қысқы тіршілігін бақылау. **Мақсаты:** Қыста өсімдіктердің өсуінің тоқталатынын, ағаш қабығы оларды суықтан сақтайтыны жөнінде түсінік беру. | **Мақсаты:** Қыс мезгілінің ерекшеліктерін айту. Қар-түсі ақ, ұстасаң қолың тоңады, жылығаериді.Ойлау қабілетін дамыту. **Тақпақ:**Аппақ көше, бар дала. |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қамқор болуға баулу.<br>**Еңбек:** Құстарға жем шашу.<br>**Мақсаты:**Қыста құстарға аяз қорқынышты емес, аштық қорқынышты болатынын түсіндіру. Оларға қамқор болу, аяушылықпен қарауға баулу.<br>**Жеке жұмыс:** «Торғай» тақпағын жаттату.<br>Торғай,торғай тоқылдақ<br>Жерден дәнді шоқып-ап,<br>Бөтекесі бұлтийып,<br>Шиқ-шиқ етіп отырмақ..<br>**Мақсаты:** Балаларға тақпақ жаттата отырып, сөздік қорларын молайту, есте сақтау қабілеттерін арттыру.<br>**Қимылды ойын:** «Аттамақ».<br>**Мақсаты:** Денені шынықтыру, шапшандыққа , | қызығы».<br>**Мақсаты:** Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Жеке жұмыс:** Ақ сандығым ашылды,<br>Ішінен жібек шашылды.(Күн)<br>**Мақсаты:** Балаларға жұмбақтарды жаттата отырып, тіл байлықтарын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Қимылды ойын:** «Айгөлек».<br>**Мақсаты:** Денені шынықтыру, шапшандыққа , ептілікке баулу. | **Еңбек:** Көшедегі қар жинаушы машиналардың жұмысын бақылау.<br>**Мақсаты:** Қар тазалаушы машиналардың адам үшін пайдасының зор екендігін айту.Еңбекті дәріптей білуге үйрету.<br>**Жеке жұмыс:** Бір халық аспанда ұшқан, аяғы жоқ,<br>Ұстаған қолдарында таяғы жоқ.<br>Күніне талай жерге кетер кезіп,<br>Нәрсенің бұл секілді саяғы жоқ. (Бұлт)<br>**Мақсаты:** Балаларға бұлт туралы түсінік қалыптастыра отырып, есте сақтау қабілетін дамыту.<br>**Қимылдық ойын:** «Мені қуып жет».<br>**Мақсаты:** Шапшаңдыққа үйрету. Денені шырату арқылы денсаулықты нығайту. | **Еңбек:** Ағаштардың түбіне қар үю.<br>**Мақсаты:**Үйілген қардың пайдасын түсіндіру.Көктемде қар еріп суға айналатындығын, су өсімдіктерге қорек болатындығын айту.<br>**Жеке жұмыс:** Т.Елеусізұлы. «Қысқы қарағай».<br>Қысқы аязға қарамай,<br>Көгеріп тұр қарағай.<br>Сол секілді төзімді<br>Болсам деймін өзімді.<br>**Мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту. Есте сақтау қабілетін дамыту.<br>**Қимылдық ойын:** «Тасымалдау ойыны».<br>**Мақсаты:** Топтасып, тату ойнауға шақыру. Ептілікке баулу. | Аппақ ой мен қыраттар.<br>Ақ шатырлы қар қала,<br>Ақ жамылып тұр бақтар.<br>**Ойын:** «Қардан түрлі бейнелер жасау».<br>**Мақсаты:** Ойынға қызығушылығын арттыру.<br>**Еңбек:** Ағаштар түбіне қар үю.<br>**Мақсаты:** Еңбексүйгіштікке тәрбиелей отырып, үйілген қардың маңызы туралы түсінік беру.<br>**Жеке жұмыс:** «Қыс қызығы»тақырыбында әңгіме құрату.<br>**Мақсаты:** Сөздік қорын дамыту, ойын жүйелеп жеткізе білуге үйрету. |

Сканировано с CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ептілікке баулу. | | **Вариативтік сабақ:«Арқан түю»,«Белбеу соқ»** | | |
| Балалардың дербес әрекеті | **Дидактикалық ойын: «Қандай дыбыс жетіспейді?». Мақсаты:** сөздегі дыбыстың интонациялық таңдалуынүйрету. Сөздегі бірінші дыбысты анықтау қабілеттерін дамыту. Педагог бірнеше сөйлемді(5-7) айтады, олардың әрқайсысында сөздің бірінші дыбысы түсіп қалады, ал балалар қайдыбыс жоқ екенін анықтайды (сауаттылық негіздері) | | | | |
| Балалармен жеке жұмыс | **Үй құрылысы:** Құрылыс материалыныңбөлшектерін дұрыс атайбілу қабілетін дамыту (Алматы, Дина, Миша, Даша, Диля) | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | ***Ата –аналарға кеңес*** - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Есіңізде болсын Сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз Сіздің балаңыз мектепке тез бейімделеді. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. | | | | |

Сканировано с CamScanner